

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ атындағы КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР және  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

**М. Жылқыбаева**

**ҚАЗАҚ СӨЙЛЕНІСТЕРІНДЕГІ ЕТІСТІК ЖҮЙЕСІ**  
(Оқу құралы)

Ақтау, 2011ж

ӘОЖ 811.512.122'36(075)  
КБЖ 81.2Қаз – 2 я 7  
Қ 17

Пікір жазғандар:

Маңғыстау «Болашақ» институтының  
профессоры, ф.ғ.д. Ж. Дүйсенбаева

Маңғыстау «Болашақ» институтының  
доценті, ф.ғ.к. Б.Қ. Ақбердиева

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
доценті, ф.ғ.к. Б.Ә.Көшімова

Қ 17 Қазақ сөйленістеріндегі етістік жүйесі: Оқу құралы/ Құрастырған:  
М.С.Жылқыбаева - Ақтау, 2011 - 105 бет.

ISBN 978-601-7276-79-9

М.С.Жылқыбаеваның бұл оқу құралында қазақ диалектологиясының бір саласы қазақ сөйленістердегі етістік жүйесі жан-жақты қарастырылған. Материалды меңгерту мақсатында тест тапсырмалары, бақылау сұрақтары берілген.

Еңбек жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттерге арналған.

Оқу құралы оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

ӘОЖ 811.512.122'36(075)  
КБЖ 81.2Қаз – 2 я 7

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN 978-601-7276-79-9

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ , 2011

## КІРІСПЕ

Бүгінде қазақ тіл білімінің дербес саласына айналған қазақ диалектологиясы жалпыхалықтық тілдің сан алуан ерекшеліктерін зерттеуде үлкен жетістіктерге қол жеткізді деуге болады. Тұтастығын толық сақтап отырған жалпыхалықтық ана тіліміздің өз бойынан табылып, Атыраудан Алтайға дейінгі аралықты алып жатқан қазақ жерінің әр өңірінен жиналған жергілікті тіл ерекшеліктері түрлі қырынан зерттеліп келеді. Бұл зерттеулер нәтижесі тіл білімпаздарының еңбектерінде лексикалық, грамматикалық, фонетикалық топтарға бөлініп қарастырылатыны белгілі. Осы үш топтың сандық ара қатынасы тұрғысынан алып қарағанда фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерден гөрі лексикалық ерекшеліктердің әлдеқайда басым екендігі алғашқы диалектологиялық зерттеулерде-ақ айтыла бастады. Сол себепті болса керек, күні бүгінгі дейін тілші ғалымдарымыз көбіне-көп лексикалық ерекшеліктерге назар аударып келеді. Ауызекі сөйлеу тілінің дыбыс жүйесі мәселесіне көңіл бөлінген еңбектер де баршылық. Ал грамматикалық ерекшеліктер, соның ішінде етістік формалары, жеке сөйленістерге арналған монографияларда қосымша сөз болғаны болмаса, өз алдында дербес зерттеу нысаны болған емес.

Әдетте, диалектологиялық зерттеулерде тіл ерекшеліктері сипаттама диалектология тұрғысынан қаралады да, тарихи диалектологияға аса көп мән берілмейді. Шын мәнінде, тарихи диалектологиялық зерттеулердің тіл тарихы мен диалектология үшін ғана емес, қазақ тіл білімі үшін де маңызы зор. Себебі көне тілдік реликтілерді көбірек сақтап қалған диалектілер халық тілінің ру, тайпа тілдерінен қазіргі ұлт тіліне дейінгі даму эволюциясын айқындауға мүмкіндік береді. Ал тілдің өткен тарихын білмейінше, қазіргі күйін білу мүмкін емес. Демек, тарихи диалектологияның осы тектес тың мәселелерін зерттеу қазақ тіл білімі үшін маңызды екендігі анық.

Қазіргі кезеңде тіл білімінің жаңа бағыттары өмірге келіп жатыр. Соған байланысты көптеген зерттеулер осы бағыттарға қарай бет бұрғандығы белгілі. Әрине, қазақ диалектологиясы саласына қатысты зерттеу еңбектері де баршылық. Алайда бұл зерттеулер, жоғарыда айтқанымыздай, көбіне сипаттаумен ғана шектеліп жатады. Әсіресе, тілдің диалектілік қабатына қатысты мәселелерді жаңаша бағытта қарастыруға арналған еңбектер жетіспейді. Осы тұрғыдан келгенде, диалектілік етістік тұлғаларының жинақталып, олардың функционалды-семантикалық құрылымының анықталуы өзекті мәселе болып табылады.

Қазақ диалектологиясы тарихындағы тағы бір басы ашық мәселе-диалектілердің әдеби тілге қатысы, оларды бір-бірінен ажыратудағы негізгі критерийлер. Диалектілерді жергілікті ерекшелік ретінде тану үшін, әдетте, мынандай екі түрлі принцип басшылыққа алынып жүр. Біріншіден, олардың таралу шегінің болуы, яғни белгілі бір аймақта тұратын тұрғындардың тілінде ғана айтылатын ерекшеліктері болуы шарт. Екіншіден, әдеби нормадан тыс қолданыс ретінде танылуы керек. Бұл –тіліміздегі диалектілердің ең басты белгілері. Дегенмен, олар жергілікті диалектілердің толық сипаттамасын бере

алмайды. Аталған белгілері бойынша тіл мамандары ғана болмаса, кез келген адам жергілікті ерекшеліктерді әдеби тіл нормаларынан, сондай-ақ, жалпыхалықтық тіліміздегі өзіне ұқсас лексикалық қабаттардан (жаргон, кәсіби сөздер т.б) айыруда тығырыққа тіреледі. Оның үстіне сөйленістердегі грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктер аймақтық сөздіктерде берілмейді. Сондықтан жоғары оқу орындарының филология мамандықтарында оқитын студенттер, тіпті оқытушылардың өзі оларды ажыратуда қандай нақты теориялық дәйектемелерге сүйенерін білмейді.

Осындай кедергілер жергілікті диалектілердің жоғарыда аталған белгілерін толықтыра түсуді қажет етеді.

Белгілі бір аймаққа тән ерекшелік жергілікті халықтың қызмет ерекшелігіне, әлеуметтік деңгейіне немесе жас мөлшеріне қарамастан олардың барлығына ортақ құбылыс болуы шарт. Жеке бір адамның немесе бір отбасы мүшелерінің тіліндегі ерекшеліктер диалект болып саналмайды.

Сондай-ақ, мұндай құбылыстар тілдердің өмір сүріп тұрған кезеңі тұрғысынан қаралуы керек. Олай дейтін себебіміз, кейбір диалектологиялық еңбектерде ауызекі сөйлеу тілінде бұрын қолданылғанымен, қазіргі қазақ сөйленістерінде кездеспейтін өзгешіліктер диалектілік ерекшелік ретінде қарастырылатын жағдайлар бар. Мұндай құбылыстар диалектілік лексикадағы архаизмдер болып танылғаны дұрыс.

Қоғамдағы түрлі өзгерістер халықтың әлеуметтік жағдайына, тұрмысына ғана емес, оның тіліне де өз ықпалын тигізіп отыратындықтан, тілдегі құбылыстарды динамикалық тұрғыда қараған жөн. Бұл диалектология саласында тың зерттеулердің дүниеге келуін талап етеді.

Олай болса, тіліміздегі диалектілердің бір тобын құрайтын етістік жүйесін зерттеудің маңыздылығы, зерттеу жұмысының өзектілігі дау туғызбасы анық.

Ұсынылып отырған оқу құралында қазақ сөйленістеріндегі етістіктің грамматикалық жүйесі толық қарастырылды.

Ондағы мақсат қазақ сөйленістеріндегі етістіктің құрылымдық белгілерін, функционалды-семантикалық өрісін анықтау болып табылады.

# I ТАРАУ

## ЕТІСТІКТІҢ ЖАЛАҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

### § 1. Етістіктің -жақ қосымшалы тұлғасы

Қазақ сөйленістерінде әдеби тілде айтылмайтын етістіктің бірқатар грамматикалық тұлғалары бар. Мұндай етістік тұлғалары сөйленістерде, әлбетте, белгілі бір қосымшалардың жәрдемімен жасалады. Солардың бірі – етістіктің -жақ қосымшалы тұлғасы.

Сөйленістердегі -жақ қосымшасы (жұрнағы) буын ықпалына, үндестік заңдарына бағынбастан, көсемшенің өнімсіз -а, -е жұрнағымен айтылатын етістіктерге жалғанады.

Диалектологиялық материалдарға қарағанда бұл тұлға батыс сөйленістерінің бәріне ортақ. Атап айтқанда, -жақ қосымшасының изоглосы еліміздің батыс облыстарын (Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорданың батыс аудандарын), сондай-ақ, Түрікменстан, Қарақалпақстан және Еділ бойы қазақтарының тілін қамтиды.

Аталған сөйленістерде -жақ тұлғалы етістік келер шақ мағынасында жұмсалады. Мысалы: *Саған енді қанша бережақпын? Сен ертең баражақсың ба?* Бұл тұлғаның тіліміздегі келер шақтың өзге формаларынан ерекшелігі – хабарланып отырған істің болашақта қалайда орындалатындығында, яғни іс, оқиға міндетті түрде болуға тиісті шындық түрінде ұғынылады. Мысалы: *Біз ертең сонда барып қонажақпыз.* Бұл сөйлемдегі сөйлеушінің ұғымындағы «барып қону» әрекеті қалайда жүзеге асатын орындалуға тиісті әрекет. Жоғарыдағы сөйлем әдеби тілде «*Біз ертең сонда барып қонбақпыз*» болып айтылар еді. Яғни сөйленістердегі -жақ қосымшасы мақсатты келер шақтың (-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -нек) орнына жұмсалып тұр.

Бұл тұлғаның жергілікті тұрғындар тілінде шақтық мағына білдіруі тіліміздегі шақтың басқа түрлері сияқты жіктік жалғауы жалғануы арқылы көрінеді. Демек -жақ тұлғасы барлық шақта да жекеше; көпше түрде қолданыла береді:

жекеше	көпше
Іж. баражақпын	баражақпыз
ІІж. баражақсың	баражақсыңдар
баражақсыз	баражақсыздар
ІІІж. баражақ	баражақ

Келер шақтық мағына көбіне контексте, сөйлем ішіндегі алдағы уақытты білдіретін мезгіл мәндес сөздер арқылы да ажыратылады. Мысалы: *Мен ертең Нөкіске жүрежақпын. Енді қашан кележақсың? Келесі демалыста елге қайтажақпыз* (экс.)

Қазақ тіліндегі келер шақ етістіктің ІІІ жағы сияқты -жақ тұлғасының да ІІІ жақта жекеше, көпше түрде жұмсалуы істің, қимылдың субъектісі болатын сөздердің тұлғасынан белгілі болады. Мысалы: *Айдар бүгін қалаға баражақ* (жекеше). Олар *бүгін бізді жұмысқа апаражақ* (көпше).

-жақ жұрнақты тұлғаның қазақ сөйленістерінде қолданылуы етістіктің келер шақтық өзге тұлғаларымен салыстырғанда сирек. Бұл тұлғаның жоғарыда аталған сөйленістерде қолданылу жиілігі де әртүрлі деңгейде.

Жергілікті тіл ерекшеліктері де қоғаммен бірге өзгеріп, бірде кем дәрежеде, бірде жоғары дәрежеде көрініп отыратын тілдегі тұрақсыз құбылыстар қатарына жатады. Тіпті диалектілердің бірте-бірте жойылып кету мүмкіндігін көптеген зерттеушілер жоққа шығармайды. Мәселен, А.Б.Шапиrow «пройдет еще несколько десятилетий и уже нельзя будет говорить не только о противопоставлении, но даже и о существенных различиях между речью диалектной и литературной» деген болатын [1,96]. А.Б.Шапиrowның тілдегі диалектизмдер туралы бұл пікірін қазақ сөйленістеріне де қатысты айтылған пікір деп қабылдаған жөн. Мәселен, көрші тілдердің әсерінен болған кейбір диалектизмдердің бір кездері әдеби тілдің ықпалымен немесе басқа да тілдік, қоғамдық факторлар әсерімен жойылып барып, кейін сол халықтарымен қоян-қолтық араласу нәтижесінде қайта жаңғырып, актив қолданысқа енуі мүмкін. Біз сөз етіп отырған тұлға осындай құбылыстар қатарына жатады. Олай дейтін себебіміз, -жақ тұлғасы жоғарыда аталған сөйленістердің ішінде Маңғыстау, Атырау сөйленістерінде ертеректе актив қолданылған да бірте-бірте қолданыстан шыға бастаған, себебі бұл құбылыс жастардың тіліне қарағанда қарттардың тілінде, сондай-ақ, осы өңірлерден шыққан ақын-жазушылар шығармаларында жиірек кездеседі. Мысалы:

Адайлар әлде бүгін шатты ғажап,  
Әлде бір өліспекке ант қылажақ;  
Он-он бес ошарылған әр төбеде  
Сардары, садағы бар атты қазақ.

(Х.Ерғалиев. «Құрманғазы», 50).

А.Бөрібаев 30-40 жылдары осы батыс өңірлерінде шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінен мынандай бірнеше мысалдар келтіреді: Совет басшылары көрмеде көрсетілген малдың ауданға келтіруін қамтамасыз *етежақ* (етпек). *Кележақ* (келмек немесе келетін) балықшыларға ыдыс дайындау жұмысы колхоз председателіне тапсырылды [2,18 б]. Аталған сөйленістерде (Маңғыстау, Атырау) жергілікті жастар бұл форманы мүлдем қолданбайды десе де болады. Алайда еліміз егемендік алған соңғы жылдарда Түрікменстан мен Қарақалпақстандағы қандастарымыздың жоғарыда аталған аймақтарға қоныс аударуына байланысты -жақ тұлғасы басқа да тілдік ерекшеліктерімен бірге қайтадан қолданысқа ене бастады. Себебі Түрікменстан мен Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде бұл тұлға жиі айтылады. Мысалы: *Аяқкиіміңмен мына жерге шығып отыражақсың ба (отырмақсың ба)! Дүз қойдан дүз он қозы алажақңыз (алмақңыз) (экз.)*.

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, -жақ жұрнағы қазақ тілінің сөйленістерінде осы бір ғана вариантта айтылады. Ал басқа түркі тілдерінде оның бірнеше дыбыстық варианты бар. Мәселен, Р.А.Рустамов әзірбайжан тілі мен оның диалектілерінде төмендегідей он шақты түрін атап көрсетеді: -ачаг//-әчәг// -ажах// -ыжах// -әжәх// -ежах// -ижах// -ужах// -ажах// -ұжах (алыжахсан, верәжәхсән, гуражахсын т.б.). Түрікмен тілінде -

жақ вариантымен қатар жіңішке *-жсек* варианты, татар тілінде *-ачаг*, *-әчәг* болып жуан, жіңішке вариантта айтылады [3,62].

Етістіктің бұл тұлғасы ара-тұра «Айқап» журналында да ұшырайды. Мысалы: *Дума таратылса да сентябрь басына шейін депутаттарға жалование һаман беріліп тұражақ* [4,89].

Қазақ тілінің басқа сөйленістерінде *-жақ* жұрнағының *-шақ*, *-шек* фонетикалық вариантының кездесетіндігі диалектологтар еңбектерінде айтылып жүр. Мәселен, Қостанай облысы тұрғындары тілінде *көрешекпін*, *көрешексің*, *көрешек*, *айташақ емес* болып, келер шақтық мағынада болымды, болымсыз түрде қолданылады. Ж.Досқараев аталмыш тұлғаның Обаған, Торғай аудандарында да *-шақ*, *-шек* түрінде келіп осы мағынаны білдіретінін айтады [5,98].

Бұл жұрнақта қазіргі қазақ тіліндегі *болашақ*, *келешек* секілді есім сөздердің құрамында кездестіреміз. Етістіктен *-шақ*, *-шек* жұрнағы арқылы жасалған есімдер тілімізде санаулы-ақ (*еріншек*, *ұрыншақ*, *мақтаншақ*, *сұраншақ*, *сүріншек*, *келіншек* т.б.), бұл сөздердің із-өкшесі жоғарыда сөз болып отырған формада жатқандығын көреміз. Олай дейтініміз, біріншіден, бұлардың да алғашқы түбірі – етістік сөздер. Екіншіден, қазіргі тіліміздегі осы жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздердің мағынасына тереңірек үңілсек, олардың арасында мағыналық байланыс бар екенін көреміз. Мәселен, *болашақ*, *келешек* дегендерде *алда болатын*, *келешекте болатын* деген келер шақтық мағына ізі жатқандығы айқын. Біздің ойымызша, бұл екі қосымшаның алғашқы мағынасының өзі келер шақты білдіру болса керек. Алғашында мақсатты келер шақ есімшенің (*алажақ*, *келешек*) жұрнағы болған бұл қосымшалар тіл дамуының белгілі бір кезеңдерінде атрибутивтік (*алажақ ақша*, *келешек өмір*) қызметке ауысқан да, кейін бұл мағыналар көмескіленіп, есім сөз (*алажағым*, *келешегім*) жасау қабілеті күшейген. Сөйтіп, *бол*, *кел* деген санаулы етістіктерден ғана емес, басқа да етістіктерден туынды есімдер жасай бастаған. Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазіргі қазақ тілінде *-шақ* жұрнағы өздік етіс тұлғасындағы етістіктерге ғана жалғанып тұр. Демек, диалектілік тұлға болсын, әдеби тұлға болсын етістік түбіріне тіке жалғанбай, бірде көсемше, бірде етіс тұлғаларынан кейін қосылып айтылады. Бірақ әдеби тілдегі тұлға етістіктен есім сөздер жасауға ғана қатысады, ал диалектілік тұлға көсемшенің *-а*, *-е* жұрнағынан кейін келіп, келер шақтық мағынада жұмсалады.

Әдеби тілдегі есімше жұрнақтарының да көпқызметті, көпмағыналы екендігі дау туғызбаса керек. Олар сөйлемді тиянақтайтын баяндауыш қызметінде жұмсалудымен қатар, субстантивтеніп келіп, бастауыш, іс-әрекет субъектісінің, не объектісінің алдында келіп, анықтауыш қызметінде де жұмсалатындығы қазақ тілі грамматикаларында айтылған.

Субстантивтену құбылысы диалектілік *-жақ* тұлғасына да тән. Сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасына, жұмсалуды мақсатына қарай кейде заттық мағынаға да ие болады. Мысалы: Менің одан *алажағым* бар еді. Көп болсын *бережақтан алажағың* (экс.). Заттанып келіп, зат есімге тән

формаларды қабылдай алады, яғни септеледі, тәуелденеді, көптеледі, жіктеледі (*алажақтан, алажағым, алажақтар, алажақпын*).

-жақ жұрнақты тұлға жақсыз түрде есім сөздердің анықтауышы қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Болажақ* іс болмай қоймас. Ол *алажақ* ақшасын түгел алып болды. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, ол өзінің анықтайтын сөзінің алдында тұрып, онымен қабыса байланысады. Бұл жерде -жақ тұлғасы -ар, -ер немесе -атын, -етін келер шақ есімшенің орнында жұмсалып тұр. Жоғарыдағы сөйлемдер әдеби тілде «*Болар іс болмай қоймас, ол алар ақшасын түгел алып болды* немесе *болатын іс болмай қоймас, ол алатын ақшасын түгел алып болды*» түрінде айтылған болар еді.

Сөз болып отырған тұлға жақ көрсеткішінсіз айтылған кезде анықтауыш, ал жақты тұлғада шақтық мағына көрсеткіші ретінде жұмсалуы жөнінен, жоғарыда сөз еткеніміздей, есімшемен қызметтес. Есімше қызметінде қолданылуы бұл форманың басқа түркі тілдеріндегі -жақ формасымен сипаттас екендігін аңғартады, өйткені төмендегі түркі тілдерінің қай-қайсысында да -жақ формасы есімшенің негізгі түрінің қатарында танылады.

татар тілінде : *алашақ (алмақ)*

қарақалпақ тілінде : *кетеджакъ (кетпек)* [6,432]

түркі тілінде : *отурасак (отыратын)* [7,147];

гагауз тілінде : *гележек (келешек)* [8,239];

құмық тілінде : *алажакъ (алмақ)* [9,138];

ноғай тілінде : *барайақ (бармақ)* [10,101];

түрікмен тілінде : *дуржак (тұрмақ)* [11,123];

өзбек тілінде : *келечақ (келемақ)* [12,461].

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, басқа түркі тілдерінде жуан, жіңішке вариантта айтылады. Жоғарыда аталған тілдердің бір қатарында бұл тұлға жақ бойынша жіктеледі.

өзбек тілінде:

йазачакман	йазачакмиз
йазачаксан	йазачаксыз
йазачак	йазачак

көне түркі тілінде:

йазаджағым	йазаджағыз
йазаджақсын	йазаджақсыңыз
йазаджақ	йазаджақлар

құмық тілінде:

барачакман	барачакбыз
барачаксан	барачаксыз
барачак	барачаклар

татар тілінде:

алашақмын	алашақбыз
алашақсың	алашақсыз
алашақ	алашақлар

[106,177]

Ал түрікмен тілінде жіктік жалғауларын қабылдамай, үш жақта да нөлдік формада жұмсалады. Амалды орындаушы жақ сөйлемдегі онымен предикаттық қатынастағы бастауыш тұлғасы арқылы ажыратылады.

Тіліміздегі басқа есімше формаларынан (*бармас, бармаған, бармайтын*) бұл тұлғаның ерекшелігі –болымсыз түрінің синтетикалық жолмен емес, аналитикалық жолмен жасалуы (*алажақ емес, баражак емес*). Сондықтан да ол есім сөздердің анықтаушы қызметінде тек болымды түрде болмаса, болымсыз түрде қолданылмайды. Бұл тұлғаның болымсыз түрі жіктік тұлғалы емес



көмекші етістігінің тіркесуі нәтижесінде пайда болады да, ол тек ашық райдың келер шағы мәнінде айтылып, баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Мен ертең ешқайда *баражақ емеспін* (экс.).

Болымсыз түрінің аналитикалық жолмен жасалуы жөнінен *-жақ* тұлғасы тіліміздегі есімшелерден ғана емес, кей түркі тілдерінде өзі типтес формалардан да ерекшеленеді. Мысалы: *түрікмен, қарақалпақ, татар* тілдерінде бұл тұлғаның болымсыз түрі аналитикалық тәсілімен қатар синтетикалық жолмен (*бармажақ, бармайджакь, бармайачак*) де жасалады. Аталған тұлғаның түрікмен тіліндегі тағы бір өзіндік ерекшелігі –жіктік жалғауын қабылдамауы. Жақтық мағынаны сөйлемде қолданылған бастауыш арқылы анықтауға болады. Мысалы: Айнам, мен сени бир салым еке *галдыражак* [8,237]. Яғни, *-жақ* тұлғалы баяндауыш нөлдік формада тұрып-ақ I жақта жұмсала алады.

Жоғарыда аталған тұлғаны тудырушы қосымшалардың басқы дыбысының *ж* болып айтылуының Орынбор қазақтарының тіліне тән екенін алғаш профессор П.М.Мелиоранский байқаған болатын. Бұл форма В.В.Катаринскийдің 1898 жылы Орынборда басылған «Қырғыз тілі грамматикасында» сөз болады. Ол туралы П.М.Мелиоранский «язык киргизов Оренбургской губернии несколько иной, чем язык их сородичей в степях западной Сибири, – вот почему рассматриваемую грамматику попали две-три интересные формы, не отмеченные ни у Ильминского, ни у меня таковы «изомерованные» формы *кележсек, бережсек*», -дей келе,бұл тұлға қазақ тіліне татардың жазба тілінен келуі ықтимал деген пікір айтады [13,173]. Алайда аталған тұлғаның республикамыздың батыс аймағын мекендеген халықпен ұзақ уақыт қарым-қатынаста болып, күні бүгінге дейін қоян-қолтық араласып отырған түрікмен, қарақалпақ және ноғай диалектілерінде кездесетінін ескерсек, тек татар тілінің ықпалы деп қарауға болмайды. Оның үстіне Б.А.Серебренников те бұл форманы татар тіліндегі ноғайлық із болу мүмкін деген пікірді ұсынады [14,93]. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, аталмыш тұлға, әсіресе, оғыз тобындағы тілдерге тән. Солай бола тұра Ф.Ю.Юсуповтың айтуынша, *-жақ* тұлғасы башқұрт, қарақалпақ сияқты кейбір қыпшақ тілдерінде де ұшырайды [14,94]. Жоғарыда келтірілген мысалдар да осыған дәлел бола алады. Татар әдеби тілі мен оның диалектілерінде кең тарамаған, бірақ сирек те болса кездесіп отырады.

Сондай-ақ, *-жақ* тұлғасы XV (XIV ғ. аяғы болуы да мүмкін) ғасырдағы «Әл-Каванин әл-куллия лизабат әл лұғат ат-туркия» атты көне қыпшақ ескерткішінде жуан, жіңішке вариантында кездеседі:

Бу олтуражақ иір дүр (бұл отыратын жер)

Бу кележек иір дүр (бұл келетін жер) (15,56 б.).

Қазақ тілінің қыпшақ тобына жататынын ескерсек, қазақ сөйленістерінде аталмыш тұлғаның ежелгі түркі тілдерінен сақталып қалғандығын байқауға болады.

*-жақ* қосымшалы тұлғаның шығу тарихы жөнінде В.Банг, Ж.Дени сияқты зерттеушілердің осы қосымша туралы пікірлерін талдай келіп, А.Н.Кононов былай деп жазды: «История попыток разьяснения состава аффикса будущего

времени (-й) *ажак*, характерного главным образом для азербайджанского, турецкого и туркменского языков (в последнем этот аффикс имеет форму - *жак*, -*жеск*), не сложна, не имеет большой давности и число лиц, предложивших свои предположения, весьма невелико». Одан әрі ол -*жақ* қосымшасын түрік тіліндегі *чак* (шақ – время) деген сөзден шыққан деп тұжырымдайды [16,273-275].

Ал Ғ.Ғ.Мұсабаев кіші жүз қазақтары тілінде көне түркілік -*жақ* аффиксінің сақталғандығы туралы айта келе, «форма -*жақ* является либо окостеневшей формой, либо пока еще полностью не успела превратиться в аффикс. В данном случае корневое слово «жақ» (сторона) пока еще не освоено и не будет осваиваться в будущем поскольку для литературного языка нормой является -*шақ*, -*шек* при строгом соблюдении закона сингармонизма» деп, -*жақ* тұлғасының аффикске толық айнала қоймағанын және оның аймақтық ерекшелік болып қалатындығын айтады [17,25-26]. Сөйтіп, оның түп-төркінін *жақ* сөзінен іздейді.

Сөйленістегі аталған тұлға жақтың көрсеткіші емес, етістіктің шағын білдіріп тұр. Осы тұрғыдан келгенде А.Н.Кононовтың пікірі шындыққа жақын келеді.

Оның диалектілік форма қатарында қаралуы жергілікті халық тіліндегі қызмет ерекшеліктерімен байланысты. Әдеби тілдегі тұлғамен негізгі этимологиялық жағы бір болғанымен, грамматикалық қызметі жағынан екеуі екі басқа категорияға енеді. Әдеби тілдегі тұлға сөз тудырушы қызметке ие болса, сөйленістегі тұлға сөз тудырушы қызметпен (алажақ, бережек) қатар сөз түрлендіруші қызмет те атқарады.

Сөйленістердегі -*жақ* тұлғасы негізгі етістікке де, көмекші етістікке де жалғана береді. Мысалы: *Қалаға барып* қызмет қылажақ. *Әрбір адам маңдайына жазғанын* көрежақ.

Сонымен, -*жақ* қосымшалы тұлға қазақ тілінің батыс сөйленістеріне тән. Бұл жұрнақ жалғанған етістік негізінен келер шақ мағынасында жұмсалады. Әдеби нормадағы келер шақ есімше тұлғаларының (мақсат, болжалды, ауыспалы) орнына қолданылуына сөйленістерде төмендегідей мағыналық реңктерге ие болады:

1. Негізгі білдіретін мағынасы – болашақта міндетті түрде болатын, орындалатын іс-әрекет. Мысалы: *білем деп әуреленбей-ақ қойсын, мен бәрібір оны айтажақ емеспін. Мұғалымның қолына түсті ме болды, оның сазайын бережақ.*

2. Субъектінің еркіне бағынбайтын, заңды болуға тиісті сипаттағы жалпы осы шақ мағынасында айтылатын амал-әрекет. *Көктем өзінікін қылажақ, бұл қар май басына дейін тұрмайд, еріп кетежақ.*

3. Кейбір жағдайда -*жақ* тұлғасы іс-әрекеттің орындалатынына күмән келтіре, болжал ретінде өзінің негізгі мағынасына қарама-қарсы жұмсалады. Мұндай мағына контексте әдетте сұрау немесе белгісіздік есімдіктері арқылы көрінеді: *Салима масаймасын, әлі қандай келін кележағын кім білсін.*

Бұл форманың қазақ сөйленістерінде қолданысы көрші түркі тілдерінің (түрікмен, қарақалпақ) ықпалымен түсіндіріледі. Себебі еліміздің батыс

облыстары тұрғындарының тіліне қарағанда, сөз болып отырған тұлға Түрікменстан мен Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде жиірек қолданылады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Етістіктің *-жақ* қосымшасы қай сөйленіске тән?
2. Басқа түркі тілдерінде осы тұлғаға ұқсас формалар бар ма?
3. *-жақ* қосымшасы қазақ сөйленістерінде қалай пайда болған?
4. Қазақ әдеби тілінде осы қосымшамен омонимдес жұрнақ бар ма?
5. Көркем әдебиеттен *-жақ* тұлғасы кездесетін сөйлемдер теріп жазыңыз

## **§2. Етістіктің *-улы, -улі* қосымшалы тұлғасы**

Қазақ сөйленістеріндегі етістіктің шақтық тұлғаларының бірі *-улы, -улі* қосымшалы тұлға. Бұл да *-жақ* жұрнағы сияқты қазақ тілінің батыс сөйленістер тобын (Маңғыстау, Атырау, Орал, Ақтөбенің осы облыстарымен шектес аудандарын), Түрікменстан мен Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілін қамтиды. Сондай-ақ, Еділ бойы (Саратов, Волгоград, Астрахань облыстары мен Қалмақ Республикасында тұратын) қазақтарының тіліне де тән ерекшелік болып саналады.

Бұл сөйленістердегі *-улы* тұлғасы етістіктің түбірлерін талғамай, барлық салт және сабақты етістіктерге жалғанады да, оларға өткен шақтық мағына үстейді. Сөйлемде баяндауыштық қызмет атқарады. Мысалы: *Атадан бала туулы, ата жолын қуулы* (сабақты). Ол *Жылыойға* кетулі (салт). Мысалдардан көріп отырғанымыздай, түбір сөздің жуан, жіңішкелігіне қарай бірде *-улы* болып жуандап, бірде *-улі* болып жіңішкеріп келеді.

Батыс қазақтарының тіліндегі бұл тұлғаны алғаш рет ХХІ ғасырдың ортасында Н.И.Ильминский байқаған болатын. «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінде ол *-улы* формасының өткен шақ есімшемен қызметтес екендігін атап көрсеткен [18,11].

Сөйленістерде де бұл тұлға бұрынғы өткен оқиғаларды әңгімелеу кезінде үлкен кісілердің, қарттардың тілінде, сондай-ақ жергілікті ақын жыраулар шығармаларында жиірек кездеседі. Үлкен кісілер, ауыл ақсақалдары бұл тұлғаны, әсіресе, бұрынғы өмірден өткен батырлар, әулиелер, би-шешендер туралы аңыз-әңгімелерді айтқанда, олардың басынан өткен оқиғаларды баяндағанда көп қолданады: *...Ожабай ұстаған қу баста әкеңнің құны болмаса, әрі жылжыта бер, шырағым, -деулі. ...Ата тегін білмейтін азғын Адай жер-суды қайдан білмексің, жер де, су да менікі, барымта теңдігімді төле,-деулі.* Бұдан *-улы* тұлғасының өткен шақтық мәні анық байқалады.

Маңғыстау жыраулары тілінде аталған тұлға бірнеше грамматикалық қызметте жұмсалады. Төмендегі мысалдарға назар аударыңыз:

Білмейді екен осы жұрт,

Кімнің де жақсы-жаманын.

Кімнің де жүйрік, шабанын,

*Оқулы* мен наданын, –дегенде *оқулы* сөзі «оқыған, білімді»

мағынасындағы есім сөз орнына жұмсалып тұрса,

Тамыр еді қол артып  
Байлармен бірге *шығулы*,  
Сұлу ат таңдап *мінулі*

немесе

Қайтып еді олар еліне,  
Апрель жұлдызын атқарып.

Ақшаға жаны *толулы*,

Әбден жолы *болулы*... (Қашаған), –дегенде *-улы* тұлғалы етістіктер қалыпты іс-әрекетті білдіріп, етістіктің қазіргі қазақ тіліндегі танық (айғақсыз) өткен шақ деп аталатын түрін жасайды.

Сөз болып отырған тұлға кейде батыс өңірінен шыққан ақын-жазушылар шығармаларында да кездесіп қалады. Мысалы: Бұл жаланың шарпуы аз да болса, біздің ауылға да *тиюлі* (Х.Жұмалиев). Бүгін де аямасқа *ант ішулі* (Х.Ерғалиев).

Қақпасына орданың,  
Емініп жетіп *барулы*  
Орда ішінде кім бар? –деп,  
Жынданып айқай *салулы*...  
Арқанменен бастырып,  
Үйді мықтап *таңулы*,  
Қиындықта, қысымда  
Сұлу Нарқыз *қалулы*

(Н.Байғанин).

Бір күні кеңсесіне бір қыз келді,  
Жігіттің ол мезгілі күндіз келді.  
Танысып бірнеше күн өткенсін,  
Қыз жігітті әзілдеп *жүргізбеулі*  
(Еңбек туы, 1957).

Сондай-ақ, етістіктің бұл тұлғасы ХХ ғасырдың басында шығып тұрған «Айқап» журналында да бірлі-жарым ретте ұшырасады. Мысалы: Жаны ашыған адамдар қазақ халқына айтып *зарланулы* [4, 90].

Халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі бұл форма өткен уақыттағы іс-әрекет жөнінде сөйлеушінің хабары түрінде айтылады. Оның (сөйлеушінің) болған не болмаған амал-әрекетті өзі басы-қасында болмай, өз көзімен көрмей, тек басқа айғаққа (біреудің айтуына, хабарлауына) сүйеніп немесе кейін өзі көріп, оқып, сүйеніп айтқанындай етіп көрсетеді. Іс, оқиға біреу арқылы жеткендіктен, яғни сөйлеушінің есту мағұлматына негізделгендіктен, оның (іс-әрекетінің) шындығы айқындалмай, долбар, болжал сипатында көрінеді. Мысалы, Қашаған ақын Шеркеш деген байұлының бір арысы той қылып, соған *барулы*. Адайдың бір жігіті түрікмен батырымен ұстасып *қалулы*. Бұл жайды баяндап отырған сөйлеуші оқиға ішінде болмаған, тек естуі немесе оқып білуі бойынша айтып отыр.

Оқиғаның, іс-әрекеттің нақты болған, болмағандығын анық көрсетпеу – бұл форманың өткен шақтық басқа етістік формаларынан өзгеше белгісі.

Сөйленістердегі *-улы* жұрнақты форма әдеби тіліміздегі өткен шақтың танық (айғақсыз) деп аталатын түрімен сипаттас екенін жоғарыда айтып өттік. Бұл формадағы етістік оқиғаның сөйлеп тұрған уақыттан бұрынғы кезде болғанын жалпылап қана көрсетеді. Ал оның дәл қай мезгілде өткендігі сөйлемде шақ мәні бар сөздердің келуімен шартты болады. Мысалы: Ол *былтыр* Кердеріден қыз *алулы*. *Ертеректе*, *Үстірттің шығысын* Табын, батысын Адай қоныстанып жүргенде, «Итбай» деген шымырауға Адай, Табын болып таласып *қалулы*. Жәнібектен ол *кеше шығулы* т.б.

*-улы* жұрнақты тұлға әдеби тілде де бар. Алайда бұл форма жоғарыда аталған жергілікті тұрғындар тіліндегі қызмет ерекшеліктеріне байланысты диалектілік грамматикалық тұлғалар қатарында қаралады. Себебі мағынасы мен қызметі жөнінен алғанда, бұл екеуі екі бөлек грамматикалық категория. Әдеби тілдегі тұлғамен тек этимологиялық жағынан бір болуы мүмкін. Екеуін бір-бірінен ерекшелейтін грамматикалық, мағыналық белгілілері қандай? Сөйленісте *-улы* жұрнақты тұлға қимыл - әрекеттің тікелей өзін көрсететін етістіктің шақ категорияларына бірден -бір қатысы бар форма болса, әдеби тілдегі *-улы*, *-улі* қимылды, әрекетті тек бір заттың сындық белгісі ретінде ғана баяндаушы форма болып табылады. Осы қызметіне орай әдеби тілдегі форма күй категориясына бейім.

Әдеби тілдегі тұлға көмекші етістіктермен тіркесу арқылы ғана шақтық мағына бере алады. Оның құрамындағы көмекші етістікті түрлендіру арқылы үш шақта бірдей қолдануға болады (жазулы тұр – осы шақ; жазулы тұрмақ – келер шақ; жазулы екен – өткен шақ). Ал сөйленістердегі тұлға тұрақты, тек қана өткен шақты білдіреді. Ешқандай көмекші етістіктермен тіркестермен тіркеспей, сөйлемнің тиянақты баяндаушы қызметін атқарады. Көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалған күрделі етістіктер оны соңғы компонентіне ғана қабылдайды (жәрдем берулі, қызмет етулі, айтып келулі т.б.). Ал әдеби тілде ол тек негізгі етістікке ғана жалғанады. Егер жоғарыдағы *жазулы* тұр деген етістікті *жазып тұрулы* деп қолдансақ, әдеби тіл нормасынан шығып кеткен болар еді де, халық тіліне тән ерекшелікке ауысар еді. Сол сияқты ауызекі сөйлеу тілінде *айтулы кел* деген қолданыс жоқ.

Диалектілік тұлға баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, сөйлемдегі субъекті іс-әрекет иесінің өзі болады. Ал әдеби тілде *-улы* қосымшалы тұлға баяндауыш қызметінде белгіленіп, баяндауыш істің объектісі болатын сөзге тәуелденіп тұрады. Басқаша айтқанда, қазақ сөйленістеріндегі *-улы* қосымшалы етістік баяндауыштың объектісі болатын сөз әдеби тілдегі баяндауышы осы тұлғалы сөйлемде пассив субъектінің қызметін атқарады. Бұл жағынан –қосымшалы тұлғаның әдеби тілдегі мағынасын ырықсыз етіске ұқсатуға болады. Салыстырайық:

әдеби тілде:	сөйленістерде:
<i>хат жазулы</i>	<i>(ол) хатты жазулы</i>
<i>төсек салулы</i>	<i>(ол) төсекті салулы.</i>
<i>қол қоюлы</i>	<i>(ол) қолын қоюлы</i>

Мұнда, бірінші қатардағы мысалдарда, *-улы* жұрнақты тұлғалар хат, төсек, қол сөздерімен объектілік қатыныста айтылған. Сондықтан да әдеби тілдегі хат, төсек, қол сөздері амалдың субъектісі, ал сөйленістердегі хатты, төсекті, қолды сөздері амалдың объектісі болып тұр.

Ж. Денидің *-улы* (-ылы) формасын *-ы* және ырықсыз етістің *-л* жұрнағынан тұратын ырықсыздық мәндегі есімше түрінде қарастыруы да бұл тұлғаның әдеби тілдегі осындай мағыналық реңкінен болса керек [20, 853]. Диалектілік тұлғаның онымен салыстырылып отырған әдеби тұлғадан басты айырмашылықтарының бірі – онда модальдық реңктің болуы. Модальдылық осы форма арқылы хабарланып отырған істің, қимылдың ақиқаттығына, шындығына хабарлаушының өзінің сенімсіздікпен күмәндана қарауы түрінде көрінеді. Ал әдеби тілдегі форма баяндауыш қызметінде жеке айтылғанда, мұндай модальдық реңкке ие бола алмайды.

Диалектілік тұлға сөйлемде тек баяндауыштық, ал әдеби тұлға анықтауыш қызметінде жұмсалады. Себебі әдеби тілдегі тұлғаның негізгі мәні – күй-жайды, сынды білдіру болса, халық тіліндегі тұлға өткен шақта болған амал-әрекетті білдіреді. Әдеби тілдегі *-улы* формалы баяндауышты онымен предикаттық қатынаста тұрған есім сөздердің анықтауышы ретінде айтуға болады, ал сөйленістегі тұлға мұндай алмастыруға көнбейді.

Жоғарыда аталған тұлғалардың тағы бір айырмашылығы – сөйленістердегі тұлғаның болымсыз түрінің синтетикалық жолмен (етістіктің түбіріне жалғанған болымсыздықтың *-ма* (*-ме, -ба,-бе, -па, -пе*) жұрнақтарынан кейін *-улы* қосымшасының жалғануы арқылы) жасалуы: Елдің көбі Бәйімбеттің айтқанына *көнбеулі*. Атасының асына шақырғанда, кілең кердері *бармаулы*. Ал әдеби тұлғаның болымсыз түрі *емес* көмекші сөзінің тіркесуі арқылы беріледі: *жазулы емес, сақтаулы емес*. Яғни әдеби тілде *жазбаулы хат сақтамаулы кек* тәрізді тіркестер қолданылмайды.

Бұл талдаулардан аталған тұлғалардың этимологиясы мен сыртғы дыбыстық жағының ұқсастығы болмаса, жалпы халықтық тілімізде қызметі мен грамматикалық мағынасы әр алуан, екі бөлек категория екенін көреміз. *-улы* тұлғасының қай сөйленісте болмасын негізгі білдіретін мағынасы есімшенің өткен шақ түрімен мағыналас екенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал оның қазақ әдеби тілінде де заттың сынын, күй-жайды білдіргенімен, бұл сын мен жайдың күй жайдың өткен уақыттағы іс-әрекеттің нәтижесі екендігінің ізі байқалады. Бұл туралы С.Омарбеков «*Байлаулы мал* немесе *мал байлаулы* дегендігі бірінші тіркесте сынды, екінші тіркесте күйді көрсететін байлаулы сөзінен байлау әрекетінің ол туралы біздің естіп тұрған кезімізден бұрын жүзеге асып болған, дайын әрекет екендігі ұғынылады», – дей келе, тіліміздегі бұл тұлғаның мағыналық дамуының із-өкшесі шақ категориясынан басталатынын, демек, тіліміздегі *-улы* жұрнақты тұлғаның сөйленістердегіше өткен шақты білдіруі –оның бастапқы мағынасы да, сынды, күй-жайды білдіруі кейін пайда болған туынды мағынасы екендігін дұрыс аңғарады [14,169].

Сөйленістердегі тұлға негізінен үшінші жақта қолданылады. Бұған жоғарыда келтірілген мысалдарға қарап көз жеткізуге болады.

Халық тілінде *-улы* тұлғасы бірінші, екінші жақтарда да ұшырасады, бірақ өте сирек. Мысалы мен армиядағы балама бірнеше кезең хат жазулымын, жауап жоқ. Бұл сөйлемдегі бірінші жақтағы *-улы* тұлғалы баяндауыш қазақ әдеби тіліндегі ежелгі өткен шақ орнына қолданылып, әдеби тіліміздегі ашық райдың өткен шақ мәнін (жаз-ғанмын, жазған едім) білдіріп тұр.

I жақта айтылғанда қимылдың, амалдың субъектісі сөйлеушінің өзі болғанмен оның мәлімделіп отырған іске саналы түрде араласпағаны, оқиға жөнінде сөйлеушінің өз түсінігінің анық емес, күңгірт екені байқалады. Мысалы: Отыз екінші қырығында аталарымыз Иран асқанда, біз елде *қалулымыз*. Мұнда сөйлеуші оқиға болған кезде ішінде болғанымен, анық есінде сақтай алмайтын дәрежедегі жас, тіпті ол кезде саби болуы мүмкін. Кейін үлкендердің айтуымен ғана есіне түсіріп айтумен ғана есіне түсіріп, баяндап отырғанға ұқсайды.

II жақта қолданылғанда сөйлеуші тындаушының басына өткізген бір оқиғаны оны есіне түсіруі мақсатында айтылады. Бірақ мұнда да істің оқиғаның анық солай болғанына оның кепілдік бере алмайтынына аңғарылады. Мысалы: сіздер бәйбішеден *туулысыздар*. Бұл мағынада жұмсалғанда, көбіне көпше түрде айтылады.

Бұл тұлғаның жекеше, көпше түрде жұмсалыуының тіліміздегі етістіктердің басқа өткен шақтық формаларынан ерекшелігі жоқ.

I, II жақтарда жіктік жалғауының жекеше, көпше формаларымен анықталса, III жақтағы жекелік, көптік мәні істің, қимылдың субъектісі болатын сөздердің тұлғасы арқылы анықталады. Мысалы: *Ол* былтыр Ташауызға *барулы* (жекеше). Алдарынан қатты жел тұрып, *олар* қайықтарын Құлалы аралына қарата *бұрулы* (көпше).

*-улы* қосымшаның тұлғаның сөйленістердегі жалпы жіктеулі үлгісі мынадай:

Жекеше	Көпше
I ж. барулымын	барулымыз
II ж. барулысың	барулысыңдар
барулысыз	барулысыздар
III ж. барулы	барулы

Алайда ол көбіне үшінші жақта жұмсалады. Бірінші, екінші жақта қолданылуы сирек.

*-улы*, *-улі* жұрнақты тұлға қыпшақ тобындағы бірқатар түркі тілдерінде ұшырасады. Бірақ бұл тілдерде оның грамматикалық мағынасы қазіргі қазақ әдеби тіліндегі мағыналармен сәйкес. Қарақалпақ, түрікмен т.б түркі тілдері мен олардың диалектілерінде қазақ сөйленістеріндегі формамен тұлғалас келіп, онымен бірдей грамматикалық қызметте жұмсалады. Мысалы:

Қарақалпақ тілінде: *артувлы* (артулы);

Қарайым тілінде: *biluvlu* (білулі) [14,168].

Татар тілінде: *чақырулы* (шақырулы) [15,141].

Э. В. Севортян бұл тұлғаның қыпшақ тілдеріне қарағанда оғыз тілдерінде басым екендігін айтады. [21,45].

Ғылыми еңбектерде *-улы, -улі* тұлғасы морфологиялық құрылысы жағынан құранды қосымша ретінде қаралады. Көптеген зерттеушілер оны *-у* қимыл атауы (бару) мен *-лы* сын есім тудырушы (қоралы) жұрнақтарынан құралған деп есептейді. А.Тасымов бұл екі компоненттің алғашқысы - етістіктен зат есім тудыратын (*-уғ, -уғ, -ағ, -іг, -ығ*) жұрнақ болса ( Мысалы: біліг-білім), екіншісі – сын есім тудыратын (*-лық, -лік*) жұрнақ. Қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес соңғы *-қ, -к* түсіп қалған деп есептейді [22,75-76]. Қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда да қимыл атауының заттық ұғым беретінін ескерсек, жоғарыдағы пікірлердің бір-бірінен онша алшақ емес екендігін байқаймыз.

Тіліміздің қалыптасу тарихына, көне мұраларға шолу жасар болсақ, бұл тұлғаның көне ескерткіштерде де кездесетінінің куәсі боламыз. Сөз болып отырған тұлғаның ертеден келе жатқан морфологиялық ерекшелік екенін Махмуд Қашқаридың грамматикалық қағидаларынан көруге болады. Қашқари сөздігінде бұл тұлға *-ығлы, -уғлы* түрінде ұшырайды. Ол *-ығлы, -іглі* күрделі тұлғасының іс иесінің өз ойындағы жұмысты істеу мақсатын білдіретінін айтады. Мысалы: Ол мұнда *турулғы* ол –ол мұнда тұратын еді. Мән сәңә *барығлымын* – мен саған баратын едім [23,115].

Қазіргі қазақ сөйленістеріндегі *-улы* тұлғасының әрі өткен шақ есімше (*-ған, -ген*), әрі жедел өткен шақ (*-ды, -ді*), әрі көсемшенің (*-п; -ып; -іп*) тиісті жіктік жалғауы арқылы жасалатын әдеби тіліміздегі ашық рай тұлғасында, әрі *-у* жұрнағының жатыс септікті баяндауыш орнына жұмсалуды оның ежелгі дәуірде мағыналық жіктелмеген қолданысынан хабар береді. Бұл яғни ежелгі *-ық( -ығ)* + *-лы (-лі)* көрсеткіштерінің бірігуінен жасалған көпмағыналы, көпқызметті *-ығлы* тұлғасының сөйленістерде сақталып қалған реликтілік ізін көрсетеді. Салыстырыңыз: Махамбет батыр саржа тартуға өте шебер болулы (болған). Бәрі де телміріп, төніп қалулы (қалды). Бірақ дәрігер оған ауруың жоқ *деулі* (депті). Мен түгіл дәрігердің өзі *сасулы* (сасуда).

Бұл тұлғаның көне ескерткіштер тілінде түрліше мағынада айтылатынын анықтауға болады. Жоғарыда келтірілген материалдар тілдің даму тарихында құрамында *-ыл, -іл* қосымшасы бар қимыл есімдерінің өмір сүргендігін білдіреді. Қимыл есімнің *-л* тұлғасы өзімен мағыналас *-ма, -қы, -ық* қосымшаларымен күрделеніп, іс-әрекеттің атын білдіретін болған. Мысалы, көне түркі тілінде *бышғыл*, қазіргі қазақ тілінде *пышақ*. Осындай тілдік фактілерді ескерсек, *-улы* формасының көне түркі тіліндегі *-ығлы* жұрнағының дамуы барысында фонетикалық өзгеріске ұшырағандығы жөнінде және оның морфологиялық құрамы туралы жоғарыдағы зерттеушілер пікірлеріне күмән келтіруге болмайды.

Ф.Ю.Юсупов сөз болып отырған тұлғаның көне ұйғыр тілінде де, сондай-ақ, «Құтты білік» пен «Тефсирде», XI- XII ғасырлардағы басқа да көне түркі ескерткіштері тілінде қолданылғанын айтады [24,29]. Бұл деректер қазақ сөйленістеріндегі зерттеліп отырған тұлғаның ежелгі аффикс екенін тағы да дәлелдей түседі.



Сонымен, етістіктің *-улы, -улі* қосымшалы тұлғасы еліміздің батыс өңірі тұрғындарының тіліне тән. Одан басқа қазақ сөйленістерінде кездеспейді. Оның изоглосы алтай, хакас тілдерін қамти келе Қазақстанның батыс, оңтүстік батысын түгел Түрікменстан шекарасына дейінгі аралыққа таралған. Сөйленістерде білдіретін негізгі мағынасы – өткен шақ есімше мәні.

*-улы* формасының архетипі – көне түркі тілінде қолданылған өзімен мәндес *-ығлы, -уғлы* жұрнағы. Аталмыш тұлғаның жастарға қарағанда қарттар тілінде, батыс өңірінен шыққан ақын жыраулар тілінде жиірек ұшырасуы оның халық тіліндегі көнере бастаған тұлға екенін аңғартады

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. *-улы* қосымшасы қай сөйленіске тән?
2. Әдеби нормадағы омонимдес тұлғадан айырмашылығы қандай?
3. Бұл тұлға басқа түркі тілдерінде қандай тұлғада кездеседі?
4. *-улы* қосымшасын қатыстырып, қысқаша әңгіме құрастырыңыз.

### **§3. Етістіктің *-ың, -ің* қосымшалы тұлғасы**

Қазақ сөйленістеріне кең тараған етістік тұлғаларының бірі – *-ың, -ің* жұрнақты форма. Бұл тұлғаның жоғарыда сөз болған тұлғаларының ерекшелігі – Қазақстанның батыс өңірін ғана емес, сонымен қатар оңтүстік аудандарын да қамтитындығында. Еліміздің батысында Маңғыстау облысында, Атырау мен Ақтөбенің кейбір аудандарында айтылады.

Республикамыздан тыс Қарақалпақстан да, Түрікменстанда, Орынбор облысының кейбір аудандарында тұратын қазақтар арасына да кең тараған тұлға болып саналады.

Сөйленістерде бұл қосымша етістіктің негізгі және туынды түбіріне, салт және сабақты етістіктерге жалғанып, бұйрық, өтініш мәнін білдіреді. Екі түрлі фонетикалық варианты (*-ың, -ің*) үндестік заңына бағына дауыссызға біткен жуан түбірге жуан (*-ың*), жіңішке түбірге жіңішке (*-ің*) түрде жалғанады. Мысалы: Сіз *айтың*, класта неше оқушы үлгермейді? Сіз мектепке бара *берің*. Дұрыстап *қараң*, табылып қалар т.б.

В.А.Богородский бұл қосымшаның II жақ сыпайы түрдегі *-ңыз, -ңіз* қосымшаларымен мағыналас екенін айтқан [25,187].

Н.Жүнісов те аталған тұлғаның Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде осы қызметте жұмсалатынын көрсетеді.[26,70].

Жалпы, *-ың* қосымшалы тұлға жоғарыда аталған сөйленістердің қай-қайсысында да бұйрық райдың II жақ жекеше, көпше түрінде және сыпайылықтың көрсеткіші ретінде қолданылады. Мысалы: Сен *айтың*. Сендер кете *берің*. Сіз айтып *түсіндірің*. Сіздер бара *берің* т.б.

*-ың* тұлғалы етістік осылай ешбір бөгде морфологиялық форманттардың көмегінсіз-ақ әрі сыпайылық, әрі жекеше, әрі көпше мағыналарда бірдей айтыла береді.

-ың қосымшалы етістіктің II жағында қолданылған уақытта беретін бастапқы бұйрық мәнін өзгертіп жібермейді, оған қалау, тілек, өтініш сияқты мағыналар үстейді. Жергілікті халық тілінде басқа мағыналық белгілерінің үстінде әрі бұйрық мәнді болып келуі ешқандай таңданыс тудырмаса керек. Себебі тіліміздегі етістіктер II жақта жұмсалғанда тұлғалық жағынан ешбір өзгеріске ұшырамастан, түбір күйінде тұрып-ақ бұйрық мағына білдіре алатындығы анық. Демек, -ың жалғаулы етістіктер болатын бұйрық мағына – ол етістіктің бастапқы табиғи лексика-грамматикалық мағынасы.

Қазақ сөйленістерінде бұл тұлға төмендегідей мағыналық реңктерге ие болады:

1. Қатаң бұйрық. Тұрмаң мұнда, қап – қазір *шығып кетің!* Олай деп *айтпаң* маған! II жақ жіктеу есімдігі қолданылған кезде императивтік мағына жұмсарады, бұйрық өтініш сипатына ауысады: Сағира, баланы *қараң*, мен сиыр сауып келейін. Етістік түбірінің қайталанып, қосарланып айтылуы керісінше бұйрық мәнін күшейтеді: *Кетің – кетің*, адамға кедергі болмаң!

2. Сақтандыру, ескерту. Алда болуы мүмкін қауіп-қатерден, жағымсыз жағдайлардан тыңдаушына сақтандыру мақсатында айтылады: Теңізге барғанда, *абай болың*, терең жағына *бармаң*. Тастардың үстімен жүргенде *байқап жүрің, құлап қалмаң!*

3. Өтініш. Сөйлеушінің тыңдаушыға тәуелділігін, оның көмегіне, жәрдеміне зәрулігін білдіреді. Бұл мағына контексте ажыратылады. Мысалы: Ең болмаса тамақ пісіре алатын бір екі бала *жіберің* бізге.

4. Жалыну жалбарыну өтініштің эмоционалды экспрессивті түрі. Сөйлеушінің амал әрекеттің жүзеге асуын қатты қалауымен сипатталады: Я, Алла, Жасаған ием, жар бола *гөрің!* Үш жүз алпыс екі әулие, *қолдай гөрің!*

5. Күштеу. Амал әрекетті тыңдаушының еркінен тыс орындату: Айдағанға көнбеді ме, арам қатқыр, сауырынан *таспа тілің*, қамшының астына *алың!*

6. Алғыс. Сөйлеушінің тыңдаушыға өзіне жәрдемдескені, жасағаған жақсылығы үшін ризашылығын білдіруі: Бақытты *болың*, өркендерің өссін! Жақтарың түспей, жамандық *көрмең*, қарағым!

7. Қарғыс. Алғысқа қарама қарсы, сөйлеушінің біреуден қатты көңілі қалып, ашынған кезде немесе біреуді ерекше жек көргенде айтылады: *Қырылып қалың*, қырылып қалғыр кілең! Сүйектерің қурап далада *қалың!*

8. Тыйым салу. Тыңдаушын осы шақта істеп тұрған немесе болашақта істемек әрекетін болдырмау, оған шек қою. Көбінесе халқымыздың тыйым салынған, жасауға болмайтын әдет ғұрыптары тыңдаушы тарапынан бұзылған кезде оған ескерту ретінде айтылады: Табалдырыққа *шықпаң*, есікке *керілмең!* Босағада *тұрмаң!* Бұл жағдайда жүзеге аспайтын іс әрекетті баяндайтын болғандықтан, -ың тұлғалы етістік үнемі болымсыздық формасында жұмсалады

9. Шақыру. Қонақ жайлылыққа қатысты айтылады: Келіп *тұрың* үй осы. Тойдан ешқайсысың *қалмаң*, бәрің *келің*.

10. Рұқсат. Сөйлеушінің екінші жақтың өтінішімен, пікірімен келісуі, рұқсат беруі: Е, *алың, алың*, көтергеніңізше *алың*. Жақсы онда *жүре берің*.

11. Мақұлдау. Басталған істі жалғастыру үшін берілетін келісім: *Сүйтің*, *сүйтің* мен қарсы емеспін.

12. Ақыл кеңес. Ынтымақтастықпен, достық ниетпен тыңдаушыға ақыл кеңес беру, өсиет айту: Өмірдегі ең жаман нәрсе біреудің қарғысына қалу. Ешкімнің ала жібін *аттамаң*, көз жасына, қарғысына *қалмаң*. Керісінше, жақсылық жасап, алғысын *алың*.

13. Қорқыту. Тыңдушының еркіне, санасына ықпал ету: Әй, иттің балдары, *тоқтаң* деймін! Жандарыңның барында *тоқтаң*!

Бұл мағыналар контекст арқылы, сондай ақ, сөйлеу кезіндегі сөйлеушінің түрлі эмоциясы, көңіл- күйі арқылы анықталады.

Сөз болып отырған тұлға сөйленістегі өзге формалардың өзінше бөлек. Өйткені ол тек екінші жақта ғана қолданылады да, сөйлеушінің тыңдаушы арқылы орындалуға тиісті іске, қимылға субъективтік қатынасын білдіреді: Апырым ай, мынау болайын деп тұрған бала ғой, *байқай көрің, көз сала жүрің* деген екен (Маңғыстау мұралары, А., 1993).

-ың қосымшалы тұлғада ұғынылатын іс әрекет орындаушысы үнемі тыңдаушы жақ болады, сондықтан оның жүзеге асу, аспауы тыңдаушының ықылас ниетімен байланысты. Келешекте жүзеге асуы мүмкін әрекет болғандықтан, оның шақтық мағынасын шартты болса да келер шақ деп қараған жөн.

Бұйрық райдың шақтық мәні туралы Н.Сауранбаев былай деген болатын: «Етістіктің жіктік жалғаулы жақ түрінен бұйрық райдың жақ түрі мүлдем басқа. Жіктік жалғаудағы жақ істің істелгендігі, не істеліп жатқандығы және істелушісі көрсетіліп айтылады. Ал бұйрық райдың жағында әлі болмаған, басталмаған істің тек кімге арналғандығы ғана көрсетіледі. Сондықтан бұйрық райда шақ жоқ. Мұндағы шақта істі кім істеу керек екендігі ғана көрсетіледі»

Бұл тұлға оңтүстік сөйленістер тобына қарағанда, батыста актив қолданылады. Сол сияқты осы өлкеден шыққан жазба әдебиет өкілдерінің шығармаларында, әсіресе, Маңғыстау би-шешендері туралы аңыз әңгімелерде, ақын жыраулардың толғауларында жиі кездеседі. Мұнда да бірде жекеше, бірде көпше мәнде қолданылады:

Табың болсаң жылқысын  
Хайуаннан жаралған.  
Барақ та иттің бір түрі  
Әулиені сөкпей *абайлаң*.

Біз адам болмаса, сіздің тілді білмейміз,  
Асыл асылына, нәсіл нәсіліне  
Сөйлесе *берің* біздер оған күлмейміз  
(Ермембет би)

Тауып айтсам, *дұрыс дең*,  
Таппай айтсам, *дұрыс дең*.  
Қамалған бай мен мырзамыз,  
Жолыма зорлық қылмаңыз...  
Енді он күнде менің тойым деп,  
Сол тойда сіз де болың деп,  
Соған бару сізге орын деп... (Қашаған)

-ың қосымшасы қазақтың ескі ауыз әдебиеті үлгілерінде, халық жырларының кейбір нұсқаларында да кездесіп қалады:

Кемпір айтты: е, балам, *кірің*, деді

Әзір ас бар ішіңіз үйден, дейді.

Барша ғайып жарандар,

Мәдеткер *болың* балама («Қыз Жібек»)

Аталған өңірлердегі қазіргі жергілікті тұрғындар тілінде көбіне көптік мағынада жұмсалады. Бұйрық рай мәніндегі бұл жұрнақ екінші жаққа қарата айтылатындықтан, оның жекелік, көптік мәні қаратпа сөздің тұлғасынан да белгілі болады.

-ың қосымшалы етістіктің жекеше мағына білдіруі, көбіне сөйлем ішінде онымен предикаттық қатынаста айтылатын жіктеу, өздік есімдіктерінің жекеше түрде жұмсалуды мен шарттас болады. Жергілікті халық тілінде бұл тұлға ешқандай контекстсіз дара тұрған күйінде де көптік мағына да ұғынылады. Оның өзгешелігі де сонда, -ың тұлғасын жергілікті халық көптіктің көрсеткіші ретінде қолданады.

Егер -ың қосымшалы етістікке көптік жалғауы қосылатын болса, ол диалектілік құбылыс болмаған болар еді, әдеби тілдегі бұйрық райлы етістіктің көпшесіне ауысар еді. Осыдан келіп әдеби тілдегі жіктіктің екінші жақ көпше түріндегі *-ңдар(-ыңдар, -іңдер)* қосымшасының құрамында келетін көптік жалғауының алдындағы *-ың, -ің* элементінің басында осы диалектілік *-ың* қосымшасынан дамуы ықтимал деген пікір туады. Бірақ әдеби тілдегі *-ың* жеке тұрғанда грамматикалық тұлға қызметін жойған, тек көптік жалғауларымен келіп қана бұйрық рай тұлғаларын құрайды.

С.Омарбеков жіктік жалғауының II жақ сыпайылықты білдіретін *-ңыз,(-ңіз)* қосымшасының *-ң* элементі де осы сөз болып отырған *-ың* қосымшасымен төркіндес екенін айтады [14,150].

Л.Дүйсембекова әдеби тілдегі бұйрық райдың екінші жақ көпше түріндегі (барындар дегендегі) етістіктің түбірі (бар) бұйрық және шақ мәнін білдіреді, ал түбірден кейінгі *-ың* жақ көрсеткіші және ол бұйрық мәнді емес тек қана жақты көрсетеді. Жіктелген кезде *-ың* бірінші жақта *-айын* -ға.үшінші жақта *-сын*-ға ауысады да, қимылдың кімге, қай жаққа бағытталғанын көрсететінін айтады [28,7].

Б.Сағындықұлы сөйленістерде өзгешелік туғызып тұрған бұл қосымшаның тіліміздегі II жақ көрсеткіші ретінде қалыптасу этимологиясын әріден іздейді. Ол қазіргі қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауынан кейін келетін табыс септігінің *-н* қосымшасының қалыптасу, даму жолдарын алға тарта келе, оны қазіргі тіліміздегі II жақ көрсеткіші ретінде қалыптасқан *-ың* қосымшасымен байланыстырады. Көне тілдік фактілерге жүгіне отырып, бұл ойын дәлелдеп береді. «Кодекс Куманикусте» *менің* деудің орнына *мен-им*. Мен сөзіндегі м дыбысы ілік жалғауына ғана әсер етіп қоймаған, үнемі тіркесіп, қатар жұмсалатын *-ын* тәуелдік жалғауына да ықпал жасаған. Соның салдарынан қолым маным тіркесі өмірге келген. Тарихи даму барысында түркі тілінде анықтауыштар анықталатын сөздердің алдына көшкенде қалыптасқан формалар күйінде

қалып қойған: басқаша айтқанда, *маным қолым* II жақта ілік жалғауының соңғы дыбысының ықпалы болды: *қолың саның* болып үндесті. Дыбыстар бір-біріне жақыннан ғана емес, алыстан да ықпал жасай береді. Мұның айқын мысалы – *менім*. *Н*-нің *ң* болып өзгеруінде етістіктің шартты райы жіктелуі үлгісінде қосқан үлесі бар сияқты. Ол әуелі ауызекі тілде барса мен >барсам, барса сен >барсаң болып айтылады. Сөз ортасында екі *са*-бунағы айтылуға қиындық келтіртіргеннен кейін гаплогогия заңына орай біреуіне қысқарғанға ұқсайды. Осылайша *ң* II жақтың көрсеткіші есебінде тілде бекіген-ді», – деп тұжырымдайды [29,129].

Бұл қосымша о баста II жақ тәуелдік жалғауы болған дейтін де жорамал бар. Олардың сырттай ұқсайтыны да рас. Мысалы: кітабың, барың т.б. Шындығында, осы мысалдарға назар аударып қарасак, бірінші мысалдағы *-ың* (тәуелдік жалғауы) заттың, нәрсенің екінші жақтың меншігі екенін, яғни екінші жаққа тәуелді екенін білдіріп тұр. Демек, бұл жалғауда меншіктілік мәнмен қоса, жақтық мән де бар. Енді әдеби тілдегі жіктік категориясының II жақ көпше түрінде (бар-ың-дар) кездесетін сондай-ақ, біз диалектілік ерекшелік ретінде танып отырған *-ың* (бар-ың) тұлғасын алып қарайық. Әдеби тілде оның таза жақ көрсеткіші екенінде дау жоқ. Ал сөйленістерде бұйрық мәндегі етістіктерге түрлі мағыналық реңк үстегені болмаса, мұнда да белгілі дәрежеде жақ көрсеткішінің қызметін атқарады. Олай болса, бұл қосымшалардың төркіндес екеніне ешқандай күмән келтіруге болмайды.

А.Н.Кононов аталған тұлғаның осман түріктерінің тілінде қолданылатынын айта келіп, былай деп жазды: «В отличие от аффиксов принадлежности при именах личные аффиксы повелительного наклонения II лица множественного числа ударения не имеют: ударения падает на слог им предшествующий. Предполагают, что первоначально формально не дифференцированное имя – глагол, используемое в повелительном значении, отличалось от имени ударением: двухсложные слово имело в таком случае ударение на первом слоге» [7,219].

Бұл талдаулардан шығатын қорытынды: бұйрық рай қосымшаларының генезисі тәуелдік жалғауларымен, олар арқылы жіктік жалғауларымен байланысып жатады. Олардың әрқайсысы өз кезегінде есімдіктер мен келіп ұштасады.

С.Аманжолов бұл құбылысты оңтүстік диалектісінің грамматикалық ерекшеліктерінің бірі деп тани отыра, түркі тілдерінде де сақталып келе жатқан көне құбылыстың бірі деп есептейді және оның етістік түбірі мен көптік жалғауының арасындағы дәнекер қосымша қызметін атқаратынын айтады [30,336]. О.Нақысбеков те осы пікірді қуаттайды [31,68].

Бұл пікірлердің дұрыстығына дәлелді біз көне ескерткіштерден табамыз. Мысалы, Енисей жазуларында: Қара будуным *қатыгланның* (қара жұртым, қатуланың). Орхон жазуларында: түк беглер, бодун, бұны *емідің* (бұны тындандар). Аңар көрү *білің* (біліндер) [32,105]. Көне ұйғыр жазуларында: *қылмаң* манің кокузумін йарылғулу (менің көкірегімді жарым қылмаң). XVII ғасырдағы Әбілғазының «Түрік шежіресінде»: іарыны бізга *барің* (жартысын бізге берің) [14,150]. «Шежіренің» тілін зерттеуші ғалым

Б.Әбілқасымов ескеркіште аталған тұлғаның *-ың,-ің –ұң/–үң* варианттарында ұшырайтынын айтады. Мысалы: Елге хукім қылды егін егін кендер *салың*. Алақчынға *барың* қолыңыздың келсе, *чабұң* келмесе хабаралыб *келің* деб... [33,122]. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бірақ Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдерінің лұғатынан» мына жолдарды келтірсек, жеткілікті: «Тындаушының жасы үлкен, не құрметті, қадірлі адам болса, түріктер оған арнайы көпшені қосып айтады. Мәселен, *бар* деу орнына *барың* дейді, *-lar,-leg* әдейі түсіріліп қолданылады. Түпкі мәні *барыңыз* демекші. Оғыздар мен қыпшақтар көпшілікке *барың* дейді. Көптік жалғауы түсіріліп тасталады. Оның есесіне құрметтеп, сыйлаушылықты білдірмекке әуелі «ғұнналы» (мұрын дыбысты) каф (ң) әрпін, сонан кейін з әрпін қосады. Яғни, оғыз тілдерінде бір адамға айтылғанда көптіктің үстіне көптік қосылады» [23,327-328]. Демек, көне түркі тіліндегі *-ың* көптіктің көрсеткіші ретінде қолданылған.

Татар тілі мен оның диалектілерінде де әрі жекеше, әрі көптік мағына білдіреді [15,198].

XII-XIV ғасырларда жазылған әдеби шығармалардың материалдары *-ың, -ыңыз, -ыңыздар, -ыңдар* қосымшаларының көптік мағынаны білдірумен бірге бұйыру, құрметтеу, сыйлау мағыналарында білдіретінін көрсетеді: кабурін боғлапта дарвітар назарса алмасунларо (Тефсир -88). Заңқар аны мусмахақаға матил *узә берің* (Нахджул Фарадис-2.106).

Б.Әбілқасымов А.Н.Кононовтың «*-ың* жұрнағы жалғанған форма II жақтың жекеше сыпайы түрі ал, *-ғыл, -гіл* жұрнағы жалғанған формада нақтылы талап ету мағынасы бар» деген пікірін келтіре отырып, онда сыпайылық мағынасынан гөрі көптік мағына беру басым екенін ескереді [33,122].

Етістіктің *-ың* қосымшалы тұлғасын қазіргі бірқатар түркі тілдері мен олардың диалектілерінен де ұшыратамыз:

Түрікмен тіліндегі: гөрің (көрің) [11-129]

Түрік тілінде: *gelin* [7, 220]

Ұйғыр тілінде : қилың (қылың) [34,81];

татар тілінде: утырың (отырың) [15, 194];

өзбек тілінде: айтинг (айтың) [12,150];

башқұрт диалектісінде: сығарың (шығарың), тороң (тұрың) [17,127];

Кейбір зерттеушілердің бұл тұлғаның қазақ сөйленістерінде кездесуін көрші өзбек тілінің ықпалы деп келгендері белгілі. Алайда жоғарыда келтірілген тілдік деректер *-ың* тұлғасының тіліміздегі көне түркілік элемент екенін дәлелдейді.

Сондай-ақ, қазіргі қазақ тілінде жеке тұрғанда аффикстік қызметін жойған, тек бұйрық райдың II жақ сыпайы түрі мен көпшесінің құрамында сақталған *-ың* тұлғасының қазіргі қазақ сөйленістеріндегі көптік мәннің бұрынғы тайпа тілдерінен сақталғандығын айғақтайды.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

- 1.-ың тұлғасы қай сөйленістерге тән?
- 2.Қазақ тіліндегі диалектілік тұлғаны өзге түркі тілдері материалдарымен салыстырыңыз.
- 3.-ың қосымшасының этимологиясы қандай?
4. Көне түркі ескерткіштерінен -ың қосымшалы етістіктерді теріп жазыңыз.

### **§4. Етістіктің -сыңыз, -сіңіз қосымшалы тұлғасы**

Функционалды грамматиканың кең көлемді объектілерінің бірі – жақтылық (персоналдык). Өйткені жақтылық мәселесі сөйлемнің негізгі қазығы екені белгілі.

Жақтылық объектілерінің бірі – етістіктің жақ категориясы. Функционалды грамматика саласында көрнекті еңбек бере білген А:В.Бондарко, Г.А.Золотова т.б.жақтылық мәселесіне жіктік категориясын жатқызады. Шындығында да, жіктік жалғаулары амалдың үш жақтың біріне тиісті екенін білдіретіні белгілі.

Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған қазақ сөйленістерінде осы жіктік жалғауларының қолданысында да кейбір өзгешеліктері байқалатындығы белгілі болып отыр. Солардың бірі – бірқатар сөйленістерде II жақтағы жіктік жалғауының – сыңыз, – сіңіз түрінде айтылуы. Бұл форма,әдетте, есімше, көсемше тұлғаларының соңынан келіп, әдеби тілдегі II жақ сыпайы түрін білдіретін – сыз, – сіз жалғауының қызметін атқарады: Сіз қонаққа бізбен бірге барасыңыз ғой – Сіз қонаққа бізбен бірге барасыз ғой. Есікті жабуды ұмытып кетіпсіңіз – Есікті жабуды ұмытып кетіпсіз.

Екінші жақ, әдетте, тыңдаушы жақ. Сөйлемдегі жіктеу есімдіктері мен жіктік жалғаулары істі орындаушының екінші жақтағы тыңдаушы екенін көрсетеді. Сонда сіз барасыңыз дегендегі қимыл – қозғалыс тыңдаушыға бағытталған, яғни тыңдаушы да, орындауға тиісті адамда екінші жақта.

Диалектологиялық зерттеулерге қарағанда бұл құбылыс еліміздің батыс және шығыс аймақтарында тұратын, сондай – ақ республикамыздан тысқары Орынбор, Таулы –Алтайдың кейбір аудандарындағы қазақтар тілінде байқалатыны белгілі болып отыр [22,74].

Ә.Нұрмағанбетов бұл ерекшелікті шығыс диалектісіндегі (Аягөз, Өскемен, Қошағаш, Баян –Өлгий, Синьцзян) сөйленістер мен батыс диалектісіндегі (Атырау, Орал, Ақтөбенің Шалқар, Ырғыздан басқа аудандары, Қостанайдың Жетіқара, Орынбордың қазақ аудандары, Маңғыстау, Арал – Сыр өңірі мен Қарақалпақстан мен Түрікменстан қазақтары) сөйленістердің бәріне ортақ деп көрсетеді. [35,76].

Б.Бекетов аталған тұлғаның Семей облысының Абай, Шұбартау аудандары тұрғындары тілінде де ұшырайтынын айтады. [36, 173-179].

Бұл қосымша тіліміздегі үндестік заңы бойынша өзі жалғанатын сөздердің соңғы буынының әсерімен бірде жуан. Бірде жіңішке айтылып, қазақ сөйленістерінде екі түрлі фонетикалық вариантта (-сыңыз, -сіңіз) айтылады. Мысалы: Сіз сонда *шопансыңыз* ба? Сіз маған ертең *керексіңіз*.

-сыңыз тұлғасы, жоғарыда аталғандай, көбіне етістіктің есімше, көсемше тұлғаларынан кейін жалғанады. (барыпсыңыз, барсаңыз, барғансыңыз). Алайда А.Бөрібаев бұл қосымшаны Орда қазақтарының тілінде тек көсемшенің -а, -е жұрнақтарынан кейін жалғанады деп көрсетеді [2,19].

Халық тілінде түбірге тікелей жалғануы – сирек құбылыс, тек бар, жоқ модаль сөздері мен қалып етістіктеріне (отыр, тұр, жатыр, жүр), есім сөздерге ғана жалғана алады. Мысалы: *барсыңыз, жоқсыңыз, отырсыңыз, тұрсыңыз, жатырсыңыз, жүрсіңіз, студентсіңіз...*

-сыңыз, -сіңіз қосымшалары жіктіктің көрсеткіші болғандықтан, оны қабылдаған етістік әдеби тілдегідей негізінен баяндауыштық қызмет атқарады. Есімдер де етістік дәрежесінде болмағанымен, предикаттық қатынастың екінші сыңары ретінде жұмсалады. Сондықтан *-сыңыз, -сіңіз* баяндауыш қызметіндегі модаль сөздер мен есім сөздерге де жалғана береді. Есім сөздердің ішінде ол көбіне адамның кәсібін, қасиетін, күй - жайын білдіретін сөздерге қосылып айтылады: Сіз сондай сұлусыңыз, көріктісіңіз. Сіздер әлі *студентсіңіз, жассыңыз*. Сіз тізімде барсыңыз, себебі ояққа керексіңіз. Менің дәптерімді көрген жоқсыңыз ба?

Бұл қосымша әдеби тілдегідей етістіктің барлық шақтық түлерінде қолданыла береді. Мысалы, –ып көсемшесі мен өткен шақ есімшеден (-ған; -ген) кейін жалғанғанда, өткен шақта болған амал –әректің қай жаққа қатысты екенін білдіреді: Оның бар құпиясын біліп қойыпсыңыз ғой. Сіз бұрын бірнеше рет сыйлық алғансыңыз, бұл жолы Бәкең алсын. Ал осы шақта -ып отыр (-ып тұр, -ып жатыр, -ып жүр) аналитикалық форматына жалғанып, күрделі етістік құрамында айтылады: Менің не айтатынымды біліп *отырсыңыз*. Не айтып *тұрсыңыз*? Келер шақта айтылғанда есімшенің -р (-ар, -ер), -мақ (-мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек) жұрнақтарынан кейін жалғанады: Біз күтіп отырамыз, кешке *келерсіңіз*. Соның айтқанының бәрін тыңдап *отырмақсыңыз* ба? Мынаны апарып *бересіңіз* де, күтіп *тұрасыңыз*, ол сендерге басқа бір зат беріп жібереді (экс.).

Болымсыз етістіктерге де көсемше, есімшеден кейін қосылып айтылады (келмепсіңіз, айтпапсыңыз, отырмайсыңыз, оқымағансыңыз).

С.Омарбеков -сыңыз қосымшасының әртүрлі лексикалық- грамматикалық категорияларға жататын сөздерге жалғана алу қабілеті әдеби тілдегі аталған жалғаумен ұқсас екенін айтады [14,160]. Шындығында да, бұл қосымшаның грамматикалық қызметі мен мағынасы әдеби тілдегі -сыз, -сіз жіктік жалғауымен бірдей, айырмашылық олардың тек сыртқы тұлғасында ғана. Сөйленістердегі қосымша да әдеби тілдегі сияқты түбір етістіктер (қалып етістіктен басқа) мен етістіктің жедел өткен шақ және шартты рай түрлерінен кейін жалғанбайды.

-сыңыз жалғауы түрікмен, түрік, әзірбайжан және башқұрт тілдерінде де кездеседі. Мәселен,

түрікмен тілінде: *ичерсиңиз* (ішесіңіз),

башларсыңыз (бастарсыңыз);

түрік тілінде: *okursunus* (оқырсыңыз),

*yazarsinis* (жазарсыңыз) [7,161-б.].



әзірбайжан тілінде: *бағмансыңыз* ( бағбансыңыз) [37,54-б.]

татар тілінде: *барасыңыз* ( барасыңыз ) [15,17-б.]

Мысалдардан көріп отырғандай, *-сыңыз* жалғауы қазіргі түркі тілдерінде түрлі фонетикалық варианттарда ұшырайды. Мәселен, татар тілінің диалектілеріне *-сығыз* (-сенез, -сыңыс, -сеңес), башқұрт тілінде *-һығыз* (-һегез) , ноғай тілінде: *-сыңыз* (-сенез) , оғыз тілінде: *-сыңыз* (-сиңиз) түрінде айтылады[15,17-18]. Бірақ эерттеушілер олардың қолданылуы мағыналық тұрғыдан дәл бірдей емес, жоғарыда аталған тілдердің көпшілігінде көптік мағынада, ал қазақ сөйленістерінде негізінен сыпайылық мәнде жұмсалады дейді. Біздің байқауымызша, батыс сөйленістерінде бұл жалғау жекеше, көпше мәнде бірдей жұмсалады. Оның жекелік, көптік мәні контексте онымен предикаттық қатынаста болатын іс әрекет субъектісінің тұлғасы арқылы белгілі болады. Мысалы: Сіздер бүгін осында қонасыңыз ба?

Сондай ақ, сөйлемде екінші, үшінші жақтағы бастауыш қатар келгенде баяндауыш екінші жақпен қиысатыны белгілі. Мұны кезінде Ахмет Байтұрсынов көрсеткен. Мысалы: Сен Асқар екеуің ертен шөпке *кетесіңіз*. Марат, Асхат үшеуің үйде *қаласыңыз* т.б. Мұнда амал екінші жаққа қаратылып айтылып тұрғандығы көрініп тұр. Бірінші сөйлемде қимыл иесі екі адам екені анық болса, екінші сөйлемде екінші жақ жіктеу есімдігі жасырын тұрғанмен, баяндауыш тұлғалы арқылы оның қай жаққа қатысты екенін аңғару қиын емес.

Кейде көптік мән *-сыңыз* жалғауының үстіне көптік жалғауының (лар) жалғануы арқылы да беріледі: Сендер қырға қашан *барасыңыздар*? Осы екеуің төбелескенді қашан *қоясыңыздар*? Бұл сөйлемдерде қимыл иесі бірнеше адам екені бастауыш тұлғасынан да, баяндауыш тұлғасынан да анық көрініп тұр. Дегенмен, кейде көптік жалғауынсыз ақ *-сыңыз* тұлғасы көптік мән беретінін жоғарыда айтқан болатынбыз. Яғни халық тілінде бұл сөйлемдер Сендер қырға қашан *барасыңыз*? Осы екеуің төбелескенді қашан *қоясыңыз*? түрінде жұмсала береді.

Ал жоғарыда сөз болған түркі тілдерінің көпшілігінде *-сыңыз* қосымшасы, негізінде, екі жақтық көптік мағынаны білдіруші формант болып табылады. Бұл қосымшаның түркі тілдеріндегі көптік мәнінің бірдей еместігін Э.В.Севортян айтып кеткен.

Жалпы бұл тұлғаның қазіргі тіл тұрғысынан алғанда нөлдік формада тұрып, көптік мәнді білдіруі алдыңғы тақырыпта сөз болған халық тіліндегі бұйрық мәнді *-ың* тұлғасына ұқсас. Этимологиясы жағынан да бұл екі тұлғаны бірлікте қараған жөн бе дейміз. Өйткені *-сыңыз* қосымшасының құрамында да *-ың* элементі бар. Ол да белгілі дәрежеде жақтық мағына береді және *-сыңыз* тұлғасы сияқты іс әрекеттің екі жаққа қатысты екенін аңғартады. Жалпы бұл тұлғаның қазіргі тіл тұрғысынан алғанда нөлдік формада тұрып, көптік мәнді білдіруі алдыңғы тақырыпта (§3) сөз болған халық тіліндегі бұйрық мәнді *-ың* тұлғасына ұқсас. Этимологиясы жағынан да бұл екі тұлғаны бірлікте қараған жөн бе дейміз. Тек бұл ғана емес, әдеби тілдегі мына жіктелу үлгісіне назар аударайық.

1. Келер шақ пен осы шақтың жіктелуі:

Жекеше	көпше
<i>I ж. отырмын, отырамын</i>	<i>отырмыз, отырармыз</i>
<i>II ж. отырсың, отырарсың</i>	<i>отырсыңдар, отырарсыңдар</i>
<i>отырсыз, отырарсыз</i>	<i>отырсыздар, отырарсыздар</i>
<i>III ж. отыр, отырар</i>	<i>отыр, отырар</i>

2. Жедел өткен жақ, шартты рай тұлғаларының жіктелуі:

Жекеше	көпше
<i>I ж. отырдым, отырсам</i>	<i>отырдық, отырсақ</i>
<i>II ж. отырдың, отырсаң</i>	<i>отырдыңдар, отырсаңдар</i>
<i>отырдыңыз, отырсаңыз</i>	<i>отырдыңыздар, отырсаңыздар</i>
<i>III ж. отырды, отырса</i>	<i>отырды, отырса</i>

3. Бұйрық райдың жіктелуі:

Жекеше	көпше
<i>I ж. отырайын</i>	<i>отырайық</i>
<i>II ж. отыр</i>	<i>отырыңдар</i>
<i>отырыңыз</i>	<i>отырдыңыздар</i>
<i>III ж. отырсын</i>	<i>отырсын</i>

Көріп отырғанымыздай, II жақта жіктелген етістіктердің қай қайсысының құрамында да осы *-ың* элементі кездеседі. Осы тұста бұлардың қайсысы алғашқы, қайсысы соңғы деген заңды сұрақ туады. Олардың генезисі бір ме, жоқ әлде әрқайсысы әр бөлек қосымша ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Ғалымдар зерттеулеріне жүгінсек, *-сыңыз* морфологиялық құрамы жағынан күрделі қосымша. Ол екі элементтен (*-сыңыз*) тұрады. Мұндағы бірінші элемент (*-сың* немесе *-сің*) әдеби тілдегі жіктік жалғауының II жақ жекеше түрі десек, екінші элементінің (*-ыз* немесе *-із*) тегі жөнінде бірнеше пікірлер бар. Бір зерттеушілер оны түркі тіліндегі көптік жалғауының көне түрі деп қараса [39,53], енді біреулер жіктеу есімдігінен дамыған *-сыз*, *-сіз* жалғауы дейді [7,222-б]. Біздің ойымызша, бұл пікірлердің бірін дұрыс, бірін бұрыс деуге болмайды. Өйткені М.Қашқари зерттеуіне жүгінер болсақ, «Мұрыннан айтылатын кәф (ң) әрпі мен з әрпі негізгі көптік жалғауы болған. Оғыздар оны тек көптік жалғауы ретінде қолданған» Бұл бірінші көзқарастың шындыққа бір табан жақындығын дәлелдесе, аталған қосымшаның тіліміздегі *-сыз* жіктік жалғануының орнына жұмсалуды, ал *-сыз* жалғануының о баста *сіз* жіктеу есімдігінен дамығандығы екінші пікірді растайды [40,21], А.Тасымов «сөйленістегі бұл тұлға көптік мағына беруден гөрі көбіне II жақтың сыпайы түрін аңғартады» дейді [22,74].

Қалай болғанда да, бұл пікірлердің қай-қайсысы да аталған қосымшаның қазіргі қазақ сөйленістеріндегі білдіретін грамматикалық мағынасынан алшақ кетпейді. Себебі бұл жалғаудың халық тілінде әрі жақтық, әрі сыпайылық көптік мәнде жұмсалатынын бұған дейін айтқан болатынбыз. Тіпті әдеби тілдегі *-сыз* жіктік жалғауының о баста осы *-сыңыз* тұлғасында болып, кейін *-ың* *-ның* түсіп қалуы нәтижесінде

қалыптасуы да мүмкін. Тіліміздің тарихына үңілер болсақ, бұған ұқсас құбылыстар жоқ емес. Оған тіліміздегі *-тын* аффиксының әуелде тұрған деген дербес сөзден (тұрған <тұғын<тын) қалыптасқандығын немесе *бардым* түрінің архетипі *бардығым* болғанын айтсақ та жетіп жатыр [42,67]. Сөз болып отырған қосымша батыс өңірінен шыққан ақын жыраулар шығармаларында, кейбір халық жырларында да кездеседі:

Төрелікті құрмаңыз,  
Табылсын ексең, пайдаңыз,  
*Жетесіңіз* мақсатқа,  
Бар болса, ғылым, айлаңыз,  
( Сәттігүл )

Біріңіз бір- бір бедеу *мініпсіңіз*,  
Ойын – күлкі сәулетпен *жүріпсіңіз*.  
Жібек сұлу дегенің ауылы жақын,  
Бар еді, балам, қандай жұмысыңыз.  
( Қыз жібек )

Бұл *-сыңыз* жалғауының қазақ сөйленістерінде ертеден қолданылып келе жатқан өрісі кең, халық тіліндегі актив қолданыстағы грамматикалық тұлға қатарына жататындығын дәлелдейді. Сөйленістердегі бұл өзгешелік тұрғындардың жасына байланысты емес, әр түрлі жастағы адамдар тіліндегі құбылыс болып саналады.

Халық тіліндегі етістіктің өзге тұлғаларынан бір айырмашылығы – бұл қосымшаның бір - бірімен территориялық байланысы жоқ сөйленістік топтарына (батыс және шығыс сөйленістеріне) тән болуы. Бұл аталған жалғаудың жергілікті халық тілінде сақталып қалған көне түркі тілінен келе жатқан тілдік қолданыстардың бірі екенін көрсетеді.

### ***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:***

- 1.-*сыңыз* тұлғасы қай сөйленіске тән?
- 2.Сөйленістегі бұл қосымшаның грамматикалық қызметі қандай?
3. Лингвистикалық картадан *-сыңыз* тұлғасының таралу шегін анықтаңыз
4. Аталмыш тұлға туралы зерттеушілердің пікірі

### **§5. Етістіктің *-қын(-кін,-ғын,-гін,-ғыл,-гіл)* қосымшалы тұлғасы**

Оңтүстік сөйленістер тобында бұйрық райдың II жағы бұған дейін сөз болған *-ың,-ің*, тұлғасынан басқа *-қын,(-ғын,-кін,-гін,)* жұрнағы арқылыда жасалады. Бұл жұрнақ *-ың*, тұлғасынан тек жекеше түрде қолданылуымен ерекшеленеді. Ал сөйленістегі бұйрық райдың II жақ көпше түрі жоғарыда сөз болған диалектілік *-ың* тұлғасымен, сонымен бірге әдеби тілдегі *-ыңдар, -іңдер* эквивалентті арқылы айтылады.

Бұл тұлға етістік түбіріне тікелей және етіс тұлғаларынан кейін жалғанады. Мысалы; айт -қын, жаз-ғын, тарт -қыз -ғын, ұзар -т –қын. *-ғын* тұлғасы

да *-ың* формасы сияқты етістіктің көсемше, есімше, шартты рай, жедел өткен шақ формаларынан кейін жалғанбайды.

Бұның да болымсыз түрі синтетикалық жолмен жасалады: *айт-па-ғын, жаз-ба-ғын, тартқыз-ба-ғын, ұзарт-па-ғын*.

Лингвогеографиялық зерттеулерге қарағанда бұл ерекшелік оңтүстіктің едәуір жерін қамтитын кең аумақты құбылыстардың бірінен саналады. О. Нақысбеков оның Талдықорған қаласынан бастап Шиеліге дейінгі аралықты қамтитынын айтады. Ал Талдықорғанның шығысынан бастап *-қын* қосымшасы қосылмай бұйрық рай формасы негізгі етістік арқылы беріліп отырады.

Сөз болып отырған тұлғаны кейде жергілікті баспасөз беттерінің де кездестіріп қаламыз: Алысқа құр сандалып барғаныңша, біздің жаққа *келгін* де, жуынып тұр («Оңтүстік қазақстан»).

Диалектологиялық материалдардан *-ғын* тұлғасының оңтүстік өңірінен басқа Ауған, Иран қазақтарының тілінде де айтылатыны белгілі болып отыр. Мысалы: Бұл затты болса, айуанға қоя *салғын*. Кеуішінді далаңға шешіп *кіргін*. Орысиятқа шыққанда болса балаларды алдыңа алып *жүргін*. Анау жылаған баланы *айырғын*.

Жергілікті халық тілінде сақталып, ерекшелік ретінде танылып жүрген *-ғын* аффикісі тек екінші жақ жекеше түрде қолданылады. Басқа жақтарға түрленбейді. Мысалы: Менімен бірге *қайтқын*. Алысқа ұзап *кетпегін*. Балам, сөйтіп айтқанды *тыңдағын*, тапсырған жұмысты *орындағын*.

*-ғын* қосымшалы тұлғада ұғынылатын іс-әрекет орындаушысы үнемі тыңдаушы жақ болатындықтан, оның жүзеге асу, аспауы тыңдаушының ықылас ниетімен байланысты. Бұл тұлға арқылы берілген етістіктің шақтық мағынасын шартты түрде келер шақ деп қарауға болады, себебі тыңдаушыға тапсырма беру, бұйыру болашақта орындалу мүмкін іс-әрекет.

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері туралы еңбектерден бұл тұлғаның *-қыл* (*-кіл, -ғыл, -гіл* вариантынында ұшырайтынын көреміз. Мысалы: Сен осыны оған *айтқыл*.

С.Аманжолов *-қын* тұлғасының Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына қарағанда, Қызылорда облысында сирек кездесетінін және оның Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданында *-қың, -ғың* фонетикалық вариантында ұшырайтынын айтады.

*-ғын, -гін* қосымшасы XII – XIV ғасырларда жазылған жазба ескерткіштерде жиі қолданылған. Мысалы:

Бу кун таңқатәгин май хош *қылгин*

Бадиha бу газолни гаш *қылғын* (Мұхаббатнама)

XII – XIV ғасырлардағы ескерткіштерде бұл қосымшаның *-ғыл, -гіл* вариантыда көп кездеседі. Мысалы :

*Білгіл...* сабрсіз мурад насім болмас

*Ұстәріштәгіл* аңлар ішінгә мәгар ачһулук *Ұстәрішмак*

*Барғилу қилгил* талаб, э рохров

Сант бирла сүзини *юзмагил*

Сузинг ошкара сузла кизламагил

Эй азиз, мәни мазур тутгил

Деректерге қарағанда, *-гыл, -гил* тұлғасы Орхон Енисей жазба ескерткіштерінде де қолданылған: таңір тағі таарігә болмыш түрк білгә каран бу одка олуртм. Сабымын мукаты *асігіл*.

Осы мағынада олар ХІ ғасыр қараханидтер жазба ескерткіштерінде жиі ұшырайды:

Неку тер *эшитгил* киши әдгуси

Йуриб тап *тоқығлы* ахир өлгуш

*Алгіл* оғул мәдін оғұл эрдам тіла

Мың эр достуң эрса өкут *көрмәгил*

Мұндай мысалдарды көне ескерткіштерден көптеп келтіруге болады. Бұл деректер *ғыл,гил* қосымшасының көне дәуірде өте актив қолданылғанын көрсетеді. Бірақ олардың мағынасы аса бай болмаған, тек таза бұйыру мағынасын білдірген.

*-гыл, -гил* және *-гын, -гин* қосымшаларының қолданылу жиілігі мен мағынасын салыстырып, мынадай қорытынды шығаруға болады. Біріншіден, *-гыл, -гил* көне дәуірден бері қолданылған, ал *-гын, -гин* Орхон-Енисей, қарахандар дәуіріндегі жазба мұраларда кездеспейді. Соған қарағанда, олар ХІҮ ғасырдан бастап қолданыла бастаған болса керек. Бұл туралы А.М. Щербак: «Вторая форма категорического императива – типа баргин в текстах XII–XIV вв. Встречается очень редко. Употребление ее имеет место в Ташшук-наме, в сочинениях Эмира, Бабура и некоторых других авторов», – дейді. Екіншіден, олар бұйрық мағынада ғана қолданылған. Үшіншіден, бұйрық райының ІІ жағы қазіргі қазақ сөйленістеріндегі сияқты үш форма арқылы берілген: нөлдік форма, түбір етістікке *-гыл, -гил* жұрнағы жалғануы арқылы *-гын, -гин* қосымшасы арқылы. Зерттеушілердің айтуы бойынша, аталған қосымшалар түбірге бұйрықты күшейтетін мән қосады. Мәселен, А.Н.Кононов Әбілғазының «Түрік шежіресіне» сүйене отырып, түбір арқылы берілген бұйрықты «обычное приказание» сүйене отырып, түбір арқылы берілген бұйрықты «категорическое приказание» деп арнайы көрсетеді. Нақ осындай пікірді Щербак та айтқан болатын. Ол «Особой формой повеления, обращенного ко второму лицу, является категорический императив : *jegil* сэн кяла», – деп жазады. Екінші бір еңбегінде де осы пікірді қайталайды [46,145]. А.Н.Кононов өзінің соңғы бір еңбегінде «Форма почтительного приказания просьбы образуется с помощью аффикса *yi, gi* <*gil* где *gi, yi* - аффиксы будущего времени, I- дейктическая частица, входящая в состав указательного местоимения *ol*», – деп өзгеше пікір білдіреді. А.Н.Кононовтың бұл пікірін қолдаушылар бар. Мәселен, түрік ғалымы А.Ж.Эмре *-гыл, -гил* қосымшасының мағынасында қалау, кеңесу мәніне жуық реңктер бар дейді.

А.М. Щербак бұл форманың «Оғызнамада» бұйрық райдың ІІІ жақта айтылған түріне де қосылып айтылу фактісінің барлығын (болсұнғын) көрсетеді.

XIV ғасырдан бастап *-ғын, -гін* қосымшасының қолданылу аясы кеңіп, *-ғыл, -гіл* қосымшасын ығыстыра бастаған, кейбір тілдерде оның орнын басқан. Қазақ сөйленістеріндегі *-ғын, -гін* тұлғасының *-ғыл, -гіл* жұрнағына қарағанда жиірек қолданылуын осылай түсіндіруге болады.

*-ғыл, -гіл* қосымшасының XI ғасырда қолданылғандығы, оның сол дәуірдегі мағынасы мен тұлғасы, морфологиялық сипаты жөнінде толық мәліметті М.Қашқари «Диуанынан» кездестіреміз. Мәселен, ол «Дианның» II томында етістіктің бұйрық формасы екі түрлі деп ескертеді. Оның алғашқысы етістіктің түбір формасы арқылы берілетінін айта келіп, «Куп турклар буйрук феъллининг тинглавчи формада -қ келаси ва еки умуман қаттиқ талаффузли сузларда хамда буйрук охирида -ғ келганда *-гіл, -кіл*, юмшоқ сузларда ва узагида -к харфли сулган с уларда *-кіл, -гіл* орттырыб кулайулар», –дейді [50, 48]. Сондай ақ, бұл түрдегі бұйрық райлы етістік екінші жаққа айтылғанда ғана қолданылатынын, тыңдаушы екеу не одан көп болғанда, бұл сипат қолданылмайтынын ескертеді [50, 64]. Бұл форма «Диуани лұғат ат-түркте» жиі кездеседі:

Jrlgi мәнің азақ  
Кормазіб огрі тузақ  
Jklagim andin узақ  
*Эмлагил* эмді тузақ (Диуан1,311)  
Қалса қай отрајін  
*Бэргил* тақі ајуқлуқ  
Қарғіш қілуур умалар  
Јупчіғ қоруб қонуклар (Диуан,1,275)

Көне ескерткіштермен таныса отырып, жоғарыда аталған кезендерде бұл тұлғаның *-гул -гүл -құл -күл* варианттарының да қолданылғанын көреміз. Мысалы: бір урмақға миң қалта *ургул* (Тефсир,329). Эшиткан бу сузнинг луторина *дегул...*(Сараи,48)

Бұл тұлға XIV ғасырдағы трактаттарда жиі кездеседі. Мысалы, Әбу Хайанның «Әл идрак» шығармасында *-гул, -гүл* түрінде ұшырайды. Беріректегі XVI-XVII ғасырлар мұрасы саналатын армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінде» *-гін, -кін* тұлғасында (тергагін) кездеседі[51,11].

Сөз болып отырған тұлғаның генезисі жөніндегі пікірлердің бір тобы *-ғын -гін* қосымшасының шығу төркінін жеке сөзбен байланыстырады. Мәселен, В.В.Радлов бұл қосымшаның төркінін *қыл* етістігіне қарастырса, В.Котвичте *-қыл, -кіл, -ғын, -гін* қосымшасын жеке сөздерден туындайды дейді, бірақ оны түркі тілдері материалдарынан іздемейді, моңғол тіліндегі сөздермен байланысты қарайды: моңғол тілінде *қыл* етістігі *қы* түрінде айтылады [48, 78]. Егер моңғол тілі осы етістіктің өте ежелгі тұлғасын сақтап қалған деп қарайтын болсақ, онда түркі тілдеріндегі *-қыл, -ғын* тұлғалары тарихи тұрғыдан түбір (қы) мен қосымшадан (-л,-н) тұрады деп біл керек. Ал Г.И.Рамстедт бұл қосымшаның төркінін тұңғыс тіліндегі осымен мағыналас *kal, kel* формасынан қалыптасқан деп көрсетеді: “Дать определенное объяснение тюркскому повелительному наклонению на *-kil, -gul*, представляется затруднительным, так как его показателем здесь является либо древняя частица (со значением

примерно “же, все же”), а может быть, и древнее окончание. Тунгусский язык имеет для передачи того же значения окончание -kal, -kel, а корейский язык - kera. Его толкование так же как повелительное наклонение от -gyul “делать” algyul “возьми же” kulgil “приди”, – деп қорытынды жасайды [52, 259]. Ж.Дени т.б. түркітанушылар *-гыл,- гын* аффикстерінің арғы түбі *қыл* етістігі деп қарайды. Оның грамматикалану процесін М.Томанов былай көрсетеді: бар+қыл (синтаксистік тіркес) > бар+ғыл > барғын [53, 234].

Қазақ тілінің оңтүстік сөйленістеріне тән бұл тұлға П.М.Мелиоранский грамматикасында да сөз болады.

Қырғыз тілін зеттеуші И.А.Батманова - *гыл,- гіл* тұлғасын көпшілік түркі тілдерінде қолданылатын *-қыла,- кіле* қосымшасымен байланыстырады [54, 20]. Егер бұған келісер болсақ, олардың мағыналық жақындықтарын, даму жолдарын анықтау қажет.

*-гыла* қосымшасы қазіргі тілімізде де жат емес. Мәселен, ол тілімізде *ұрғыла, тартқыла, жұлқыла* тәрізді сөздерде етістік түбіріне жалғанып, қайталанып келетін амалды немесе қимыл әрекеттің дүркіндігін білдіреді. Мұндағы *-қыла,-гыла* жұрнақтары құранды екені анық. Етістіктен етістік тудыратын екі жұрнақ бірінің үстіне бірі жалғанып, іс әрекеттің қайталанатындығын, дүркіндігін білдіріп тұр. Көптеген ғалымдар да *-гыла,-гіле* қосымшасын екі морфемаға (*гы+ла*) ажыратады. Ал *-қы,- кі* морфемасы *-қ,-ы* элементтерінен тұрады. Э.В.Севортян *-ы,-і* формасын есімдерден етістік жасайтын қосымша дейді. Ғалымның пікірінше, *-қ* қосымшасы *-ық* тұлғасына ие болған, тілдің дамуы барысында *-ы* түсіп қалып, *-қ* формасы сақталған. Ал М.Оразов *-ла, -ле* көп амал әрекетті етістіктен етістік тудыратын қосымша дейді.

*-гын,-гін* тұлғасы бұйрық райдың II жағының көрсеткіші ретінде қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында кездеседі. Мәселен,

қырғыз тілінде: *келгин, барғын* [57, 182-183].

өзбек тілінде: *айтгин, туккин, чиққин, уқигин* [12, 418].

ұйғыр тілінде: *язгин, ишлигин, ейтқин* [58, 313].

татар тілінде: *эшләмәген* [59, 48].

Т. Ходжаев өзбек тіліндегі бұйрық райдың *-гын, -гін* аффиксімен келген III жақ түрін бұйрық мағынаның іс жүзіне асуына тек көмекші қосымша тәсіл дей келіп, оны шылау деп атау керек дегенді айтады [60, 15].

Ф.Юсупов татар диалектілерінде *-гын* қосымшасы жекеше мәнмен қатар көпше түрде де қолданылатынын айтады [15, 198]. Д.Г.Тумашева осы қосымшаның *-гыл, -гел* вариантын көне қосымша, ол қазіргі Сібір татарларының тілінде кездеспейді, тек халық ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған десе [59, 45-52], Ш.Ш.Абилов бұл тұлғаның татар ақындары Мухамедьяр мен Меллагур шығармаларында жиі кездесетініне мынадай мысалдар келтіреді:

И бу эштә йөрәкең сән даглагыл,

Мәрданалар дик билеңне баглагыл [61, 176].

Әзірбайжан тілінде атаған тұлға *-гынан (-гынан, кынан, киән)* вариантында (*башдакинән, чыхкынан*) кездеседі екен. Р.А.Рустамов ол туралы: «*-гынан*

этимологически связаны с аффиксом *-ғыл, -кил*, употребившимся в «КитабиДеде Горут», в азербайджанском литературном языке, начиная с XIV века», –дейді [3, 75-76]. Бұл *-ғыл* қосымшасының *-ғын* тұлғасынан кейін пайда болғанын тағы да дәлелдей түседі.

Сөз болып отырған тұлға халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, эпостық жырларда да кездеседі. Мысалы, «Айман Шолпан» жырында мынадай жолдар бар:

...Тілегінді *алғын!* дейді,  
Тезірек Көтібарға *барғын*, -дейді.  
Арманда болып қалар ер Көтібар,  
Тез атын, жау жарағын *бергін*, –дейді [62].

Сондай-ақ, төмендегі мысалдардан ауыз әдебиеті үлгілерінде *-ғын, -ғыл* тұлғаларының қатар жұмсалғандығын көреміз:

...Бұрынғыдай ойламай,  
Сабыр етіп *шыдағыл*  
Ашылық мынан тоғыңа...  
Көйлегіңнің астынан  
Тұрмасын шығып балағың...  
...Көз ұшымынан абайлап,  
Назарғып өзің *қарағын* [30, 277].

Етістіктің *-ғын* қосымшалы тұлғасы Ж.Жабаев жырларында да жиі ұшырайды:

Еркек болсаң, *қаашпағын*,  
Қайратыңды қарыштап,  
Өнерінді *бастағын*...  
*Мақтанбағын*, Сарбас жан,  
Қалың дулат ішінде...  
Ылағуыма жарайтын нысайың жоқ,  
Тізгінінді ірікпей *қоя бергін*...  
Тауаны тар адамдай *тарынбағын* [30, 280-281].

Диалектологиялық зерттеулерден оңтүстік қазақтарының тілінде бұл қосымшаның тағы бір ерекше қызық қолданысын көреміз. Мұнда *-ғын* қосымшасы әдеби тілдегі *да, та* демеушілік шылауынан кейін келіп, *-дағын, -тағын* түрінде де жұмсалады. Мысалы:

Мені де Сібір қылып жер аудартқын,  
Тезірек бір болысқа *жолықтағын* [63, 162].

*-тағын, -дағын* тұлғасы арқылы берілген етістіктің ойдың аяқталмағандығын, оған жалғас тағы бір әрекет болу керектігін көрсетеді. Назар аударыңыз: тезірек *жаздағын*, аппарып бергін, өзің оқып *алдағын*, жыртып таста. Апарып *бердағын*, жоқ болып кетпей, хабарын *айтып кеткін*. Әрине, бұл сөйлемдерде ойдың аяқталмағандығын білдіріп тұрған – құранды тұлға *құрамындағы та, да* шылаулары. Алайда ол түбір мен *-қын* жұрнағының арасына кірігіп, сөйленістегі тағы бір ерекшеліктің тууына себепші болып отыр.



Морфологиялық құрамы жағынан *-тағын* формасы, жоғарыда айтқанымыздай, *та, да* және *-ғын* деген тұлғалардан тұрады. Дағдылы жүйе бойынша бұл қолданыс *жолыққын да* (әдеби тілде *жолық та*) болар еді, алайда халық тілінде ол *жолықтағын* болып, етістік түбіріне бірінші *та* демеулігі, содан кейін барып *-ғын* жұрнағы жалғанып айтылып тұр. Әуелде бұл тұлға *жолыққын да* түрінде айтылып, кейін *да* демеулігінің түбір мен қосымша арасына кірігуі нәтижесінде басқа қолданысқа ие болуы мүмкін немесе әдеби тілдегі үлгіге (*жолық та*) диалектілік *-ғын* жұрнағының жалғануы арқылы қалыптасуы да ықтимал.

Мұндай заңдылық қазіргі тілімізде де бар. Мәселен, *ма* (*ме, ба, бе, па, пе*) сұраулық шылауының түбір мен қосымша арасына кірігіп, *бара-мы-сың, жүр-мі-сің* түрінде қолданылатыны белгілі. Бұл өзгешелік қазақ тілінің басқа сөйленістерінде байқалмайды.

Тілдегі әрбір құбылыс, ерекшеліктің пайда болуы тілдегі кездейсоқтық емес. Қандай бір өзгешелік болмасын, оның пайда болуы да белгілі бір себептерден туса керек. Біз сөз етіп отырған тұлғаның аталған сөйленістерде қолдану себебін зеттеушілер көрші түркі тілдерінің (ұйғыр, өзбек, қырғыз) ықпалымен түсіндіреді.[31;43]. Дегенмен, жоғарыда келтірілген тілдік фактілер бұл тұлғаның түркі тілдерінде ертеден қолданылып келе жатқан көне аффикс екенін дәлелдейді.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. *-ғын* қосымшасы қай сөйленістерге тән?
2. Аталмыш қосымша қандай ғалымдардың еңбектерінде сөз болды?
3. *-ғын* қосымшасының сөйленістердегі грамматикалық қызметі қандай?
4. Аталған қосымша сөйленістерде қандай варианттарда кездеседі?

#### **§6. Етістікті *-сай -сей (-сайшы,-сейші,-шайшы,-шейш)* қосымшалы тұлғасы**

Халық тілінде бұйрық райдың берілуіндегі өзіндік ерекшелік тудыратын тұлғалардың бірі – *-сай, -сей, -сайш(ы), -сейш(i), -шайш(ы), -шейш(i)* қосымшасы. Бұл тұлға тек екінші жақта ғана айтылады. Мысалы: Әрі-бері сенделмей, *отырсай*. Сен *тұрсай*, апа отырсын. Ол менің айтқанымды тындамайды, сен *айтшайш* т.б.

Етістіктің бұйрық райына қатысты бұл өзгешелік халық тілінде жоғардағыдай бірнеше фонетикалық вариатта (*-сай, -сей, -шайш/ы/, -шейш/и/, -сайш/ы/, -сейш/и/*) ұшырайды. Диалектологиялық материалдарға қарағанда, оның *-сай, -сей, -сайшы, -сейші* варианттары оңтүстік сөйленістер тобына тән де, *-шайшы, -шейші* варианты батыс сөйленістер тобында қолданылады.

О.Нақысбеков осы құбылысты диалектологиялық атласқа түсіріп байқағанда, таралуында біркелкіліктің жоқтығын айта келіп, Талдықорған, Алматы, Семей, облыстары тұтасымен, Жамбыл облысының Шу бойы, Шымкент облысының оңтүстік жағы, Ташкент облысындағы тұрғындардың бәрінде де *барсаңшы, келсеңші* түрінде, ал Қызылорда облысында түгелімен *барсайшы, келсейші* болып келеді дейді. Сондай-ақ, Жамбыл, Шымкент

облыстарының кейбір аудандарында екі тұлғаның қатар жұмсалатынын айтады. Мұнда *-сай,-сей* варианты ескерілмеген. Біздің байқауымызша, жоғарыда аталған аймақтарда *-сайшы,-сейші* мен *-сай,-сей* тұлғалары қатар жұмсалады, тіпті алғашқысына қарағанда соңғысы жергілікті тұрғындар тілінде актив қолданысқа ие. Бұған жергілікті тұрғындар тілінен жиналған тілдік деректер толық дәлел бола алады. Мысалы: *Тыңдасай* айтқанды. Тыныш *отырсай* жөніне. *Барсай*, сені шақырыбатыр ғой (экс.).

*-сай,-сей* тұлғасы сирек те болса көркем әдебиетте де ұшырасып қалады. Мысалы: осындай кең дүниеде жүріп адамның терісіне сыймай, аяқ астынан тарыла қалатынын *айтсай* (Қ.Ысқақов). Мұнда таза бұйыру мәні жоқ. Р.Әміров оның көтеріңкі поэтикалық стиль туғызу үшін жұмсалатынын айтады[66, 131].

Оңтүстіктің Қазақстанның кейбір аудандарында осы тұлға *-сашы, -сеші* түрінде де кездесіп қалады. Мысалы: Есікті *жапсашы*. Айтқанды бір *тыңдасашы* т.б.

Ш.Бектұров *-шы, -ші* жұрнақтарының қысқартылып айтылуы оңтүстікте әлдеқайда жиі, басым дей келіп, сөйленістердің батысында мүлде байқалмайтынын айтады. Сонымен бірге ол Сыр бойы қазақтарының тілінде дыбыстардың түсіріліп айтылуы жиі кездесетіндігін ескертеді [67, 208-209]. Демек, бұл *-сайшы, -саңшы* қосымшасының құрамындағы бірде *-шы*, элементінің, бірде *-й,- ң* дыбыстарының түсіріліп айтылуы оңтүстік сөйленістеріне тән ерекшелік екенін көрсетеді.

Ғ.Қалиев *-сайшы,- сейші* формасын *алсаңшы, берсеңші* тәрізді бұйрық рай орнына жұмсалған Арал сөйленісіндегі ерекшелік деп қарайды. Сонымен бірге ол П.М.Мелиоранскийдің бұл туралы пікірін келтіре отырып, *-сайшы, -сейші* бұйрық рай етістікті жұмсартушы қосымша деп есептейді [68, 13]. Бұдан Арал сөйленісінде *-сай,-сей* тұлғасының қолданылмайтыны көрініп тұр. Батысқа қарай жылжыған сайын бұл тұлғаның дыбыстық өзгеріске ұшырап, құбылтып отыратынын байқаймыз. Атырау, Маңғыстау сөйленістерінде, одан әрі Еділ бойы қазақтарының тілінде ол *-шайшы,-шейші* формасына ауысады. Осы деректерге сүйене отырып, сөз болып отырған тұлғаның еліміздің оңтүстігінен батысына қарай былайша өзгертетінін көреміз: *-сай, (-сей) -сайшы (-сейші) -шайшы (-шейші)*.

Моңғол қазақтарының Баян-Өлгий сөйленісінде сөз болып отырған тұлға *-саңчы, -сеңчі,-сөңчі* деген фонетикалық вариантта айтылады[69, 82]. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі қалау, тілек мәндегі *-саңшы, -сеңші* вариантына жақын.

Қазіргі қазақ тілінде етістіктің бұйрық формасына *-шы, -ші* модальдік қосымшасы жалғанса, ол форма бұйрық мәнінен айырылып, сұрану (I жақ), жалыну (II жақ), өтіну, қалау (IIIжақ) мағыналарын білдіретіні белгілі.

Мысалы:

I ж: <i>Мен барайыншы</i>	<i>Біз барайықшы</i>
II ж: <i>Сен баршы</i>	<i>Сендер барыңдаршы</i>
<i>Сіз барыңызшы</i>	<i>Сіздер барыңыздаршы</i>
III ж: <i>Ол барсыншы</i>	<i>Олар барсыншы</i>

Осы қосымша (-шы) шартты рай формасына тіркесе, шарттық мәнінен айырылады да, жүзеге аспаған және аспайтын неғайбыл (иреалды) амалды білдіреді. Мысалы:

I ж: <i>Мен барсамшы</i>	<i>Біз барсақшы</i>
II ж: <i>Сен барсаңшы</i>	<i>Сендер барсаңдаршы</i>
<i>Сіз барсаңызшы</i>	<i>Сіздер барсаңыздаршы</i>
III ж: <i>Ол барсашы</i>	<i>Ол барсашы</i> [70, 331-б.].

Бұл мысалдарды келтіріп отырған себебіміз көптеген зеттеушілер сөйленістердегі ерекшелік тудырып отырған тұлғаның төркінін осы жіктеу үлгісіндегі екінші жақтың көрсеткішімен байланыстырады. Яғни, *-сайшы*, *-сейші* (кейбір сөйленістердегі *-сай*, *-сей*) әдеби тілдегі шартты рай формалы етістікке *-шы* молдальдік шылауының жалғануынан пайда болған деп есептейді [29, 57].

Оңтүстік сөйленістерінде әдеби тілдегі бұл қатар жоғардағы мағыналық реңктерді сақтай отырып сол күйінде қолданылады. Сөйленістегі ерекшелік таза бұйрық мәнін беруде көрінеді. Бұл жағдайда етістік түбіріне *-сай*, *-сей* жұрнағы жалғанып, II жақтың тек қана жекеше түрін жасауға қатысады және мұнда ешқандай модальдік реңк байқалмайды, таза бұйыру бар. Мысалы: Ернар, *жүрсей* үйге. Дәсормалды ап *кетсей*.

I, II жақтарда және көпше түрде қолданылмайды. Яғни, *отырайынсай*, *отырсынсай*, *отырайықсай*, *отырыңдарсай* түрінде айтылмайды. Оның грамматикалық қызметімен мағынасы алдыңғы тақырыпта сөз болған *-ғын* тұлғасымен бірдей. Бұларды бір-бірінен ерекшелейтін сыртқы формасы ғана.

*-сайшы*, *-сейші* тұлғасының да негізгі атқаратын қызметі осындай. Тек мұндағы өзгешелік *-шы*, *-ші* элементінің сақталып айтылуында. Бұл екеуі де етістіктің болымды, болымсыз түбірлеріне және етіс жұрнақтарынан кейін жалғана береді: *барсай - барсайшы*, *қарамасай - қарамасайшы*, *оқытсай - оқытсайшы* т.б.

Бұған дейін сөз болған бұйрық рай формалары сияқты қимыл иесі тыңдаушы жақ болып, ісоқиға алдағы уақытта жүзеге асуы мүмкін әрекет болғандықтан, *-сай(- сей, -сайшы, -сейші, -шайшы, -шейші)* қосымшалы етістіктің шақтық мағынасын шартты түрде келер шақ деп қарауға болады.

Сөз болып отырған қосымшаларды тұлғасы мен негізгі атқаратын грамматикалық қызметінің бірлігіне қарай бір тақырып аясында қарастырып отырмыз. Алайда батыс сөйленістеріндегі *-шайшы*, *-шейші* вариантының қолданысында бұлардан (*-сай*, *-сей*, *-сайшы*, *-сейші*) аздаған айырмашылықтары бар.

Біріншіден, олардың сыртқы тұлғасындағы дыбыстық өзгешелік, яғни батыс сөйленістеріндегі қосымшаның *с* емес *ш*-мен айтылуы. Мұны *с~ш* дыбыстық алмасуының батыс сөйленістер тобына тән екендігімен түсіндіруге болады. Мысалы, еліміздің батыс өңіріндегі тұрғындардың *мысық* деудің орнына *мышық*, *есек* деудің орнына *ешек* деп айтатындығы диалектологиялық экспедиция материалдарынан белгілі.

Екіншіден, *-шайшы* жұрнағы бұйрық райдың үш жағына бірдей жекеше, көпше түріне талғамай жалғана береді. Қараңыз:

I ж. *Мен барайыншайшы*  
II ж. *Сен баршайшы*  
*Сіз барыңызшайшы*  
III ж. *Ол барсыншайшы*

*Біз барайықшайшы*  
*Сендер барыңшайшы*  
*Сіздер барыңызшайшы*  
*Олар барсыншайшы.*

Ал алдыңғы екі вариантының тек қана екінші жақта қолданатынын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл – *-шайшы* қосымшасының алдыңғы вариантынан ең басты айырмашылығы. Аталған тұлға сөйленістерде таза бұйрықтан гөрі тілек, өтініш мағынасын білдіреді. Мысалы: *Барып көршейш*, мүмкін жолың болар. Бүгін теңізге *барайықшайшы* (экс.). Жергілікті халық тілінде үнемі осылай соңғы дауысты түсіріліп айтылады.

Үшіншіден, үш жақта бірдей қолданылуына байланысты үш жақтағы тұлға да (мен, сен, ол) іс-әрекет, амалдың субъектісі бола алады. Ал *-сай*, *-сайшы* қосымшалы қимылдың тыңдаушысы тек екінші жақ болуымен байланысты екінші жақтағы тұлға ғана оның субъектісі болады.

Төртіншіден, *-шайшы* қосымшалы тұлға бұйрық райдың екінші жақ көпше түріне де қосылып айтыла береді, ал онымен салыстырылып отырған варианттары тек жекеше түрде ғана айтылады. Бұл қосымша (*-шайшы*) әдеби тілдегі бұйрық райдың I жақ көпшесін білдіретін *-ыңдар* тұлғасына емес, диалектілік *-ың* тұлғасына қосылып (*барыңшайшы*) айтылады.

Енді бұл қосымшаларды бір жұрнақтың фонетикалық варианттары ретінде қарауға себеп болып отырған негізгі ұқсас белгілері қандай?

Ең алдымен, олардың негізгі мағыналық қызметі - бұйрық, тілек мәнінде жұмсалуды. Екіншіден, дыбыстық құрамында ұқсастықтың, яғни негізгі элементтің (*-сай*) ортақ болуы. Үшіншіден, болымсыз түрлерінің синтетикалық жолмен жасалуы (*айтпасай*, *айтпасайшы*, *айтпашайшы*). Төртіншіден, түбірдің жуан, жіңішкелігіне қарай үндестік заңы бойынша жуан түбірге жуан, жіңішке түбірге жіңішке жалғануы (*оқысай – жүрсей*, *оқысайшы - жүрсейші*, *оқышайшы – жүршейші*).

Ал осы қосымшалар құрамындағы *-шы* элементінің сақталып айтылуы *-сайшы* мен *-шайшы* жұрнақтарын тұлғалық жағынан жақындатып, *-сай* тұлғасынан бөлектеп тұрса, жоғардағы айырым белгілер, керісінше, *-сайшы* мен *-сай* тұлғаларын бірыңғайлап, *-шайшы* қосымшасын оқшаулап тұрады. Бұдан *-сайшы* тұлғасы қалған екі жұрнақ арасындағы немесе оңтүстік сөйленістер мен батыс сөйленістері арасындағы аралық құбылыс деп қорытуға болады.

Келесі мәселе бұл тұлғалардың қазақ сөйленістерінде қайдан, қалай пайда болғандығы жөнінде. Әрине, бұл сұраққа жауапты алдымен көрші түркі тілдерінен, сонан соң тіл тарихынан іздейміз.

Морфологиялық құрамы жағынан *-сайшы* жұрнағы күрделі тұлға, ол *-сай* және *-шы* деген екі элементтен тұрады. Мұндағы екінші элемент, жоғардағы айтқанымыздай, әдеби тілдегі модальдік мән үстейтін *-шы* қосымшасы. Ал бірінші элементтің қалай пайда болғанын айту қиын, себебі көне жазбаларда мұндай құбылыс байқалмайды. Диалектологиялық зеттеулерден де бұл туралы жеткілікті мәлімет кездестіре алмадық. Аталған сөйленістер жөніндегі еңбектер де бұл форманың қазақ сөйленістерінде

кездесетіні айтылады, бірақ оның лексика грамматикалық сипатына, этимологиясына жете көңіл бөлінбеген [31;35;64].

-шайшы қосымшасының халық тілінде пайда болу жөнінде А.Тасымов мынадай қызық пікір айтады: « -шай форманты о баста -шы шылауына -ай, -ей одағайының тіркесуі арқылы жасалған: шай - шы+ай//-шы+ей (мысалы: алсаңшы-ей, қойшы-ей). Содан кейін дәл осы форманың үстіне қалау рай мағынасын күшейту мақсатымен -шы шылауы еселенген. Сөйтіп, -шай+шы күрделі тұлғасы пайда болған» [22, 80]. Ғалымның бұл пікірімен санаса отырып, өз топшылауымызды айтқымыз келеді. Бұл күрделі қосымшаның құрамындағы соңғы -шы элементінің әдеби тілдегі етістіктің бұйрық райына модальдік мән үстейтін қосымша екеніне дауымыз жоқ. Ал бірінші элементтің төркінін әдеби тілдегі өзімен қызметтес -саңшы (барсаңшы) тұлғасынан іздеу керек сияқты. Бұның құрамы үш элементтен (-са+ң+шы ) тұрады. Мұндағы -са - шартты райдың жұрнағы, -ң – II жақ көрсеткіші, ал -шы - жоғарыда айтқан модальдік қосымша. Біз сөз етіп отырған халық тіліндегі -сай тұлғасы әдеби тілдегі күрделі қосымша құрамындағы шартты рай жұрнағына сай келеді. Тағы да айта кететін жай сөз болып отырған жұрнақ кейбір сөйленістерде -саң, -сең, кейде жақ қосымшасынсыз -са, -се түрінде де кездесіп қалады. Мәселен, Қарақалпақстан қазақтарының тілінде бұйрық рай мағынасын күшейту, не жұмсарту үшін қолданылады: Ей, қойсаң! Сен енді айтсаң, не болды[26, 73]? Ендеше аталған тұлғаның төркінін осы шарттырай тұлғасымен бірлікте қараған жөн тәрізді. Енді әдеби тілдегі -са жұрнағы сөйленістердегі өзгешелік тудырып тұрған тұлғаға қалай ауысқан? Осы сұраққа жауап іздеп көрелік. Көрші түркі тілдері материалдарына зер салар болсақ, бұл қосымшаның өзбек ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатынын көреміз. Өзбек тілінің Қоқан, Жызақ диалектісінде шартты райдың II жақ жекеше түрі борсәй, көпшесі оқусайъз түрінде айтылады екен [71, 152]. Біздің ойымызша, аталған тұлғаның оңтүстік сөйленістерінде ұшырауы жергілікті халықтың өзбек халқымен қоян қолтық араласуы нәтижесінде қалыптасқан болса керек, яғни өзбек тілінен ауысуы әбден мүмкін.

Диалектологтар зеттеулерінде жергілікті ерекшелік ретінде қаралып жүрген, сөз болып отырған тұлғамен қызметтес -сана қосымшасын да осы тақырып аясында қарастыруды жөн көрдік. Себебі, біріншіден, ол қазіргі тұрғындар тілінде сирек кездесіп, қолданыстан шығып бара жатқан көне тұлғалар қатарына жатады. Екіншіден, бірқатар зеттеушілер оның жоғарыда сөз болып отырған тұлғамен шығу төркінін бірлікте қарастырады және мағынасы мен қызметтерінің ұқсастықтары да оларды бір қосымшаның варианттары ретінде қарауға мүмкіндік береді. Ж.Тектіғұл түркітанушылардың зеттеулерін алға тарта отырып, жалпы түркілік өткен шақ тұлғасының (-ды) аффикс ретінде дамуын дәлелдей келе, оған тән күмәнділік, сенімсіздік ізі қазіргі қазақ тәләндегі жедел өткен шақтың құрамында сақталғанмен, қалау, шартты, бұйрық рай тұлғалары мен тілек өтініш мәнді -шы,-ші тұлғаларында сақталып қалғандығын айтады. Ол -шы, -ші демеулік мәнді қосымшасы мен түркілік -дүр,- дір демеулігінің генезисі бір деп көрсетеді. Сондайақ, кей түркі тілдерінде аталған демеулік сана, сәне демеуліктері

құрмында дербестігін сақтап қалған болса, қазақ тілінде шартты, бұйрық рай тұлғаларынан кейін жалғанатын жұрнақ ретінде сақталған деген пікірді ұсынады. Бұл жердегі *-шы,- ші* тұлғасының қалыптасу төркінін былайша түсіндіреді: «Алтай тілдеріне тән *л,т,ш* дыбыстық алмасуының нәтижесінде қалыптасқан *-су//-ды//-сы* есімше көрсеткішінің бір мағыналық бөлшегі немесе *дур//дүр* демеулік шылауының қысқарған варианты болуы да мүмкін. Мұндағы *дүр* шылауының өзі түбірі мен ежелгі аорист *-р* көрсеткішінен қалыптасқан... Әдеби тілде айтарлықтай дыбыстық өзгеріске түскен *-шы//-ші* говорларда *-сәне//-сене* тұлғасында сақталып қалған» [72, 233]. Мысалы: Батыр мейманға маза берсәнә. Иә, солай болыпты десене [73, 151]. *Берсәнә, қайтсана* [30, 403].

Диалектологтар бұл тұлғаның батыс сөйленістеріне тән екенін айтады [73,27]. Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде *кетсен-ә, өлсен-ә* түрінде де айтылатындығын дәлелдейтін деректер бар [26, 73]. Бұл қолданыс дыбысталу жағынан *сана* тұлғасына ұқсас болғанымен, жоғарыдағы II жақ қосымшасымен келетін шартты рай тұлғасына *-а* демеулігінің тіркесуінен туған ерекшелік болса керек.

Біздің ойымызша, *-сана* қосымшасы – қарттардың тілінде ара-тұра ұшырасып қалатын, қазіргі ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігі ретінде сақталмаған, көне тілдік тұлғалардың бірі. Оның ауыз әдебиеті үлгілерінде, батырлар жырларында қолданылуы осыған дәлел бола алады. Мысалы:

*Қойсәнә, батыр, қойсәнә,  
Ашуы жоқ бол сәнә,  
Ашуыңды қоймасаң,  
Түсіремін ойсәнә* («Алпамыс батыр» жырынан).

Ш.Уәлиханов XIV-XV ғғ. туған деп есептейтін қазақ эпосынан мынадай мысал келтіреді:

*Сен енді бұл сапардан қайт сана,  
Қайтып Еділ өт сана,  
Еңсесі биік оз орда, -  
Еңкейіп сәлем бер сана...*

Бұл тұлғаның халық поэзиясындағы қолданыс ерекшеліктерін Е. Жұбанов жан-жақты қарастырып, лексика грамматикалық тұрғыдан толық сипаттап береді, сондықтан оны қайталап жатуды артық деп санаймыз [74, 113-123].

А.Байтұрсыновтың тіліміздегі етістіктің райларын жіктеуінде *азалы рай* деген рай түрі кездеседі. Ол *азалы райға* жақын *өтініштеу рай* бар деп ескертеді де, оған *барсана, турсана* сияқты сөздерді мысал ретінде келтіреді. *Азалы рай* қосымшасын ажыратып бергенде, *-сайшы, -сейші* арнайы тұлға ретінде к-рсетілген [38, 244].

Мұндай қолданыс үлгісі бірқатар түркі тілдерінде де бар. Мысалы: өзбек тілінде *борасан-а* (барасың а), қарақалпақ тілінде *келсань-а* (келші), қарашай-балқар тілінде *алсан-а* (алшы а), қырым татарлары тілінде *йат-сана* (жатшы) т.б.

Түрікмен әдеби тілінде *сана, сәнә* демеулігі, ал башқұрт тілінде *һана, һәнә* түрінде қолданылады.

Ә. Нұрмағанбетов Түрікменстанда тұратын қазақтардың тілінде кездесетін *сәне* демеулігін түрікмен тілінің ықпалы болса керек дей келіп, оның құрылымын II жақтағы көсемшеден кейін келетін жіктік жалғауы мен кейбір түркі тілдерінде кездесетін *a* тұлғалы демеуліктің қосындысынан пайда болмады ма екен (*-сын + a >сыңа>саңа> сана> сәне*) дейді [73, 152].

Бұл тұлғаның қалыптасуын Ж. Тектіғұл шартты рай көрсеткішінің бойынан іздейді [72, 234]. Жоғарда аталып өткен тұлғалардың барлығына ортақ мағына - қалау, тілек, бұйрық мәнді білдіру мақсатында жұмсалыу болса, қазақ және өзге түркі тілдерінде қалау бұйрық райын жасайтын өнімді формалардың бірі – *-са* шартты рай көрсеткіші. Оны қазіргі тіліміздегі *-са екен*, *-саң еді*, *-са игі еді* т.б. тәрізді күрделі тұлғалар құрамынан анық байқаймыз. Бұл *-са* жұранғының бойында әрі қалау, әрі тілек мәннің сақталып қалғандығын көрсетеді.

Б.А.Серебренников «*-са* шартты рай көрсеткіші өзінің шығу төркіні жағынан көне түркілік қалау райдың көрсеткіші болып табылады. Оның реликтік қалдықтары (қалау рай тұлғасында жұмсалыуы) қазіргі түркі тілдерінде де кездеседі», – дейді [75, 8]. Бұдан шартты рай формасының қалау, тілек мәнінде жұмсалыуы көне дәуірден келе жатқан құбылыс екенін көреміз.

В.Котвич *-са*, *-се* шартты рай тұлғасының шығу төркінін моңғол тіліндегі қалау рай жасаушы *-гасай*, *-гесей* (түркі тілінің *-йы// -йі* тұлғасында ұқсас) қосымшасына жақындатуға тырысады. «Егер де бұл болжамымызды тілдік деректермен нақтылауға мүмкіндік туатын болса, онда *-са*, *-се* қосымшасының шығу төркінін *-ды*, *-ді* қалау мәнді тұлғалары жататын категорияға жатқызуға болады», – дейді [52, 169]. Соған қарағанда қазақ сөйленістеріндегі ерекшелік туғызып отырған тұлға құрамындағы *-сай*, *-сей* осы қосымшадан қысқармады ма екен деген ой келеді.

Қалай болғанда да бұлардың бәрінен ортақ *-са* элементі бар. Ал оның шартты рай көрсеткіші екені анық. Аталған күрделі қосымша құрамындағы бізге жұмбақ элемент – *-й*. Егер, жоғарыда айтқандай, моңғол тіліндегі *-гасай* тұлғасынан дамыса, сол құрамындағы *-сай* элементі ретінде қабылдар едік. Алайда бұл жақындықты дәлелдейтін тілдік деректер бізде әзір жоқ. Сондықтан басқа пікірлерге де назар аударғанымыз жөн.

М.Қашқари *-са*, *-сә* қосымшасының күрделенген *-сақ* тұлғасының да етістік, есімдерге *жалғанып*, қалау, істі істеу, бір нәрсеге бейімділік, құмарлық мағыналарында (*Ол евгә барыгсақ ол оның үйге барғысы келеді*) т.б. жұмсалатынын анықтайды [76, 136]. Ж.Тектіғұл етістіктің рай категорияларының қимыл есімдерінен қалыптасқандығын дәлелдей келіп, қимыл есімдерінің етістік категорияларын қалыптастыруда *л//т//д//ш//с//қ//ғ//ж//й* алломорфтық сипаты сақталғандығын айтады [72, 246]. Ендеше, жоғарыда сөз болып отырған күрделі қосымшаның *-қ* элементі *-й*-ға ауысуы да мүмкін. Қалай десек те, жоғарыда келтірілген пікірлердің барлығы дерлік бұл қосымшаның төркінін шартты рай тұлғасына апарып тірейді.

Қазіргі қазақ тілінде де шартты рай қалау, тілек мәнін тудырушы форманттардың қатарында қаралады. Бұдан шығатын қорытынды: қазақ сөйленістеріндегі диалектілік тұлға ретінде танылып отырған *-сай*, *-сей* қосымшасының этимологиясы қазіргі тіліміздегі шартты рай тұлғасымен

тікелей байланысты. Ал оның бойындағы тілек, бұйрық мәнін көне дәуірден келе жатқан құбылыс деп танымыз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

- 1.-сай тұлғасы қандай фонетикалық варианттарда қолданылады?
2. -сай жұрнағының шығу төркіні жөніндегі ғалымдар пікірі қандай?
3. Аталған тұлғаның изоглосын көрсетіңіз.
4. Мерзімді баспасөз материалдарынан аталған тұлғаға байланысты мысал теріңіз.

### **§7. Етістіктің -тым, -тім (-тық,- тік) қосымшалы тұлғасы**

Диалектологиялық еңбектерде әзір көп сөз бола қоймаған жергілікті тіл құбылыстарының бірі – *айтып қойыптым, білмей қалыптық, тастап кетіптім* түрінде айтылатын етістіктің *-тым, -тім, (-тық,- тік)* қосымшалы тұлғасы. Грамматикалық мағынасы жағынан алғанда бұл тұлға әдеби тіліміздегі көсемшенің *-п, (-ып, -іп)* жұрнағынан кейін І жақ жіктік жалғауы (*-пын,- піп, -ңыз, -піз*) жалғануы арқылы берілетін етістіктің ежелгі өткен шақтық тұлғасына ұқсайды. Себебі оның қазақ сөйленістерінде атқаратын қызметі де әдеби тілдегі салыстырылып отырған тұлғаға жақын.

Бұл тұлға Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарында қолданылады. Мысалы: Кәрзеңкені бункердің жанына *қалдырып кетіптім*. Полядан ерте *чығып кетіптік* т.б.

Сөз болып отырған тұлға әдеби тілдегі өзімен мағыналас тұлғамен жарыса, соның дублеті тәрізденіп қолданатын диалектілік тұлғалар қатарына жатады. Әдеби тілдегі аталған тұлғаға қарағанда, бұл тұлғаның халық тілінде қолданылуы тым сирек. Алайда ол жоғарыда аталған аудандар тұрғындары тілінде анық байқалады.

*тым, тім, (-тық, -тік)* қосымшасының жәрдемімен жасалған тұлғаның грамматикалық мағынасы мен қызметін төмендегіше түсіндіруге болады.

Аталмыш тұлғаның негізгі білдіретін мағынасы – сөйлеп тұрған уақыттан бұрын істелген іс-әрекетті білдіру. Мұнда істі жүзеге асыруға сөйлеушінің өзінің тікелей қатысы бар екендігі көрінгенмен, істелген іс туралы оның өз түсінігінің анық еместігі, дүдәмал екендігі аңғарылады. Мәселен, Асығып жүргенде сенің заттарыңды *ұмытып кетіптім* деген сөйлемдегі *-тім*, қосымшалы етістіктің жәрдемімен жасалған *тастап кетіптім* деген баяндауыш мүшені алатын болсақ, оның мағынасынан *ұмытып кету* дегеннің өткен уақыттағы жайға қатысты іс екені ұғынылғанмен, іс-әрекеттің нақтылы болған болмағаны сөйлеушінің өзіне де онша аян емес екені байқалады. Сөйлеушінің хабарлауына қарағанда, өткенде өзі атқарған іс-әрекет жайындағы оның қазіргі ұғымы соншалық айқын емес сияқты көрінеді. Бұл жерде ол өзінің *ұмытып кеткенін* тек еміс-еміс есіне түсіріп отырған тәрізді. Тіпті сөз иесі өзіне тапсырылған жұмысты орындауды есінен мүлде шығарып алғанын басқа бір адамнан естіген дерегі бойынша ғана мәлімдеп отырған жоқ па екен деп те ойлауға боларлық. Мағыналық жағындағы осы тәрізді ерекшелік бұл тұлғаны әдеби тіліміздегі өткен шақтың ежелгі делінетін түрімен салыстырып



қараудың дұрыстығын дәлелдейді. Өйткені әдеби тілдегі өткен шақтың аталған түрінің мағынасында да осы тұлғаныкі сияқты дерексіздік бар. Мұнда да сөйлеушінің өткенде істелген өзі қатысты іс туралы хабарлауында белгілі дәрежеде шүбәлілік аңғарылады. Осы айтқанымыз дәлелді болу үшін жергілікті халық тіліндегі сөз етіп отырған тұлғаны төмендегі бірнеше мысал арқылы салыстырып көрейік.

жергілікті тілде:

*ұйықтап қалыптым*  
*тастап кетіптім*  
*айтып қойыптым*  
*ұйықтап қалыптық*  
*тастап кетіптік*  
*айтып қойыптық*

әдеби тілде:

*ұйықтап қалыппын*  
*тастап кетіппін*  
*айтып қойыппын*  
*ұйықтап қалыппыз*  
*тастап келіппіз*  
*айтып қойыппыз*

Шақтық мағынасы тұрғысынан *-тым, -тім, (-тық, -тік)* қосымшалы тұлға әдеби тілдегі онымен шектестіріп отырған тұлғаға тым жақын. Сөйлеп отырған адамның шүбәлануының өзінен-ақ біз оның бағзы бір уақытта істелген, бірақ қазір ұмытыла, естен шыға бастаған іс туралы баяндап отырғаны байқаймыз. Мәселен, Есіктен кіріп келе жатқан оны *аңғармай қалыптым* дегендегі *аңғармай қалу* етістігі арқылы танылатын іс әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан едәуір бұрын өткендігі байқалады.

*-тым, (-тім, -тық, -тік)* қосымшасы арқылы жасалған етістік тұлғасында сөйлеушінің өзі қатысқан істің ақиқаттығына шүбәлана қарауы сияқты жайдың болуының негізгі себебі сөз иесінің атқарылған іске басында саналы түрде араласпауынан. Яғни, сөйлеуші өзі тікелей қатысатын амал әрекетті алдын ала жоспарламағандығы немесе әдейі істемегендігі аңғарылады. Әдеби тілдегі бұрынғы өткен шақтың көсемше тұлғалы түрінде де іс әрекетке сөйлеушінің қатысуы әуелде саналы түрде болмағандығы тәрізді мағыналық реңк бар. Түркі тілдеріндегі бұл тұлғаны кей зеттеушілердің «неочевидное прошедшее» деп айтуы да сол себептен.

*-тым, (-тім, -тық) -тік* қосымшалы тұлғаның әдеби тілдегі онымен салыстырылып отырған тұлғамен грамматикалық мағынасы жағынан жоғарыдағыдай ұқсастықтары болуымен қатар, одан басқа өзіндік ерекшеліктері де бар. Оның осындай басты айырмашылықтарының бірі – көпшілік етістіктің тұлғаларындай үш жақта бірдей қолданылмай, тек бірінші жақта ғана қолданылуы. Әдеби тілдегі бұрынғы өткен шақтың *-n, (-ын, -ін)* тұлғалы түрі үш жақта бірдей жекекше, көпше түрде құбыла алады:

жекекше

көпше

Iж. *барыптын*

*барыптыз*

IIж. *барыпсың*

*барыпсыңдар*

*барыпсыз*

*барыпсыздар*

IIIж. *барыпты*

*барыпты*

Ал сөз етіліп отырған диалектілік тұлғада мұндай жіктелгіштік қасиет жоқ. Ол жекекше қолданылғанда да, көпше қолданылғанда да тек I жақта ғана

тұрады. Оның жекеше түрдегі қосымшасы *-тым, -тім* (барыптым, келіптім), көпше түрінікі *-тық, -тік* (барыптық, келіптік). Сондықтан оны көсемшенің *-ын* тұлғасынан кейін келетін I жақ жіктік жалғауының (*-ын, -ыз*) орнына қолданылатын ерекшелік деп танымыз, яғни сөз болып отырған тұлға – сөйленістердегі жіктік жалғауының I жақ көрсеткіші.

*-тым, -тім (-тық, -тік)* қосымшалы тұлға жекеше қолданылғанда бірінші жақтың етістік тұлғалары секілді істі атқаруға қатысты субъектінің сөйлеушінің өзі ғана екенін аңғартса, көпше түрде қолданылғанда істі атқаруға қатысты субъектінің ішіне сөйлеушінің өзінен басқалардың да кіретінін білдіреді. Мәселен, *білмей айтып қойыптым* дегенді *айтып қою* деген іс-әрекеттің иесі тек сөйлеушінің өзі болса, *ұйықтап қалып, кешігіп қалыптық* дегенде, *кешігіп қалу* әрекетіне сөйлеушінің өзінен басқа бір немесе бірнеше адамның қатысы барлығы аңғарылады. Бұл қосымшаның сөзге жалғану тәртібінде тіліміздегі өзге қосымшалардан айырмашылығы жоқ. Бұл да жалғанатын сөзінің әуеніне еріп, бірде жуандап (*-тым, -тық*), бірде жіңішкеріп (*-тім, -тік*), фонетикалық тұрғыдан құбылып отырады.

Құрамы жағынан алғанда, бұл қосымша екі элементтен тұрады. Оның бірі қосымшаның өзгеріске ұшырамайтын алғашқы *-ты, -ті* элементі де, екіншісі - бірде *-м*, бірде *-қ* болып өзгеріп отыратын соңғы элементі. Мұның алғашқы элементін әдеби тілдегі жедел өткен шақ құрамындағы *-ды* қосымшасымен салыстыруға болады, ал кейінгі жекелікті білдіретін *-м*, көптікті білдіретін *-қ, -к* өзгермелі элементін алатын болсақ, ол осы жедел өткен шақтың бірінші жақтық жіктелу үлгісіндегі *-м, -қ, -к* қосымшаларымен дәл келеді. Сондықтан сөз болып отырған *-тым, (-тім, -тық, -тік)* қосымшасының этимологиялық жағын онымен салыстырылып отырған жоғарыдағы қосымшамен шендестіріп қараған жөн. *-тым, (-тім, -тық, -тік)* қосымшалы тұлғаның әдеби тілдегі ежелгі өткен шақтық тұлғамен ұқсас келетін тағы бір белгісі оның көсемшенің *-н, (-ын, -ін)* тұлғалы түрінен кейін жалғанатындығы. Жергілікті халық тілінде *-тым, (-тім, -тық, -тік)* қосымшасы жалғанған етістік көбіне-көп көмекші етістік қызметінде қолданылуы дербес қолданысымен салыстырғанда анағұрлым көбірек.

Жіктеу тұлғалы етістіктер секілді бұл тұлға да сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалады.

Оның морфологиялық құрамындағы элементтердің әдеби тілге жат еместігін ескеріп, аталған тұлғаның этимологиясына терең бармадық. Себебі тілдің тарихына қатысты грамматикаларда ол қосымшалар жөнінде жергілікті айтылған.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. *-тым, -тім* тұлғасы қай сөйленістерге тән?
2. Аталған қосымшаның пайда болу жолын түсіндіріңіз.
3. *-тым, -тім* тұлғасының әдеби тілдегі баламасы қандай?

## §8. Етістіктің *-ық, -ік* қосымшалы тұлғасы

Функционалды грамматика тұрғысынан алғанда, персоналдылық функционалды-семантикалық өрісінің негізін жақтық грамматикалық категориясы құрайтынын бұған дейін де айтқан болатынбыз. Оның жіктеу есімдіктері мен етістіктің жіктелу жүйесінде көрініс табатыны да белгілі. Персоналдылық орталығын құрайтын есімдік пен етістік формалары түрлі грамматикалық категорияларды емес, бір грамматикалық категорияны білдіреді. Персоналдылық бір орталықты функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастырылады. Етістік пен есімдік әр түрлі категорияға жатқанымен, жақ семантикалық тұрғысынан, олар өзара жақындасады да, өзінше өріс түзейді. Оның өзегін бірінші, екінші жақ есімдіктері мен етістіктері құрайды.

Жақтылық аясында сөйлеуші мен тыңдаушы бір-біріне қарсы қойылады. Қазақ сөйленістеріндегі жақтылық байланысты өзгешеліктер, әсіресе осы бірінші, екінші жақтарда байқалады. Солардың – бірі қазақ сөйленістеріне кең тарамаған, тек жекелеген аудандарда қолданылатын етістіктің *-ық, -ік* қосымшалы тұлғасы. Ол Маңғыстау тұрғындарының тілінде жиі айтылады. *-ық, -ік* тұлғасы бұл өңірдегі мекендейтін халық тілінде *отыр, тұр, жатыр, жүр* қалып етістіктеріне жалғанып, осы шақ етістік тұлғасын жасайды. Бұл қосымшаның жуан варианты (*-ық*) жуан түбірлі *жатыр, тұр, отыр* етістіктеріне жалғанады да, жіңішке (*-ік*) варианты бір ғана *жүр* етістігіне тіркеседі: *отырық, тұрық, жатырық, жүрік*.

Аталған сөйленісте *-ық, -ік* қосымшасы әдеби тіл мен қазақ тілінің көпшілік сөйленістеріндегі *-мыз, -міз* жіктік жалғауының орнына жүреді.

Мысалы,

сөйленісте:	әдеби тілде:
<i>айтып жүрік</i>	<i>айтып жүрміз</i>
<i>қарап отырық</i>	<i>қарап отырмыз</i>
<i>бара жатырық</i>	<i>бара жатырмыз</i>
<i>көріп тұрық</i>	<i>көріп тұрмыз</i>

Бірінші жақтық қатынасты білдіруде адамға қатысты, адам әрекеттеріне байланысты етістіктер қолданады. Өйткені бірінші жақ (мен) - сөйлеуші, амалды жеткізуші. Оның орнына жансыз зат немесе жанды тіршілік иесі болуы мүмкін емес, себебі адамзаттан басқа тіршілік иелерінің саналы сөйлеу қабілеті жоқ екені белгілі. Бірінші жақтық қатынастың парадигмалық мәні диалогтар мен нақты бір адамның монологтарында көрінеді. Бұл мағына бірнеше семантикалық белгілерді қамтиды. Атап айтқанда: сөйлеуші, тыңдаушы, орындаушы. Бірінші жақтық қатынасты жасайтын форманың инвариант мағынасы–сөйлеушінің іс-әрекетке қатысын өзінің субъективті көзқарасы негізінде шындыққа сай келу келмеуі тұрғысынан жеткізуімен анықталады.

Көпше бірінші жақтық қатынастың парадигмалық мәні –бірнеше субъект, олардың біреуі ғана нақты сөйлеуші болады. Бұл парадигмалық мән синтагмалық деңгейде, түрлі контекстерде мынадай мәндерге ие болуы мүмкін:

-сөйлеуші мен тыңдаушының сәйкес келуі. Мысалы: *Екеуміз* (сенімен) *тамақтанып отырық*. Мұндай жағдайда қимылға тыңдаушының араласатынын білдіреді.

-сөйлеуші мен бірнеше тыңдаушының сәйкес келуі. Мысалы: Міне, *сендермен* тағы да *кездесіп отырық*. Мұнда сөйлеу жағдаяты мен *сендермен* лексикалық құралының тіркесуі арқылы сипатталады.

Сөз болып отырған тұлға бұл сөйленісте жекеше мағынада да жұмсалады. Бұл кездегі жекеше бірінші жақтық қатынастың парадигмалық мәні түбірдің сөйлеуші субъектіге сәйкес келуі болып табылады. Оның жекелік, көптік мәнін контекстен байқауға болады. Мысалы:

– Барам дегесін *баршайш* енді!

–*Баратырық қо!* (экс.).

Мұнда бірінші сөйлеуші жеке бір ғана адамға бұйырып тұр. Ол іс әрекетті жүзеге асыратын, яғни тыңдаушы - жалғыз адам. Әдеби тілде:

–Барам дегесін *барсаңшы* енді!

–*Бара жатырмын* ғой! –болар еді. Демек, сөйленістегі *-ық*, *-ік* тұлғасы I жақ жекеше, көпше түрде қатар жұмсала береді. Бірақ оның жеке мағынада жұмсалуы, көпше түріне қараған сирек.

Қазіргі тілімізде тек көптік мәнде жұмсалатын *-дық*, *(-дік)* қосымшасы көне түркі тілдерінде әрі көптік, әрі жекелік көрсеткіші ретінде қолданылған. М.Қашқари: «Яғма, тухси, чігіл, арғу, ұйғыр және чыңға дейінгі барлық тайпалар өткен шақ етістігін *-ды* (барды) қосып жасауға бейім болса, оғыздар мен қыпшақтардың кейбірі –суварлар *қ*, *з* әріпті сөздерде және барлық қатаң айтылатын сөздерде *-ы* орнына *-қ* қосып айтады. Сол сияқты *-к* әріпті және жіңішке айтылатын сөздерде *-ді* орнына *дук* қосылады. Бұларда бірлік пен көптік ұғым айырымсыз бір тұлғамен айтылады», –дейді. Мысалы: *мән йармақ тір дук*, *биз йа: курдук* т.б [76, 116].

Олай болса, аталған сөйленістегі *-ық* тұлғасының ара-тұра жеке түрде жұмсалуы көне түркі тілдерінен қалған із болса керек.

Сөйленістегі *-ық* тұлғалы етістік I жақта ғана айтылатындықтан, қимыл иесі үнемі сөйлеушінің өзі болады. Ал көпше түрде айтылғанда, қимылдың субъектісі бірнеше адам екені аңғарылады, бірақ сөйлеуші сол көпшіліктің ішінде міндетті түрде қатысады. Сондықтан да бұл жердегі іс, оқиға нақты сипатта көрінеді де, істің, оқиғаның ақиқаттығы айқын болып тұрады. Мысалы: Біз кітап *оқып отырық* деген сөйлемдегі *оқып отырық* етістігінен қимыл-әрекеттің сөйлеуші баяндап тұрған мезгілде өтіп жатқандығы анық байқалады. Бұл жердегі қимыл иесі бірнеше адам болғанымен, сөйлеуші олардың арасында оқиғаны өзі басынан кешіріп отыр. Сондықтан да орындалар іс-әрекет долбар болуы мүмкін емес.

*-ық*, *-ік* тұлғасы әдеби тіліміз үшін де жат емес, оны біз күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданамыз. Сөйте тұра мұны диалектілік, грамматикалық тұлға көлемінде сөз етуіміздің сыры неде? Бұл *-ық*, *-ік* жұрнақты тұлғаның жоғарыда аталған территория тұрғындары тілдегі қызмет ерекшеліктерімен байланысты. Біз бұл жерде *-ық*, *-ік* жұрнақты тұлға әдеби тілде де бар дегенде, оның сөйленістегі тұлғамен этимологиялық жағынан бір тұлға екендігін ескеріп

айтып отырмыз. Ал қазіргі мағынасы мен қызметі жөнінен алғанда айырмашылығы бар. Біріншіден, сөйленістегі *-ық* тұлғасы қалып етістіктеріне тікелей жалғанып, нақ осы шақ мағынасын береді. Ал әдеби тілдегі тұлға етістік түбіріне тікелей жалғана алмайды, ол тек жедел өткен шақ, шартты рай, бұйрық рай тұлғаларынан кейін ғана жалғанады.

Екіншіден, әдеби тілдегі тұлға тіліміздегі барлық етістікке (салт, сабақты) бірдей талғамастан жалғана береді, ал сөйленістегі тұлға тек қалып етістіктеріне ғана жалғанатындықтан, сабақты етістіктерге жалғана алмайды.

Үшіншіден, әдеби тілдегі тұлға болымды, болымсыз етістіктерге бірдей жалғана берсе, сөйленістегі тұлға тек болымды етістіктерге ғана жалғанады. Ал сөйленістегі тұлғаның болымсыз түрі *көсемше+отыр* (*жатыр, жүр, тұр*) конструкциялы аналитикалық етістіктің негізгі компонентіне болымсыз етістіктің жұрнағы жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *білмей жүрік* (білмей жүрміз), *көрмей тұрық* (көрмей тұрмыз).

Сөз болып отырған тұлғаның әдеби тілдегі өзімен салыстырылып отырған тұлғамен ұқсастығы неде?

Біріншіден, екеуі де сөйлемдегі субъектінің осы тұлға арқылы танылатын қимыл иесінің өзі болатындығын білдіреді.

Екіншіден, қимыл иесінің бірнешеуі екенін, яғни көптік мәнді білдіреді. Басқа түркі тілдерінде дәл мұндай құбылыс байқалмағанмен, татар тілінің кейбір диалектілерінде керісінше *-қ, -к* жалғауының орнына *-мыз, -міз, -быз, -біз* жалғауларының қолданылуы кездеседі екен. Бұл туралы Ф.Ю.Юсупов: «Характерной особенностью барабинского диалекта является образование лица множественного числа при помощи личного аффикса *-быс* (парды-быс), который употребляется параллельно с аффиксом *-к*. Пес гурытқа *партыбас*, ул муна қалыпты. «Мы ездили в город, он остался здесь». Пес кән *эшләнтебес*, қәсер йалта. «Мы много трудились, сейчас в пенсии», – деп бірнеше мысалдар келтіреді [15, 101]. Мұндай мысалдарды татарлар мен көрші басқа түркі тілдерінен де келтіруге болады:

алтай тілінде: *чыктыбыс* «біз шықтық»

хакас тілінде: *таайадыбыс* «біз сұрадық»

тува тілінде: *алдывыс* «біз алдық»

шор тілінде: *шыктыбыс* «біз шықтық».

Бұдан жіктік жалғауының I жақ көпше түрлерінің ауысып қолданыла беретіндігін көреміз.

М.Қашқари етістіктің өткен шақ тұлғасында сөйлеуші оғыздардың көбі бірінші жақтың орнына бірлік ұғымда да, көптік ұғымда да *-қ* немесе *-к* әріптерін қолданатынын атап өтеді [76, 116].

Олай болса тарихи тұрғыдан өткен шақтың I жақ көпше *-дік* тұлғасы баяндауыштық қызметте тұрған *-ды+қ* құрамды қимыл есімі аффиксі болып табылады. Көне түркі тілінде *біз бардық* өткен шақ тұлғасының *біз бардымыз, біз келдік* тұлғасының *біз келдіміз* түрінде айтылуы *-дуқ// -дық* аффиксінің екі элементтен құралған (*-ды// -ді және -қ(-мыз)*) көптік-жинақтық мән білдіруші элемент құранды қосымша екенін дәлелдейді. Осы аталған *-дуқ // -дық* тұлғасының бойындағы *-қ* көптік тұлғасы *-мыз, -міз* көптік қосымшасының

пайда болуымен ығыстырылып, алғашқы *-ды* тек қимыл есімі тұлғасы мен қазіргі жедел өткен шақтың баяндауыштық тұлғасындағы жіктелу үлгісінде сақталып қалған. Мұны, жоғарыда айтқанымыздай, көне түркі ескерткіштер тілінде *-ды*, *-ді* қимыл есімінен кейін *-мыз*, *-міз* көптік тұлғасының жалғанып келіп, *-дық* тұлғасымен қатар қолданылуы айғақтайды. Ендеше, қазақ сөйленістеріндегі *-ық* қосымшасының *-мыз* жіктік жалғауының орнына қолданылуын көне түркі тілінен қалған із деп тұжырымдауға болады.

Диалектологтар еңбектерінде бұрын-соңды сөз болмаған *-ық* тұлғасын Маңғыстаудан басқа өңірлерде де ара тұра кездесіп қалатынының куәсі болып жүрміз. Мәселен, төменгі Жайық бойында Ресейдің Саратов ауданында тұратын қазақтар тілінде де ұшырайды. Бірақ оның мұнда жұмсалуды Маңғыстау тұрғындарымен салыстырғанда сирек. Еліміздің басқа өңірлерінде мұндай құбылыс байқалмайды.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. *-ық*, *-ік* қай сөйленіске тән?
2. Бұл қосымша туралы Ф.Юсуповтың қандай пікірі бар?
3. М.Қашқари қандай пікір айтқан?
4. Осы қосымшаны қатыстырып, диалог құрастырыңыздар.

## **§9. Етістіктің *-лы*, *-лі*, *-алы*, *-елі* қосымшалы тұлғасы**

Қазақ тілінің бірқатар сөйленістерінде жұмсалып, өзіндік ерекшелік тудыратын тұлғалардың бірі етістіктің *-лы*, *-лі*, (*-алы*, *-елі*, *-лық*, *-лік*) қосымшалы тұлғасы. Бұл қосымша әдеби тілдегі бұйрық райдың I жақ көпше түрінің (*-йық*, *-йік*) орнына жұмсалады. Мысалы: Замандас, әңгіме айтып *отыралы* (отырайық), жол ұзақ. Бәріміз жабылып мынаны *аударып тасталы* (тастайық).

*-лы*, *-лі* қосымшасы дауыссыз дыбысқа біткен сөздерден соң қосылғанда көсемшенің *-а*, *-е* жұрнақтарын қабылдап, буын үндестігіне қарай жуан, жіңішке түрінде жалғана береді: Ертең екеуміз ауылға *баралы*. Сонда еркін *сөйлеселі*.

*-лы*, *-лі* қосымшалы етістіктің грамматикалық сипатын сөз етпес бұрын оның қазақ тілінің қай сөйленістеріне тән екенін анықтап алайық. Зеттеушілер *-лы*, *-лі* қосымшалы тұлғаның еліміздің батыс және оңтүстік өңірлеріне тән екенін айтады.

Мәселен, Ә.Нұрмағамбетов оғыз тілдеріне тән *-малы*, *-мелі*, *-алы*, *-елі*, *-лы*, *-лі* қосымшаларының мақсаттылық, міндеттілік мағына үстейтін тұлға деп тани келе, оның түркі тілдерінің оғыз тобына тән екенін, сондай-ақ, чуваш, татар тілдері диалектілерінде кездесетіндігін айтады. Ал «Қазақ тілі говорларының батыс тобы» еңбегінде бұны осы аталған сөйленіске тән диалектілік тұлға деп көрсетеді [77, 105].

С.Омарбеков аталған тұлға Маңғыстау сөйленісінен басқа Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының кейбір аудандары мен Ақтөбе облысының Байғанин ауданында айтылады дейді [14, 156].

А.Бөрібаев *-лы, -лі* тұлғасы Орда қазақтарының тілінде де ұшырайды десе [2, 19], Н.Жүнісов бұл тұлғаны Қарақалпақ қазақтарының тіліндегі өзгешелік жасаушы актив тұлғалардың бірі деп таниды [26, 81].

Ш. Сарыбаев П. М. Мелиоранскийдің «Форма желательного наклонения I л. мн. числа (*баралық*) и т.д. в кара-киргизском наречие является без конечного к. Это бывает хотя и реже, и в казак-киргизском языке» деген пікірін келтіре отырып, *-лы* тұлғасының батыс сөйлністерінің бәріне бірдей ортақ еместігін, тек Маңғыстау өңіріне ғана тән екенін ескертеді [79, 114].

Бұл деректерден сөз болып отырған өзгешеліктің еліміздің оңтүстігі мен батыс өңірлерінде айтылатынына көз жеткіземіз.

Сөйленістерде бұл тұлға қатаң бұйрық мәнінде емес, оның қалау, тілек мағыналық реңкінде жұмсалады. Олай дейтін себебіміз, дәстүрлі грамматикада бұйрық I райдың жағының семантикасы мен функциясы жөніндегі дау күні бүгінге дейін шешілмей келе жатқандығы белгілі, себебі түркологияда бұл туралы келісім пікір жоқ. Мәселен, А.Н.Кононов, Н.К. Дмитриев, А.А.Юлдашев, Т. Ходжаев бұйрық райдың I жағын қалау рай аясында қарастырады [60, 6]. Н. Сауранбаев: «Грамматическое значение лица, числа повелительного наклонения - это не приказ в прямом смысле слова, обращение говорящим действия к определенному субъекту в виде повеления, просьбы, побуждения, предположения, решения. Следовательно, повелительное наклонение нельзя рассматривать только как приказание», –деп, бұл қосымшаның тек бұйрық мағынасында ғана емес, тілек мәнінде де айтылатынына назар аударады [27, 286].

Ж. Досқараев бұларда қалау, тілек мәнінен гөрі бұйрық райының білдіретін мағынасы басым дейді [5, 11].

Жоғарыдағы пікірлерді саралай келе, *-лы, -лі* тұлғалы етістікті қазақ сөйленістеріндегі бұйрық рай көрсеткіштері қатарында танығанымызбен, онда қалау, тілек мәннің басым екенін мойындамасқа болмайды.

Бұған дейін сөз болған бұйрық райдың басқа формаларынан өзгешелігі мұнда қалау, тілек мәндегі іс-әрекетке тыңдаушы ғана емес, сөйлеушінің де тікелей қатысы барлығы аңғарылады. Мысалы: Жүр, *баралы*, оны тауып алып жолықтырмасақ болмас. Кейінгі балаларға лайықты, үлгілі *сөз тасталы*. Мысалдардағы *баралы, сөз тасталы* деген *-лы* қосымшалы етістік баяндауыштардан ұғынылатын *бару, сөз тастау* амал-әрекеттері –сөйлеушінің өзінің тікелей қатысуымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін әрекеттер. Қимылдың субъектісі ретінде кейде сөйлеуші мен тыңдаушыдан басқа бөгде біреулер де қатысуы мүмкін, яғни субъекті кемінде екі немесе одан да көп адам болады. Бұл контекст арқылы ғана ажыратылады. Мысалы: *Бәріміз* бірігіп, тез бітіріп *тасталы*. Мұндағы амал-әрекетке үшінші (тіпті төртінші...) жақтың қатысын білдіріп тұрған сөз – жақ тұлғалы жалпылау есімдігі – *бәрі*. Бұл *-лы* тұлғасын бұған дейін сөз болған бұйрық рай тұлғаларынан ерекшелеп тұратын бір белгі. Өйткені *-ың, -ғын* тұлғалы етістік білдіретін амал-әрекетке сөйлеуші жақ қатыспайды.

*-лы, -лі* тұлғалы етістік арқылы көрінетін қимылды, әрекетті атқарушылардың бірі сөйлеушінің өзі болатын болуымен байланысты халық

тіліндегі бұл тұлға тек I жақта ғана айтылады. Аталған тұлға арқылы айтылатын сөйлемдердегі баяндауыштардың жағын олармен қиысушы бастауыштардың жағымен салыстырып көрейік: *Біз күте тұралы*. Екеуміз қайтып келелі. Бәріміз бір ананың балдарындай тату болалы. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, *-лы* тұлғалы етістік баяндауыштың бастауыштары көбіне біз жіктеу есімдігі немесе I жақтық формадағы жалпылау есімдіктері мен жинақтық сан есімдерден болады.

Бастауыштың сөйлемде үнемі көрінуі міндетті емес: Кейін тағы да көріселі. Бір өзіне қиын болар, Жәкеңе көмектеселі.

*-лы, -лі* тұлғалы етістік сөйлемде тек баяндауыш қызметін ғана атқарып қоймайды, кейде амалдың, қимыл-әрекеттің түрлі сапа-белгісін білдіріп пысықтауыш орнына да жұмсалады. Мысалы, Сіздерге *сәлем беріп қайталы* деп келдік. *Шу асауды ұсталы* деп жігіттерді ерітіп келдік деген сөйлемдерде не үшін, не ақсатпен сұрақтарына жауап беріп, мақсат пысықтауыш қызметін атқарып тұр. Мұндай жағдайда *-лы* қосымшалы етістік әдеби тілдегі өзімен салыстырылып отырған тұлғамен қызметтес деп айтуға келмейді. Оның дәл қай тұлғаның орнына жұмсалып тұрғаны түсініксіз болып қалады. Тіпті контекстке қарай кейде *-ғалы, -гелі* келер шақ көсемшенің орнына да қолданылатын кездері болады. Мәселен, *сәлем беріп қайталы келдік* пен *сәлем беріп қайтқалы келдіктің* арасында айтарлықтай семантикалық та, функционалдық та айырмашылық жоқ. Олай болса, сөйленістердегі *-лы* тұлғалы етістік баяндауыш қызметінде жұмсалғанда ғана оның жақ көрсеткіші екені анық аңғарылады, ал пысықтауыш қызметінде қолданылғанда, қай грамматикалық категорияның көрсеткіші екенін айыру қиын.

Бұл туралы С.Аманжолов «Вместо обычного окончания первого лица множественного числа повелительного наклонения *-йық, -йік* в западном диалекте, как и в южном употребляется *-лы, -лі*, что делает предложение также малопонятным» дей келіп, «Ер Тарғын жырынан» мынадай үзінді жолдар береді:

Сен де бір жүрген ер, – деді,  
Қағысалы кел, – деді [30, 404].

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы *-лы* тұлғалы етістіктерді барыс формалы қимыл атауымен (сәлем беріп қайтуға келдік, шу асауды ұстауға келдік, қағысуга келдік) немесе қимыл атауы мен үшін шылауының тіркесі арқылы (сәлем беріп қайту үшін келдік, шу асауды ұстау үшін келдік, қағысу үшін келдік) ауыстырып айтуға да болар еді.

Сөйлемде айтылып отырған іс-әрекетке тыңдаушымен қатар сөйлеушінің өзі де қатысатындықтан, ол әрқашан көптік мағынада жұмсалады.

С.Омарбеков *-лы* тұлғасының Маңғыстау сөйленісінде ара-тұра жекеше мәнде айтылатынына мысал келтіреді. Бірақ оның сөйленістегі грамматикалық ерекшелігін белгілей алмайтындығын, кейбір стилистикалық мүмкіндіктерін ғана танытатынын орынды аңғарады [14, 155].

Бұл қосымша жалғанған етістік істің, амалдың дәл сөйлеп тұрған уақытта емес, келешекте жүзеге асу мүмкіндігін білдіреді, сондықтан келер шақта қараған жөн. Мұны көбінесе *-лы* тұлғалы баяндауыштың сөйлемдердегі осы



баяндауышқа тәуелді кейбір мезгіл мәндес сөздердің шақтық мәнінен аңғаруға болады: Ертең дұрыстап *ақылдасалы*, ұмытпай келің. Келесі жылы қалайда оқуға *тапсыралы*.

-лы, -лі тұлғасы етістіктің болымсыз түріне де қосылып айтылады. Мысалы: Көп сөйлеп сөз қадірін *кетірмелі*. Бостан-босқа *отырмалы* т.б.

Жергілікті ақын-жазушылар шығармаларында да болымды, болымсыз етістікке жалғанып, қалау, тілек мәнінде ұшырайды:

Сайлалы ерді әділ сотқа,  
Бұрмай заңды ұстайтұғын...  
Осы бастан ойламай,  
Өкініп кейін қалмалы...(Ж. Жантөбетов)  
Қарғыс берер Қарашаш -  
Қайта айналып баралы-ай,  
Төрехандай ініге  
Қорған бола барам деп,  
Алдап кетіп қалалы-ай  
Төрехан төре саналы,  
Терезеден қаралы...(Н.Байғанин).

Жыраулар тілінде болымды, болымсыз түрде жақ қосымшасынсыз келіп мақсаттылық мәнде жұмсалады:

Бұл кездескенде не десті  
Бүгін үйде жаталы  
Алла қосса, таңертең  
Шаруаға бір жер қарап келелі, –деп еді (Қашаған).  
Етпеске кеңес келелі,  
Азырақ сөйлеп берелі (Майлықожа)

Ауыз әдебиеті үлгілері болып саналатын халықтық жырлардың алғашқы нұсқаларында да осы мағыналарда жақ қосымшасынсыз келетінін көреміз:

Есен болсам, қайтып та мен келелі,  
Келе алмасам, сол жолда -ақ мен өлелі,  
Құдай қосқан қосағым сұлу Баян,  
Қодар құлға не қылып мен қиялы...  
...Өткен іске өкініп біз кеталы,  
Біраз айтып мұратқа біз кеталы

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу).

Зерттеулерге карағанда, бұл құбылыс қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында жүйелі түрде қолданылатынын байқаймыз. Мәселен, ұйғыр тілінде бұйрық мағынасында бірінші жақ көпше түрде *-әйлі*, *-айли* болып айтылады: *көрәйли*, *қарайли*, *йазайли* [80,92 ] т.б. Ә.Қайдаров бұл тұлғаның көбіне ұйғыр тілінің хамий диалектісінде, сондай-ақ Шығыс Түркістанның оңтүстік-батыс және солтүстік аудандарындағы ұйғырлар тілінде жиі ұшырайтын құбылыс екенін көрсетеді [58,71].

Қырғыз тілінде кейде *-алы* (*баралы*) [57, 181], оның Ош сөйленісінде *-айли*, *-ейли* (*барайлы*, *келейли*) [81, 73] болып айтылады.

Өзбек тілі диалектілерінде *-айльй* (келайльй) [82, 105], түрікмен тілінде *-ели* (гезели) [12, 128], карақалпақ диалектілерінде *-алы* (сырлашалы) [6, 450] тұлғаларында жұмсалады.

Қазіргі түркі тілдеріндегі фактіні былай қойғанда, сөз болып отырған құбылыс көне ескерткіштерде де жиі кездесетінін көруге болады. Атап айтқанда, Орхон-Енисей ескерткіштерінде *baralum* (өтінелік, сөйлелік), Кодекс Куманикусте *ajitali* (*айталы*) түрінде айтылғандығын дәлелдейтін мәліметтер бар.

«Түрік шежіресінде» бұйрық райдың I жақ көпше түрі *-йық, -йік* жалғауымен қатар *-лы, -лі* қосымшасы арқылы да жасалған. Мысалы: Фэлан күннің ішінде фэлан йерде *табұшалы*. Иол ізлеб табалы, көчүб *чықалы* [33,123].

«Жамиғат-ат тауарихта» *-алым, -әлім, -алы, -әлі, -алың, -әлің* тұлғаларында да кездеседі: Біз нешүк *әндінкечелім*, әнің фәрменін нешүк халаф *қылалаым* (91). Офкә сөзін айтып ибәрді *йарашалы* теп (59) т.б.

Қазақ сөйленістерінде сөз болып отырған тұлға жақ қосымшасымен келіп *-лық, -лік* түрінде де айтылады. Диалектологиялық зерттеулерден оның жоғарыда аталған сөйленістерден басқа Еділ бойы қазақтарының тілінде қолданылатынын көреміз [22, 77]. Ал оңтүстік сөйленістері мен батыс сөйленістерінде бұл екі тұлға қатар жұмсалады. Алайда бұл форманың көбінесе батыс өңіріне тән екенін айтпасқа болмайды.

Халық тіліндегі бұл екі қосымшаның мағыналық белгілері мен грамматикалық қызметтері бірдей. Сондықтан *-лық* тұлғасының грамматикалық сипатына жеке тоқталып жатпаймыз. Тек оның қазақтың жалпыхалықтық тілінде де қолданылатынын айта кеткен жөн. Мәселен, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің классикалық үлгілері Абай, Ыбырай шығармаларында көп кездеседі:

Кел, балалар, *оқылық,*

Оқығанды көңілге

Ықыласпен *тоқылық.*

Одан берідегі ақындар шығармаларынан да кездестіреміз. Мысалы:

Орта жүз жеті рулы керей-уақ,

Айрылды алты арыс боп бұл арадан.

*Айталық* мұны қойып, басқаларды

Қыпшақтың бар деп айтар дастандары [82, 47].

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының Шоқан жазып алған Жанак нұсқасында бұл қосымша жақ қосымшасынсыз *-лы* түрінде кездесе, Березин нұсқасында *-лық* тұлғасымен берілген:

Мекен іздеп, жігіттер, кел *кетелік,*

Ортасында көк төбе белгі *етелік.*

Азаматтар, ерінбей тындасаңыз,

Қозы Көрпеш -Баянды *тербетелік.*

Бұл фактілерден өткен ғасырларда-ақ *-лы, -лық* тұлғалары бірінің орнына бірі қолданылғанын көреміз, бірақ қазір айтылуы сиреп, көнере бастаған, әдеби тілден гөрі халықтың ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелік болып саналады. Сөз

болып отырған қосымшалардың бір-біріне жақын, әуелгі шығу төркіні бір екенін қазақ диалектологтарының біразы қолдайды [14;31].

М.Томанов *-лы, -лі, -алы, -елі* тұлғасын тілдің ескі дәуірінің қалдығы дей келе, оны көне түркі жазбаларының ішінде ұйғыр-оғыз тобына тән деген қорытындыға келеді [83, 68].

*-лы, -лі* қосымшасының шығуы, қалыптасуы жөнінде түркітанушылар арасында әртүрлі пікір бар. Мәселен, В.А.Гордлевский оны алғашқы сын есім тудырушы жұрнақтан қалыптасқан десе [52, 262-265], А. Н. Кононовтың пікірі бойынша, қалау райының *-алы* тұлғасы (П.М.Мелиоранский де мұны қалау рай деп таныған болатын [84, 52]) *-ғай > а + лық > -алың > -лы* [45, 151], Н.А.Баскаковша, *-ғай > ай > а + лық > алық > алы* тұлғаларының ықшамдалуынан жасалған [6, 449-450]. В. Котвич те А. Н.Кононов пен Н. А. Баскаковтың пікірін қолдап, *-а* тұлғасын *-ғай* элементінен қалыптасқан десе, *-лық* қосымшасының шығу төркіні жайында екіұшты пікір білдіреді. Оның пайымдауынша, алтай тілдеріне ортақ *-лық* көрсеткіші жинақтау-көптік жалғауы ретінде сақталып қалған *-л* көрсеткішінен қалыптасқан, ал оның *-лы* тұлғасында жұмсалуды *-лық* қосымшасындағы қ дыбысының түсірілуінен немесе көршілес қосымшадағы *-ы* дыбысының *-л* элементіне ығысуынан пайда болуы мүмкін [52,174]. Қалай болғанда да, *-алы, -ғалы, -улы* қосымшаларының құрамындағы *-лы, -лі* тұлғасының бойынан ежелгі есім тудырушы қосымшаның мағыналық ізі анық аңғарылады.

Олай болса, қимылдың иесін білдіруші *-лы, -лі, -ды, -ді, ты, -ті* қосымшаларының *-ды, -ді, ты, -ті* варианты қазіргі түркі тілдерінде өткен шақ тұлғасында қолданысқа ие болып, сақталып қалса, ал алғашқы көне *-лы, -лі* варианты тек қазақтың эпостық шығармалары мен диалектілерінде сақталып қалған.

Сонымен, диалектологиялық зерттеулер бойынша, *-лы, -лі, -алы, -елі* тұлғасы оңтүстік және батыс сөйленістер тобына тән. Бұл құбылыстың аталған өңірлерде ұшырауы көршілес түркі тілдес халықтар тілінде жиі қолданылуымен түсіндіріледі.

Аталған тұлға – диалектілік ерекшеліктер ішіндегі тілдің ескі дәуірінің қалдығы. Оған көне жәдігерлердегі тілдік фактілер дәлел.

*-лы, -лі* тұлғасы көне түркі жазбалары ішінде оғыз тобындағы тілдерге тән.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. *-лы, -лі* қосымшасы қай сөйленістерге тән?
2. Ауызекі сөйлеу тілінде қандай фонетикалық варианттарда ұшырайды?
3. Аталмыш қосымша қандай грамматикалық қызмет атқарады?
4. Осы қосымшаны қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

## §10. Етістіктің *-малы, -мелі* қосымшалы тұлғасы

Халық тіліндегі формасы жағынан жоғарыда сөз болған тұлғаға ұқсас, бірақ мағынасы мен грамматикалық қызметі мүлдем бөлек етістік тұлғаларының бірі – *-малы (-мелі, -палы, -пелі, -балы, -белі)* қосымшалы тұлға. Кейбір қазақ сөйленістерінде мақсаттылық, міндеттілік мәнде айтылып, етістіктің өзге тұлғаларына қарағанда сирек кездесетін құбылыс.

Диалектологиялық зерттеулерден бұл тұлға батыс сөйленістер тобында, оның ішінде Түрікменстан, Қарақалпақстан қазақтарының тілінде кездесетінін көреміз [34;39;68;79].

Мәселен, Ә.Нұрмағанбетов «Түрікменстан қазақтарының тілі» атты еңбегінде *-малы, -мелі* және оның фонетикалық варианттары зерттеліп отырған говорға тән етістік жұрнақтары екені анық [73, 135-139] деп көрсетсе, «Қазақ тілі говорларының батыс тобы» зерттеуінде оны Маңғыстау сөйленісіне тән грамматикалық ерекшелік ретінде таниды. Бұл тұлғаның Түрікменстан қазақтарының тілінде қолданылуы дау туғызбайды, өйткені оны растайтын тілдік деректер баршылық. Ал Маңғыстау өңірінің байрығы тұрғындарының ауызекі сөйлеу тілінде мұндай қолданыс байқалмайды. *-малы* тұлғасын осы сөйленіске тән деп есептейтін зерттеушілер XVIII-XIX ғ.ғ. жыраулар тіліне сүйеніп айтқан болса керек. Себебі аталған тұлға жыраулар поэзиясында көбірек кездеседі:

Әй, жігіттер, жігіттер,

Бұл арада *тұрмалы*

Аттың басын бұомалы (Қалнияз)

Өткен ғасырларда, жыраулар өмір сүрген кезеңде бұл тұлға жергілікті халық тілінде кең қолданылуы мүмкін. Бірақ қазіргі тұрғындар тілінде ол диалектілік ерекшелік ретінде сақталмаған.

Б. Бекетов *-малы, -мелі* жұрнақты етістіктер Қарақалпақстанның барлық жерінде емес, тек Аққамыс, Қылышбай, Ақ башлы тәрізді қазақтар мен түрікмендер аралас отырған жерлерде ғана кездесетіндігін айтады [36,73-179].

Б.Өтебеков зерттеулерінен бұл тұлғаның Ауған-Иран қазақтарының тілінде де айтылатынына куә боламыз. Мысалы: Нөмірәйін сызбаған соң ұзын-шұбақ уәғаннан қалай *таппалы*. Тағамды болса, кәм-кәм *жемелі*. Бұхарайы қаланшаның (кілем) бәрлерін Пәкстан *анармалы*. Ол *-малы, -мелі* тұлғасының аталған сөйленісте жиі қолданылуын олардың сол өңірде тұратын түрікмен халқымен тығыз байланысының әсерінен туған ерекшелік деп есептейді [43, 49].

Диалектологтардың бұл пікірлерінен *-малы, -мелі* жұрнағының қазақ сөйленістерінде қолданылуы көрші түрікмен халқымен қоян-қолтық араласуы нәтижесінде ауысқан құбылыс деген тұжырым жасауға болады. Ал аталған тұлғаның негізінен түркі тілдері ішінде оғыз тобындағы тілдерге тән екендігін дәлелдейтін тілдік деректер жетерлік. Ол фактілер бұл құбылыстың қазіргі түркі тілдерінің біразында қолданылатынын да айғақтайды.

*-малы* тұлғасы башқұрт тілінің диалектілері мен чуваш тілінде, әзірбайжан, түрік, гагауз, сондай-ақ қырым-татарларының тілінде де кездеседі.

Әзірбайжан тілінде міндеттілік райын жасай отырып, үш жақта бірдей айтылады: *кәлмәлјәм, кәлмәлисән, кәлмәлидер*. Әзірбайжан тілінің жазба ескерткіштерінде жақсыз тұлғада да кездеседі. Бұл жағдайда грамматикалық жақтарға бірдей қатысты іс-әрекетті білдіреді және ондағы міндеттілік мән кеңес, шақыру тәрізді мағыналық реңктерге ие болады.

Чуваш тілінде келер шақта орындалатын іс-әрекетті білдіреді. Кейбір зерттеушілер татар диалектілерінде айтылуын чуваш тілінің әсері деп есептейді. Алайда чуваш тіліне қарағанда, татар тіліндегі мағынасы кең.

Ф.Юсупов бұл тұлғаның басқа түркі тілдерінде түрлі мағынада айтылуы мен көне жазба ескерткіштерінде кездесетіндігін ескеріп, оны жалпы түркі дәуіріндегі көне форма деп қарайды [24, 18].

Ә.Нұрмағанбетов өзі зерттеген сөйленістерде бұл қосымшаның екі түрлі қызметте жұмсалатынын көрсетеді: а) мақсатты келер шақ жасайтын *-ақ, -мек, -мақшы, -мекші* көрсеткіштерінің орнына (Мен киноға бармалы едім – барақшы едім); ә) баяндауыш қызметінде, дәлірек айтқанда, *-у* қимыл атауы мен *керек, тиіс* модаль сөздерінің тіркесіп, предикаттанғанда беретін мағынасы орнына (Мен бармалы едім - менің баруым керек еді) қолданылады [85,67].

Мағына жағынан алғанда *-малы* қосымшалы тұлға белгілі бір амал-әрекетті жүзеге асыруда қимыл иесіне міндеттілік жүктеп тұрады. Етістіктің мұндай формада келетін түрі түрікмен тілінің грамматикасында «ишлигиң хөкманлық формасы» (етістіктің міндеттілік формасы) деп аталады [77, 175].

*-малы* қосымшалы тұлға – Түрікменстан және Қарақалпақ қазақтарының тілін әдеби тіл мен басқа қазақ сөйленістерінен бөліп тұратын құбылыстардың бірі. Сөз болып отырған тұлғаның изоглосы шағын аймақты қамтығанымен, жоғарыдағы сөйленістерде жиі қолданылатын өзгешелік болып саналады.

Түрікмен тілінде *-малы, -мели* (жуан, жіңішке) вариантында ғана айтылса, қазақ сөйленістерінде тіліміздің заңдылығына байланысты оның дыбыстық варианттары (*-палы, -пелі, -балы, -белі*) көбейген, мағыналық жағынан да өзгеріске ұшыраған.

Мақсаттылық мәнде жұмсалатын келер шақ есімшенің (*-мақ, -мақшы*) қызметін атқаратындықтан, бұл форма арқылы берілетін іс-әрекет келер шақта орындалады. Ал татар тілінің диалектілерінде үш шақта (осы шақ, өткен шақ, келер шақ) бірдей айтылады екен [24, 16-17].

*-малы* қосымшалы тұлғаның болымсыз түрі қазақ сөйленістерінде де, өзге түркі тілдерінде де аналитикалық жолмен жасалады. Мысалы, татар тілінде болымсыздықты білдіретін түгел [24, 16], түрікмен тілінде жоқ мәнді дәл [85, 67], қазақ тілінде *емес* көмекшілерінің тіркесуі арқылы айтылады (айтпалы емеспін).

Бұл қосымша арқылы берілген іс-әрекеттің субъектісі контексте онымен предикаттық қатынаста тұрған сөздің тұлғасы арқылы анықталады. Мысалы: Біз тойға бармалымыз. Олар ертең қайтпалы.

Сөйленістерде сөз болып отырған тұлға осылай жақ жалғауларын қабылдап та айтылады. Бірақ оның жақ көрсеткішімен айтылуына қарағанда, жақ көрсеткішінсіз айтылуы басым.

Қазіргі тілімізде де бұл қосымшаның омонимдік сыңары бар. Бірақ ол етістік формасын емес, сын есім тудырушы жұрнақ қызметін атқарады. Мысалы: *құламалы жер, аспалы шам, бұрмелі көйлек* т.б.

Бұл екі қосымшаның шығу төркіні бір болуы мүмкін. Себебі түркітануда аталған қосымшалардың төркінін бірлікте қарайтын пікірлер бар. Мысалы, түрікмен ғалымдары бұл күрделі қосымша құрамындағы *-ма* етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ, ал *-лы* зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ деп түсіндіреді. Н.З.Гаджиева да осы пікірге қосылады [86, 59]. Осы ғалымдардың пікіріне сүйеніп, жоғарыда келтірілген әдеби тіліміздегі *құламалы, аспалы, бұрмелі* деген сөздерді құрамына қарай талдар болсақ, олардың бәрінің де түбірлері (*құла, ас, бұр*) етістік екенін көреміз. Екінші морфема (*-ма, -па, -ме*) етістіктен зат есім тудырушы, ал *-лы* туынды зат есімнен сын есім жасап тұрған жұрнақ. Басқаша көрсетсек: *құла+ма+лы, ас+па+лы, бұр+ме+лі*. Демек, сөйленістегі тұлға мен әдеби тілдегі онымен салыстырылып отырған қосымша құрамы жағынан бірдей екені анық.

Сондай-ақ, кейбір ғалымдар бұл қосымшаны *-ақ, -мек пен -лы, -лі* тұлғаларының қосындысынан пайда болған дейді. Татар тілін зерттеушілердің бірі Л.Залая да осы пікірді қолдайды [25, 19]. М.Қашқари еңбектеріне сүйене отырып, В.Котвич түркі тілдерінде алғашқы кезде *-шақ, -лығ* тұлғаларының *-ша, -лы* түріне дейін қысқарғаны сияқты инфинитив *-мақ, -мек* формасы да *-ма, -ме* тұлғасына дейін ықшамдалған деп түсіндіреді [52, 113].

Ж.Тектіғұл жоғарыда келтірілген ғалымдар пікірімен келісе отырып, «қазіргі тілімізде қолданылып жүрген *-малы* қосымшасының әдеби тілде сын есім тудырушы қосымша, ал говорларда, оғыз тілі топтарында етістікке тән тұлға ретінде қаралуы, оның ежелгі дәуірде әрі есім, әрі етістік мәнді қатар білдірген (*-ма және -лы*) синкретті қосымшалар болғандығын дәлелдейді», – дейді. Оған дәлел ретінде тіліміздегі ілме *–ілмек, жарма –жармақ, құйма – құймақ* т.б. мысалдарды келтіреді [72, 242].

Жоғарыдағы ғалымдар пікірлеріне біз де қосыламыз, себебі *-малы* және *-ақ* қосымшаларына ортақ, оларға негіз болып отырған алғашқы *-ма* тұлғасы болса, *-лы, -қ* элементтері де –алғашқы есім мәнді қосымшалар, қимыл есімдерінен *шақ* категориясы қызметіне ауысқан грамматикалық тұлғалар.

Ә.Нұрмағанбетов ертедегі жазба ескерткіштерді былай қойғанда, Әбілғазы шежіресінің өзінде етістіктің міндеттілікті білдіретін тұлғасы *-малы, -мелі* жұрнақтары арқылы емес, синтаксистік тәсілмен берілгендігіне мән бере отырып, *-малы* жұрнағы кейін пайда болған деп есептейді. Мысалы: Андақ *ajtmäk* karak (Осылай айту керек), Туркләргә туркана *ajtmäk* kägäk (Түркілермен түрікше сөйлесу керек) [73;87].

Бұл қосымша қашан қалыптасса да, қазақ сөйленістерінде тілдердің интерференциясы (бір-біріне әсер етуі) нәтижесінде пайда болғандығы анық.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. *-малы, -мелі* қосымшасының таралу шегін анықтаңыз
2. Аталмыш қосымша туралы Ә. Нұрмағанбетов қандай пікір айтты?
3. Н.З.Гаджиева мен В.Котвичтің пікірлері қандай?
4. –малы қосымшасының сөйленістердегі грамматикалық қызметі қандай?

## §11. Етістіктің *-тұғын* қосымшалы тұлғасы

Етістік тұлғаларына байланысты өзгешеліктердің көбі - сөйленістердің бәріне бірдей тарамай, тек белгілі бір сөйленістік топтарда ғана сақталып, өзіндік ерекшелік тудыратын құбылыстар. Сондай тұлғалардың қатарында еліміздің оңтүстік-шығыс өңірі тұрғындары тілінде көбірек қолданылып, басқа аймақтарда айтылмайтын *-тұғын* қосымшасын атауға болады. Бұл тұлға, әдетте, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасы бойынша көсемшенің *-а (-е, -й)* формасынан кейін келіп, есімшенің ауыспалы шағын жасайтын *-тын, -мін* жұрнағының орнына жұмсалады. Мысалы: Оның әкесі өлең-жырды жақсы айтатұғын (айтатын). Оның баратын жері алыстұғын (алыс болатын) т.б.

Диалектологиялық экспедициялар материалдары мен зерттеушілердің еңбектері аталған тұлғаның Ұлытау, Жезқазған тұрғындары тілінде, Семей облысының Абай, Шұбартау аудандары мен осы өңірдің Аягөз ауданына Қытайдан көшіп келген қазақтар тілінде, Шу, Қызылорда сөйленістерінде қолданылатынын айғақтайды [5;31; 67; 88].

Ш. Бектұров сөз болып отырған тұлғаның Қызылорда сөйленісінде кейде ықшамдалып, *-тын, -мін (бартын, жоқтың)* түрінде де жұмсалатынын айтады [67,212].

Б.Өтебеков зерттеуінің нысаны болған Ауған-Иран қазақтарының тіл ерекшеліктері ішінде *-тұғын* тұлғасы көрсетілмегенмен, зерттеушінің қосымша ретінде ұсынған мәтіндерінде аталған тұлға жиі кездеседі. Мысалы:

Ақ көйлек етегіне *емелейін*,  
Ауғанға не деп сауда жіберейін,  
Қолымда жүзігім жоқ *беретұғын*  
Питаға сәлем айтып жіберейін...  
Өзімде де иншалла ....  
Жөн *білетұғын* шама бар  
Хош болындар, ағалар... [43, 104]

Әсіресе, бұл тұлға аталған аймақтан көшіп келген оралмандардың сыңсу, жоқтау сынды ауыз әдебиеті үлгілерін айтқан кездегі өлең арасында түсінік ретінде берілетін қара сөздерінде де жиі кездеседі. Мысалы: Әжесіне *айтатұғын* сыңсу білэй болады. Босағадан шығып бара жатқанда *айтатұғын* қоштасу шер білэй. Мынау болса, келіншектің күйеу үйіне баратұғындағы беташар тойда айтылатын шер [43, 122-125].

Ал автордың не себепті оны зерттеу объектісіне алмағаны түсініксіз. Қалай болғанда да жоғарыдағы материалдар Ауған-Иран қазақтарының тілінде де *-тұғын* формасының актив қолданылатын қосымша екендігіне дау туғызбаса керек. Бұл өңірде де ол басқа сөйленістердегідей грамматикалық сипатқа ие.

А.Тасымов Еділ бойы қазақтарының тілінде бұл тұлға *-тоғын* фонетикалық вариантында ұшырайтынын айта келе, оның жергілікті халық тілінде айтылуы ұзақ жылдар бойы көршілес отырған татар, ноғай т.б. тілдердің әсері деп есептейді. Мынадай бірнеше мысалдар келтіреді: Біз де *баратогын* болдық сол тойға. О, қартың тәкәппар, көрісе барғанға қолын *бермейтоғын* [22, 77].

Халық тіліндегі *-тұғын* формасының ерекше бір вариантын Ж.Болатов жинаған материалдардан кездестіреміз. Ол Қытайдан келген қазақтар тілінде бұл тұлғаның *-түкін* дыбыстық вариантында ұшырайтынын айтады: Ол өзі *қартаймайтүкін*[88,38-50]. Дәл осы вариантта кейде Қызылорда тұрғындарының тілінде де айтылатынының куәсі болып жүрміз: Мен оған азанда *айтқантүкім*.

Ал еліміздің басқа өңірлерінде мұндай құбылыс байқалмайды.

Аталған тұлға сөйленістердегі үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар қатарына жатады. Өйткені оның жоғарыда аталған барлық варианты да буын таңдамайды, жуан, жіңішке түбірге бірдей өзгеріссіз жалғана береді.

*-тұғын* қосымшасы етістіктің қай түбірі (болымды, болымсыз, салт, сабақты) болмасын тікелей жалғанбайды. Ол етістіктің белгілі бір формасынан кейін келіп қана грамматикалық қызмет атқара алады. Жүзеге аспаған, орындалмаған амалды білдіргенде, болымсыз етістікке есімше, көсемше категорияларының бірін қабылдап барып жалғанады: *көрмейтұғын, бармағантұғын* т.б.

Бұл жұрнақ етістік тұлғаларының барлығына бірдей қосыла бермейді, оларды талғап жалғанады. *-тұғын* қосымшасы көсемшенің *-ып* тұлғасынан кейін, келер шақ есімше (*-ар, -ер, -р*) мен жедел өткен шақ (*-ды, -ді*) тұлғаларынан соң жалғанбайды.

*-тұғын* жұрнағы арқылы жасалатын есімшенің қай шақта айтылып тұрғандығы контекске байланысты, өйткені оның қай мезгілді білдіретіні айналасындағы сөздерге қарай ауысып отырады. Сондықтан оны ауыспалы шақты жасаушы аффикс ретінде қараймыз.

Әдетте, бұл форма бұрынғы я ертерек кезде болып кеткен іс-әрекетті қазіргідей етіп, қалтқысыз сенерліктей қылып көрсету үшін көбірек қолданылады. Мысалы: біз үнемі жатақхана фойесіне *жиналатұғынбыз*, әдебиет, өнер мәселелері сөз болып, содан соң ән *салатұғынбыз*, соңы әдемі би кешіне ұласатұғын... дегенде, әрине өткен уақыттарда болған іс-әрекет жайында сөз болып отырғаны айқын. Сонымен қатар, бұл тұлғадан өткен бір кездерде болған амалдың бір жолғы құбылыс емес, үнемі болып отырған дағдылы құбылыс екені де аңғарылады. Осыдан бұл тұлғаның, контекстке қарай, бірде осы шақ, бірде келер шақ мәнін білдіру қасиеті қалыптасқан. Дегенмен, осы шақ пен келер шақта болатын амалды білдіру үшін сирек жұмсалады. Оның ауыспалы сипаты жұрнақтың күрделілігінен туған сияқты. Мәселен, өткен шақтық мән жұрнақтың құрамындағы әуелгі *-ған* (*тұр+ған*) бөлшегінен қалған болса, осы шақтық мән *тұр* етістігінен тиген енші болса керек. Себебі аталған тұлғаның о баста тұрған (*тұрған < тұғын < тын*) деген дербес сөзден болғандығын И.Ильминский, М.Терентьев, П.М.Мелиоранский сынды зерттеушілер өткен ғасырларда-ақ дәлелдеп кеткен [19, 10].

Жалпы, тілімізде етістік пен етістік тіркесінен құралған күрделі етістіктердің алғашқы компоненті лексикалық негізгі мағынаны білдіреді де, соңғысы оның әртүрлі грамматикалық мәндерін беруші грамматикалық көрсеткіш есебінде ғана жұмсалатыны белгілі. Бұл туралы В.Котвич былай деген болатын: «В тех случаях, когда было необходимо дать... характеристику



действия тюркские и монгольские языки издавна добавляли к основному глаголу второй самостоятельный глагол, который и должен был дополнить значение главного глагола. С течением времени подобные добавочные глаголы все больше и больше утрачивали свой самостоятельный характер и становились вспомогательными словами. Иногда этот процесс шел дальше и вспомогательные глаголы начинали превращаться сначала в энклитики или суффиксы, не подчиняющиеся закону сингармонизма, а затем в суффиксы, закономерно видоизменяющиеся в соответствии с ним»[52, 194].

Қазақ зерттеушілері де бұл пікірді жоққа шығармайды. М.Томанов қазіргі тіліміздегі *-атын* тұлғасының қалыптасуын мына тәрізді деп қарайды: *-а* (көсемше) + *-тұр* (көмекші етістік) + *-ан II а-дур* + *ған II а-тур* + *ған > а + ту (р) + ған > а + ту + ғын > атын*. Мұндағы соңғы дауыстының қысқандануын екпін түспеудің салдары болу керек деп тұжырымдайды [53, 23]. Ал аталған тұлғаның келер шақтық мағынасы сөз тіркесінің ауқымынан пайда болатын ерекшелік тәрізді. Мысалы: Айтатұғын сөзім бар. Баратұғын жерім бар т.б.

*-тұғын* қосымшасы өзі жалғанған етістікке күмәнділік, айғақтылық, болжалдық тәрізді реңктер жамайды.

Бұл қосымша қай шақты білдірсе де, үш жақта да жіктік жалғауларын қабылдап жұмсала береді. Қараңыз:

<i>айтқантұғынмын (айтқантұғым)</i>	<i>айтқантұғынбыз</i>
<i>айтқантұғынсық</i>	<i>айтқантұғынсыңдар</i>
<i>айтқантұғынсыз</i>	<i>айтқантұғынсыздар</i>
<i>айтқантұғын</i>	<i>айтқантұғын</i>

Алайда оның бірінші, үшінші жаққа қарағанда, екінші жақта айтылуы сирек. Бірінші жақта айтылғандай, көбінесе жіктік жалғауы қысқарып, *-тұғын* жұрнағына кірігіп айтылады (*барғантұғым, көретұғым т.б.*). Аталған тұлға, әсіресе, үшінші жақта жиі қолданылады.

Бұл тұлғаның әдеби тілдегі *-атын, -етін* тұлғасынан елеулі айырмашылықтары да бар. Мысалы, әдеби тілдегі форма көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларын қабылдап (*білмейтіндер, айтатыным, келетініңді, түсінетінсің*) жұмсала беретін болса, сөйленістердегі тұлға тек жіктік жалғауын ғана қабылдайды. Оны бұған дейін айтқан болатынбыз.

Екіншіден, әдеби тілдегі тұлғаның жоғарыдағы формаларға түрлене алатындықтан, сөйлемде барлық мүшенің қызметін атқару мүмкіндігі бар. Мысалы: Асхат сырттай *оқитын*. Күндізгі бөлімде *оқитындар* ауылшаруашылық жұмысында. *Орындалмайтын* істі жоспарлама. Мен оның бүгінгі бәйгеде *озатынын* білдім. Мысалдардағы *-атын* тұлғалы етістік алғашқы сөйлемде – баяндауыш, екінші сөйлемде – бастауыш, үшінші сөйлемде – анықтауыш, соңғы сөйлемде – толықтауыш. Ал сөйленістегі тұлға, негізінен, баяндауыш, кейде анықтауыш қызметінде ғана жұмсалады.

Үшіншіден, әдеби тұлғаға *-дай, (-дей, -тай, -тей), -дықтан* жұрнақтары қосылып, туынды сөздер жасала береді (айтатындай, баратындықтан т.б.), ал диалектілік тұлға мұндай қосымшаларды қабылдамайды.

Төртіншіден, әдеби тұлға тіліміздің үндестік заңына бағынып, жуан түбірге жуан (-атын, -йтын), жіңішке түбірге жіңішке (-етін, -йтін) түрде таңдап жалғанады. Яғни, екі түрлі вариантта айтылса, диалектілік тұлға жалғанатын сөзінің жуан, жіңішкелігіне қарамай бір ғана вариантта қолданылады. Осы жерде диалектілік тұлғаның да жуан, жіңішке екі варианты бар ғой деген заңды сұрақ туады. Алайда бұл екеуі жуан түбірге де, жіңішке түбірге де талғамай қатар жалғана береді. Яғни, -тұғын-ды қабылдаған етістік оның -түкін вариантын да жатырқамайды. Мысалы: *барғантұғын, барғантүкін, білгентұғын, білгентүкін* т.б.

-тұғын тұлғасы ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе эпостық шығармаларда молынан ұшырасады. Мысалы:

Айманның *кіретұғын* орны осы деп,  
Айманды бір жақсы үйге кіргізеді.

(Айман-Шолпан)

Жырда бұл форма шумақ арасындағы қара сөздерде де кездеседі: Айманға Көтібар еліне жау шапқанда: Айман, маған обал қылдың ғой, елге жау араласпай *баратұғын* едім, – дейді.

Осы тұлғаның -тұғын, -тын варианттары XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Махамбет өлеңдерінде қатар қолданылғанын көреміз. Мұндай тәсіл Абайға дейін қалыптасқан. Әсіресе, ұлы ақынның қара сөздерінде (40-қара сөзінен 26 рет) жиі кездеседі екен.

Р.Сыздық өзінің монографиялық еңбегінде Абай шығармаларының текстерінде -тұғын, -тын варианттарының екеуінің де айтылатындығы және осы тұлғалардың толық, ықшам түрлерінің өлең текстерінде кездесіп қолданылуы буын өлшеміне байланысты – артық буын керек жерде есімшенің ауыспалы шағы үшін -тұғын, бір буыны кем тармақ керек болса, -тын варианттарын еркін пайдалана беретіні, ал Абайдың прозаларының тілінде де көбінесе толық варианты қолданылғаны жөнінде деректер бар [62, 274].

Осындай негіздерге сүйене отырып, қазақ тіл мамандары да фонетикалық трансформация жолымен грамматикаланған *тұрған* XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінде соңғы екі вариантында (-тұғын, -тын) қатар қолданылып, фонетикалық редукцияның алғашқы сатысы -тұғынның жұмсалуды жиі болғанын дәлелдейді [62, 276].

Аталған тұлғаны жергілікті баспасөз беттерінен де кездестіріп қаламыз: Күткелі әжең сені жылға жуық, Тілектің *келетұғын* бар мәулеті (Оңт.Қазақстан, 1982. №176).

Етістіктің -тұғын қосышалы тұлғасы бірқатар түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы, қырғыз тілінде өзгермеген бастапқы қалпында (*тұрған* түрінде) қолданылады: Сенин өзине айта *турған* бир кеп бар. Ешқандай редукцияға ұшырамаған дербес сөз болғандықтан, ол өзі тіркескен етістіктен бөлек жазылады. Өзбек тілінде дыбыстық жағынан біраз өзгеріске ұшырап, -диган түрінде (кетедиган, биладиган) айтылады [12, 408].

Қарақалпақ тілінде еді көмекші етістігі тіркесіп келіп етістіктің аналитикалық формасын жасайды. Мысалы: Ол буннан ушь жыл бурын

колхоздың жай агзасы болып *ислей-туғын* еді [89, 150]. Б.Бекетов қарақалпақ әдеби тіліндегі *-тұғын* тұлғасы оның кейбір диалектілерінде *-атыған, -атұған, -атын (-етін, -йтын, -итин, -атун, -етун, -йтун)* тәрізді бірнеше вариантта кездеседі дейді [36, 173-179]. Бұл жергілікті халық тіліндегі өзбек тілінің әсерінен болған өзгешелік болса керек, себебі өзбек тілінің кейбір сөйленістерінде аталған тұлға *-дыған, -тыған* (келәдыған, кәтәтыған) варианттарында да айтылады.

Зерттеу барысында аталған тұлғаның сөйленістердегі мынадай қызмет ерекшеліктері анықталды:

1. Көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағынан кейін келіп, ауыспалы осы шақ мәнінде жұмсалады. Бұл – оның ең негізгі қызметі:

Тақылдаған тақпақтай,  
Сөйлеген сөзі кісіге,  
*Тиетұғын* тоқпақтай,  
Бір бәлені шығарды [64, 101].

2. Кейде әдеби тілдегі өзімен қызметтес *-атын, -етін* есімшенің үстіне қосылып, бұрын болған амал-әрекеттің айғақтығын нақтылай түседі: Әнді бұрын жақсы *айтатынтұғын*. Үнемі келіп *тұратынтұғын*.

3. Әдеби тілдегі өткен шақ есімше (*-ған, -ген*) тұлғалы етістіктерге жалғанып, сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болған амал-әрекетті білдіреді: Кеше көргенде *айтқантұғын* (айтқан болатын). Оқуға былтыр да *тапсырғантұғын* (тапсырған болатын). Мұнда сөйлеушінің бұрын жүзеге асқан іс-қимылды өзі көзімен көргендігі, не құлағымен естігендігі, әйтеуір оның куәсі болғандығы анық сезіледі. Демек, бұл жағдайда айғақты өткен шақ мәнін білдіреді.

4. Тек *-ған, -ген* есімшеге ғана емес, *бар, жоқ* модаль сөздеріне жалғанғанда да өткен шақ мәнін білдіреді. Мысалы: Мысалы: Олар келгенде, көкем үйде жоқтұғын. Апамның қара бешпеті *бартұғын*.

5. Есім сөздерге де жалғанып айтылады: Ол кезде әлі *жастұғын*. Менің тәтем *әкімтұғын*. Мұндағы амал да сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болған әрекет.

6. Предикативтік қызметпен қатар атрибутивтік мәнге де ие болады. Бұл жағдайда *-тұғын* формалы етістік өзі анықтайтын мүшенің алдынан келіп, оның түрлі сапа белгісін білдіреді: *айтатұғын сөз, көретұғын көз*. Өлең тілінде ұйқасқа қарай өзі анықтайтын сөзінен кейін келуі де мүмкін. Мысалы:

Атым жоқ бұдан басқа *мақтайтұғын*,  
Жылқы емес жануарың *шаппайтұғын*.  
Самсыған сары қолға салғанымда  
Ешбір жан шылауымнан *қақпайтұғын* [63, 126-б.]  
Орта жүз арғын, найман, уақ-керей,  
Өткен заман күнде той, күнде мерей.  
Атақты қоңырад, қыпчақ, өскен қалық,  
*Заманғой тоятұғын* ішбей, жемей [43, 137-б.]

Аталған тұлға модаль сөздер мен есімдерге, сондай-ақ *-ған, -ген* есімшеден кейін жалғанғанда, әдеби тілдегі *-атын* формалы бол көмекші етістігінің орнына жұмсалады. Мысалы: *барғантұғын, барған болатын, жоқтұғын – жоқ*

болатын, жастұғын – жас болатын, біздікітұғын – біздікі болатын. Яғни, -тұғын тұлғасы әрі жұрнақ, әрі дербес сөз қызметін атқарып тұр. Демек, халық тіліндегі бұл форма – өзінің ең алғашқы дербестік мәні мен қазіргі тіліміздегі аффикстік мәнін бойында сақтаған аралық жұрнақ. Бұл оның генезисінің көне түркі тіліндегі *тұрған* етістігінен шыққандығын тағы да дәлелдей түседі.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. -тұғын қосымшасы қай сөйленістерге тән?
2. Қосымшаның шығу төркіні жөнінде қандай пікірлер бар?
3. Көркем әдебиеттен -тұғын тұлғасына қатысты мысал теріңіз.
4. -тұғын тұлғасы басқа қандай түркі тілдерінде кездеседі?

## **§12. Етістіктің -сы, -сі (-асы, -есі) қосымшалы тұлғасы**

Етістіктің -сы, -сі тұлғасы – қазақ сөйленістеріндегі -тұғын жұрнағының баламасы реінде жұмсалатын диалектілік тұлғалардың бірі. Бірақ одан тұлғалық жағы мен таралу шегі жөнінен аздаған айырмашылықтары бар. Диалектологиялық материалдардан бұл тұлғаның оңтүстік сөйленістер мен еліміздің шығысындағы кейбір аудандар тұрғындары тілінде кездесетіндігін байқаймыз. С.Аманжолов пен О.Нақысбеков оны оңтүстік сөйленістерге тән ерекшелік деп көрсетсе, Ж.Досқараев Шығыс Қазақстанның Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандары тұрғындарының тілінде айтылады дейді, сонымен бірге оның оңтүстіктегі қоңыраттар мен қыпшақтар тілінде де кездесетіндігін айтады [30; 31; 90].

-сы, -сі тұлғасы мен -тұғын формасының бір-бірінен қандай айырмашылықтары және ұқсастықтары бар? Бұл екеуінің ең басты ұқсастығы – қызмет бірлігінде, өйткені -асы, -есі (сөйленістерге -сы, -сі тұлғасы тек -а, -е көсемшеге тіркесіп келіп қана ерекшелік тудыратындықтан, ол екеуін қосып күрделі қосымша ретінде қарастырып отырмыз) тұлғасы да әдеби тілдегі -атын, -етін есімшенің орнына жұмсалады. Мысалы: Ол дүниеден *қайтасы* болған соң, жайлаудағы баласын шақырып алыпты. Мұндағы -асы тұлғалы етістік әдеби тіл нормасы бойынша *қайтатын* болар еді.

Әдеби тілдегі тұлға сияқты диалектілік -асы формасы да құрамы жағынан екі элементтен (*a+сы*) тұрады. Екеуінде де алғашқы -а элементі – көсемшенің жұрнағы. Ал соңғы элементтің генезисі жөнінде кейінірек тоқталамыз. Бұған дейін сөз болған -тұғын жұрнағы да -а (-е, -й) көсемшелі етістікке жалғанады. Бұл салыстырылып отырған формаларды бір-біріне жақындатады. Алайда -асы тұлғасы әдеби тіл нормасы бойынша қолданылатын етістіктің есімше түріндегі -ар, -ер, -мақ, -мек формаларының орнына да жұмсала береді. Мысалы, пешенеге не жазса, пенде соны *көресі* дегендегі *көресі* етістігі мақсатты келер шақ (*көрмек*) орнына айтылып тұр. Бұл жағынан өзімен салыстырылып отырған диалектілік -тұғын тұлғасынан ерекшеленеді. Яғни, алдыңғы тұлғаға қарағанда, -асы тұлғасының мағынасы, қызмет аясы кеңдеу. Бірақ ол әдеби тұлғамен салыстырғанда, сирек қолданылады. Себебі

барлық етістікке бірдей жалғана бермейді, *ал, бер, көр, айт т.б.* сынды санаулы етістіктерге ғана қосылып айтылады.

-*тұғын* формасы болымсыз етістіктерге жалғана беретін (*қалмайтұғын, бермейтұғын*) болса, *-асы* тұлғасы тек болымды түбірге ғана жалғанады (*бересі, айтасы*).

-*тұғын* тұлғасы көбінесе өткен шақта қолданылады, ал *-асы* формасы, керісінше, келер шақта айтылады.

Сөз болып отырған тұлға *-атын* жұрнағының орнына қолданылғанда етістіктің ауыспалы шағын, есімшенің *-ар, -ер, -мақ, -мек* орнына жұмсалғанда келер шақ мәнін білдіреді. Оның шақтық мәні контекст арқылы ажыратылады.

Зерттеушілердің көбі де оның келер шақ мәнінде жұмсалатынын айтады. [3; 91; 92]. Мәселен, М.С. Михайлов *-(y)asi* аффиксінің түркі тіліндегі түрлі функцияларын түсіндіре келе, оның ең басты қызметі келер шақ мәнін білдіру екенін атап көрсетеді [91, 143].

Н.И.Ашмарин бұл тұлғаны есімше жұрнақтарының қатарында қарастыра отырып, былай дейді: «Соединяясь с предикативными аффиксами, это причастие образует особую форму спряжения, соответствующую по своему значению изъявительного наклонения будущего времени» [91, 165].

Зерттеушілер арасында бұл пікірге қосылмайтындары да бар. Мәселен, А.Демирчизаде «Қорқыт Ата кітабында» кездесетін *-асы* аффиксі туралы айта келіп, П.М.Мелиоранский мен С.Е.Маловтың М.Қашқари және Ибн-Муханна еңбектерінде бұл жұрнақ келер шақ мәнінде жұмсалады деген пікірімен келіспейтіндігін білдіреді. Ол П.М.Мелиоранский мен С.Е.Малов келтірген мысалдардың жеткіліксіздігін айтады [93, 96].

Әрине, тілдік құбылыстар тағдырын жекелеген мысалдар емес тарихи тілдік фактілер шешеді. Ал тілдік деректер аталған тұлғаның түркі тілдерінде көбінесе келер шақ мағынасында қолданылғанын растайды.

Түркологиялық зерттеулерден сөз болып отырған тұлғаның оғыз тілдеріне тән екенін байқаймыз [15, 96]. М.Қашқаридың көрсетуінше, *-асы* тұлғасы оғыз, қыпшақ, бұлғар, башанағ (печенег) тайпаларының тіліне тән. Ол аталған тұлғаны қалау райын жасаушы (*бар-ғысы*) тұлғамен мәндес, синонимдес тұлға деп есептейді.

Есімше қызметіндегі бұл тұлға түрік, әзірбайжан тілдерінде кеңінен қолданылады. Ол түрік жазба әдеби тілінде XV ғасырға дейін қолданылған, ал қазіргі түріктердің ауызекі сөйлеу тілінде де осы шақ пен келер шақ мәнінде жиі ұшырайды [85, 141-145].

Әзірбайжан тілінің диалектілерінде түрліше дыбыстық вариантта айтылатынын көреміз. Мәселен, оның қазақ, нухин, кировабад, кедабек және ереван сөйленістерінде *-асы, -эси* вариантында айтылса, нахичеван, ордубад диалектілерінде, джебраиль, геокчай сияқты ауыспалы сөйленістерінде *-ас, -эс* варианттарында жұмсалады екен. Мысалы: *һамы сәни ғыныјасыды – бәрі сені жазғыратын болады* [3, 62].

Көне ескерткіштерге де *-асы* тұлғасы кездесіп отыратындықтан, оның әзірбайжан сөйленістерінде қолданылуын кездейсоқтық деп қарамау керектігін айта келе, Р.А.Рустамов: «Еще в "Китаби-Деде Горгут" аффикс *-асы, -эси,*

наряду с другими функциями, выполнял также роль показателя будущего времени (как определенного, так и неопределенного)», – деп, аталған тұлғаның келер шақ тұлғасында жұмсалатынын нақтылай түседі. Оның дәлелі ретінде «Қорқыт Ата кітабынан» мынадай мысал келтіреді: Дәдә Горгуд: - Бәли, ханым, *буласыјам* – деди ("Да, хан мой, достану", – сказал дед Коркут) [3, 63].

-асы есімше тұлғасы ретінде көне түркі тілінде кеңінен қолданылғанын М.Қашқари еңбегінен көреміз. Оған сөздіктен көптеген мысалдар келтіруге болады: *Бу турасі јәр тэгүл*. Бу бізгә *кәләсі* болды. Сәнің *барасің* қачан? [50, 71-72].

Түрікмен тілінде -асы тұлғасы қимыл атауы ретінде қаралып, *гел* етістігімен тіркесіп қолданылады. Есімдермен сөз тудырушы аффикстерді қабылдамайды [94, 7-17].

Чуваш тілінде де бұл тұлға (-ас) септік, тәуелдік формаларын қабылдап, актив қолданылатын қосымшалар қатарына жатады. Сондай-ақ, *нур* (бар), *сук* (жоқ) модаль сөздерімен тіркесіп те айтылады [95, 160].

Сөз болып отырған тұлғаның түркі тілдерінің біразында қолданылуы, түрлі функционалдық, семантикалық ерекшеліктерге ие болуы оның түркі тілдеріне ортақ көне форма екенін көрсетеді.

-асы тұлғасы бірқатар қыпшақ тілдерінде де ұшырайды. Мәселен, башқұрт тілінде есімше қызметінде жұмсала отырып, түрлі аналитикалық конструкциялар жасауға қатысады [96, 318].

Қарақалпақ тілінде де келер шақ есімше қызметін атқарады [6, 434].

Татар әдеби тілінде -асы, -әси тұлғалары келер шақтың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Мысалы: Ақша *аласы* көнне пыраулинийәдә кеше гел күп була (Ақша алатын күні басқармада кісі көп болады). Оның қазақ сөйленістеріне қарағанда, татар тіліндегі білдіретін мағынасы да, грамматикалық қызметі де кең [23, 6].

Бұдан -асы, -есі тұлғасының қазақ сөйленістерінде сақталуын осы түркі тілдерінің әсері деп қарауға болады.

-асы тұлғалы етістік кейде есім сөздермен тіркесіп келіп, атрибутивтік-анықтауыштық сипатқа ие болады. Бұл жағдайда есім сөздің алдында тұрып, оның анықтауышы қызметін атқарады: *Көресі бейнетің* әлі алдында. *Аласы ақың* бар ма менде? Сөйленістерде есім сөздер түсіріліп қолданылатын кездері де болады. Мұндайда -асы тұлғалы етістік есім орнына жұмсалады. Мысалы: *Көресіні* көрдім-ау сенен. Аталған тұлғаның субстантивтенуін қазақтың кейбір фразеологиялық көне сөз қолданыстарынан да аңғаруға болады: *Алты аласы, бес бересі...Көресіні* көрмей, көрге кірмейсің т.б.

Субстантивтеніп келгенде, тәуелдік септік категорияларына түрлене алады. Мысалы: *Көресінің* көкесін көрерсің әлі. Менің сенде бес *бересім*, алты *аласым* жоқ. Бірақ есімге тән көптік, жіктік тұлғаларын қабылдамайды, бұл оның тек үшінші жақта жақ қосымшасынсыз айтылуымен байланысты.

Демек, -асы формалы етістік үнемі үшінші жақта айтылытындықтан, қимыл иесі де үшінші жақтағы тұлға болады. Мысалы: Оның бүгін үйіне *қайтасы* күні (оның бүгін үйіне қайтатын күні). Сөйлеуші мен тыңдаушының амалдың жүзеге асу-аспауына қатысы жоқтығы аңғарылады. Өйткені оның бірі

бұрын болған немесе қалыпты болып тұрған оқиғаны, кейде алда болатын амал-әрекетті баяндаушы ғана болса, екіншісі оны тыңдаушы ғана. Ал қазақ сөйленістерінде тек III жақта ғана айтылады да ешқандай жақ көрсеткішін қабылдамайды.

-асы тұлғасы қазақ сөйленістерінде тек үшінші жақта ғана қолданылса, әзірбайжан тілінде ара-тұра екінші жақта да жұмсалып, көбіне сұраулы сөйлем жасауға қатысады. III жақта айтылғанда, кейде үстіне *-ды, -ди* жіктік жалғауы жалғанып та жұмсалатын кездері болады: *һамы сәни гыныјасыды*, *кәрәх көмејліјәсән, еләмијәшшәнсә, да нә гоһумсан* [3, 63].

-тұғын тұлғасы есім сөздер мен модаль сөздерге тікелей жалғана беретін болса, *-асы* тұлғасы тек етістіктерге жалғанады. Олай дейтін себебіміз, аталған тұлға есімдерге жалғанса, диалектілік форма болудан айырылады да әдеби тілдегі өзімен тұлғалас етістік тудырушы жұрнаққа ауысады. Қазіргі қазақ тілінде кейде бір аффикстің әрі етістікке жалғанып, туынды етістік жасайтындығы кездеседі. Солардың бірі – осы *-сы, -сі* аффиксі. Бұл қосымша есімге жалғанып, ұқсастыру мәнінде қолданылатын туынды етістік жасаса (*кісімсі, шешенсі*), етістік түбірге жалғанғанда, жаңа сөз жасамай, тек модальдық мән (*көргенсі, білгенсі*) үстейді.

М.Қашқари *-сы* аффиксі туралы: «жаңа қосымша өзі жалғанған түбірдің табиғаты өзгергенін, ол белгілі бір жай-күйді, ерекшелікті бойына жиғанын білдіреді. Мәселен: *Сүгік сувсыды* – шарап суға ұқсас қасиетке ие болды. *Үзүм ачығсыды* – жүзім ашыды, ащы бола бастады. Бұл жайт сұйықтыққа және бір күйден екінші күйге өткен нәрселерге де болуы мүмкін. Етістіктердегі бұл ерекшелік форма "сыды неңні" сөйлеміндегі "сыды" етістігінен алынған», – дейді [50, 279]. Ендеше М.Қашқари көрсетіп отырған мысалдардан жеке сөздердің қосымшаларға ауысуына қатысты мынадай тарихи қалыптасуды көруге болады: бір зат, құбылыстың басқа бір күйге ауысу мағынасын білдіретін *сы* (*сын*) етістігінен *-сы, -сі* жұрнағы қалыптасқан. Мысалы: *адамсы, кісімсі, толықсы, босаңсы т.б.*

А.Ибатов бұл сөздер құрамындағы *-сы, -сі* аффикстері бір кездерде *са, сан* түрінде қолданылған дербес сөздер болған. Олар әуелде *босаң сады, еркін сады* деген сияқты тіркестерге қолданылған да, бертін келе *са, сан* сөздерінің дербестігі жойылуымен байланысты тіркесті сөздердің жігі бірігіп, бір сөздің бойындағы құранды бөлшектер дәрежесіне – түбір тұлға мен қосымша тұлға дәрежесіне көшкен деп есептейді [97, 90]. Осы жерде бұл тұлғаның сөйленістердегі *-сы, -сі* тұлғасына қандай қатысы бар деген заңды сұрақ туады. Бұл екі форма тек сыртқы тұлғасы жағынан ғана ұқсас қосымшалар емес, олар о басқа дербес мағыналы бір сөзден қалыптасқан, кейін тілдің дамуы барысында грамматикалық қызметінің дифференциялануы нәтежесінде екі түрлі қызметке ие болған бір тұлға болса керек. Салыстырайық:

*кісім + сі* (кісі бол) < *кісі + тұғын* (кісі болатын)

*адам + сы* (адам бол) < *адам + тұғын* (адам болатын)

*оқыған + сы* (оқыған бол) < *оқыған + тұғын* (оқыған болатын)

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, диалектілік тұлғалардың қай-қайсысы да әдеби тілдегі *бол* көшемшісін ауыстырып тұр. Бұл диалектілік

тұлғалардың бойында дербестік қасиет бар екендігін, бір кезде толық мағыналы сөздер болғанын дәлелдейді. Ал *-сы, -сі* аффиксінің қалыптасуы туралы жоғарыдағы пікірлер бұл ойымызды нақтылай түседі.

Қазіргі әдеби тілімізде бұл қосымшаның М.Қашқари көрсеткен негізгі қызметі сақталған, яғни есімге жалғанып, нәрсенің бір күйден екінші күйге ауысқанын (*еркінсі-еркін күйге ауысу*) білдіреді. Ал оның етістікке жалғануында қандай өзгешелік бар? Әдеби тілімізде бұл жұрнақ өткен шақ есімше (*-ған, -ген*) формалы етістіктерге ғана жалғанады. Мысалы: *Оның келе жатқанын көрсе де, көрмегенсіді*. Есімшенің бұл формасының есімдерге тән категориялардың бәрін қабылдай алатыны (*оқығандар, оқығаннан, оқығаным, оқығанмын*) қазіргі қазақ тілі грамматикаларынан белгілі. Олай болса, тіліміздің ертеректегі тарихында есімдерге жалғанған *-сы* аффиксінің қазіргі тілімізде есімше формаларында жалғануын оның (*-ған, -ген* тұлғалы есімшенің) осындай қасиетімен түсіндіруге болады.

Тілдің дамуы барысында сөз мағынасының кеңеюімен қатар тарылу құбылысының да болатыны анық. Демек, көне түркілік *-асы, -есі* формасының да қызмет аясы тарылып, әдеби тілде оның келер шақтық мәні сақталмаған, тек есімдерден етістік тудырушы қызметі ғана қалған, ал жалпыхалықтық тілдің бір тармағы саналатын диалектілерде ол екі мағынасын да сақтаған.

Сонымен, *-асы, -есі* тұлғасының қазіргі бірқатар түркі тілдерінде кездесуі оның көне түркі тілінен сақталып келе жатқан форма екенін көрсетсе, кейбір қазақ сөйленістерінде келер шақ мәнінде жұмсалуды қазақ халқымен көрші орналасқан түркі тілдерінің әсері болар деп тұжырымдаймыз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. *-асы, -есі* тұлғасы қай сөйленістерге тән?
2. Аталған тұлға көне түркі ескерткіштерінде кездесе ме?
3. Басқа қандай түркі тілдерінде кездеседі?
4. Аталған тұлғаға қатысты диалектологтар қандай пікір айтады?

### **§13. Етістіктің *-қайы, -кейі* қосымшалы тұлғасы**

Қазақ сөйленістерінде етістіктің көсемше тұлғаларының қолданылуында да аздаған өзгешеліктер байқалады. Мәселен, әдеби тілдегі көсемшенің *-галы* (*-гелі, -қалы, -келі*) жұрнағының орнына кейбір сөйленістерде, сирек те болса, *-ғайы* (*-гейі, -қайы, -кейі*) тұлғасы айтылады. Мысалы: Осыны сізге *айтқайы* келдім. Жұмысқа *тұрғайы* жағдайымыз жақсы.

Диалектологиялық материалдардан бұл қосымшаның еліміздің шығыс сөйленісіне тән екенін көреміз. Ж.Досқараев оның Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарында қолданылатынын байқаса [90, 46]. Ж.Болатов Таулы Алтайдың Қосағаш ауданында тұратын қазақтар тілінде де кездесетіндігін айтады. Мысалы: Бейшара бала *жылағайы* отыр. Өзім *туғайы* осы жердеміз. Осы өңірден шыққан кейбір ақын-жазушылар шығармаларында да кездеседі:



Сен темір де, мен көмір,  
*Еріткейі* келгенмін,  
Егесетін ер болса,  
Еліткелі келгенмін.  
Сар жабысқақ шайыр боп,  
*Жабысқайы* келгенмін.  
Жөнмен бітім берсеңіз,  
*Табысқайы* келгенмін,  
Жөнмен бітім бермесең,  
*Шабысқайы* келгенмін [74, 90-100].

Сөйленістердегі аталған жұрнақ әдеби тілдегі көсемше көрсеткішіне тек қызметі жағынан ғана емес, формасы жағынан да ұқсайды. Тегінде бұл екеуі бір түбірден пайда болған қосымшалар болса керек.

Н.К.Дмитриев өзінің «Құмық тілінің грамматикасы» деген еңбегінде құмық тіліндегі *-ғанлы* (*-қанлы, -генлі, -кенлі*) жұрнақтарының негізі *-ған* формасынан шыққандығын айтады [9,144]. Бұл қазақ тілінде *-ғанды* (*-генді, -қанды, -кенді*) тұлғасында айтылады: Базаралы Құнанбайға сәлем бере *келгенді* (М.Әуезов).

Ж.Досқараев жоғарыда көрсетілген *-ғайы(-гейі, -қайы, -кейі)* қосымшаларының пайда болуын етістіктің көне қосымшасы *-ғай, -қай* формаларымен байланысты деп ойлайды [90, 47]. Өйткені *ол барғалы отыр, ол барғайы отыр* деген сөйлемдердегі етістіктердің тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да бір-бірімен байланысы бар. Семантикалық жақтан аздаған айырмашылығы болғанмен, қайсысын алсақ та тілек, мақсат мәнін білдіреді.

*-ғай* (*-гейі, -қай, -кейі*) жұрнағы қазіргі қазақ тілінде етістіктің қалау райын жасайтын аналитикалық формант құрамына кіреді. Әдеби тілде еді көмекші етістігімен (*-ғай еді*) тіркесіп келу арқылы сөйлеуші басқа (II,III) субъектінің белгілі бір амалды жасағанын, я орындағанын аңсайды, іздейді, бірақ одан амалдың қалай тынғаны көрінбейді: *сен барғай едің*.

Әдеби тілдегі бұл форманың халық тілінде *еді* көмекші етістігінсіз келіп те ерешелік тудыратын жағдайлары бар.

О.Нақысбеков бұны сөйленістердегі тілекті-қалау райдың көрсеткіші ретінде таниды [3, 57]. Диалектологиялық атласқа түсірілген мәліметтерге қарағанда Семей, Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда және Ташкент облыстарындағы 203 елді пункттердің ішінде 18 жерде ғана Шымкент облысының Ленин ауданы маңында, Қызылорда облысының Жаңақорған және Қызылорда маңында *-ғай* (*-қай, -кей, -гейі*) жұрнағы арқылы айтылады. Қалған жерлерде түгелімен *барарсың, келерсің* түрінде болып, етістіктің негізгі түбіріне *-р* (*-ар, -ер*) жұрнақтары қосылып, ашық райда жұмсалып, шексіз келер шақты көрсетеді. Мысалы: Атаңа сәлем беріп *қайтқайсың* – атаңа сәлем беріп *қайтарсың*.

Бұдан байқайтынымыз: шығу төркінін бірлікте қарап отырған екі тұлғаның қазіргі қазақ сөйленістеріндегі функционалды-семантикалық жақтан айырмашылықтары бар. Шығыс сөйленістерінде бұл тұлға көсемшенің *-ғалы* (-

*гелі, -қалы, -келі*) жұрнағының орнына жұмсалса, оңтүстік сөйленістерде есімшенің *-р (-ар, -ер)* көрсеткішінің орнына айтылады. Алғашқысында мақсаттық мән басым болса, соңғысында тілек, өтініш мәні басым.

Сөз болып отырған тұлға *-қай (-ғай)* вариантында көне ескерткіштерде де ұшырайды. Мысалы, «Дана Хикар» сөзінде қалау рай *-ғай, -қай, -кей, -гей* жұрнақтары арқылы жасалған: *айтқайлар адам оғланлары* [51, 19].

Сондай-ақ, М.Қашқари еңбегінен де түркі тілінде жазылған көне ескерткіштерде бұл қосымшаның қалау рай көрсеткіші ретінде қолданылғанын көреміз. Көне түркі тілінде іс-әрекеттің келер шақта орындалатынын білдіру үшін етістікке *ғай, гай, қай, кай* жұрнақтары қосылып айтылатын болған. Мысалы: Ол эвгә барғай. Ол мәңә кәлгәй [50, 69-70].

Сөз болып отырған тұлға қазіргі түркі тілдерінің ішінен қыпшақ тобындағы кейбір тілдерде де кездеседі. Мәселен, қарайым тілінде қалау райы етістіктің түбіріне *-ғай, -гәй, -гяй* қосымшалары қосылу арқылы жасалады. Осы шақ қалау рай *-ғай* қосымшалы етістіктің жіктелуі арқылы жасалса, өткен шағы *-ғай* қосымшасына *ды < эди* қосымшасының қосылып жіктелуі арқылы жасалады: *баргәймын, баргәйсын, баргәйэдым* [8, 286].

*-ғайы* жұрнағы үнемі күрделі етістік құрамында келетіндіктен, оның шақтық мәні өзі тіркесетін көмекші етістіктің тұлғасымен шарттас болады, яғни көмекші етістік қай шақта айтылса, *-ғайы* тұлғалы етістік сол шақта тұрады. Мысалы: *айтқайы отырмын* (осы шақ), *айтқайы бардым* (өткен шақ), *айтқайы барамын* (келер шақ). Ал *-қай* тұлғалы етістік үнемі келер шақта айтылады: Бізді ешқашан ұмытпағайсың. Ертең тезірек қайтқайсың.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. *-қайы, -кейі* тұлғасы қай сөйленістерге тән?
2. Бұл тұлға қандай көне ескерткіштерде кездеседі?
3. *-қайы, -кейі* тұлғасы туралы М.Қашқари қандай пікір айтады?
4. Аталған тұлғаның грамматикалық қызметі қандай?

### **§14. Етістіктің сирек қолданылатын тұлғалары**

Қазақ сөйленістеріндегі етістік тұлғаларының бірқатары таралу шегінің шағындығымен ерекшеленсе, енді бірқатары қолданылу аясының тарлығымен, яғни сирек қолданылуымен ерекшеленеді.

Мәселен, әдеби тілінде келер шақ есімше тудыратын *-мақ, -мек* жұрнағы Ташкент сөйленістерінде тек қимыл атауын жасайды. Аталған сөйленісте бұл тұлға тіліміздегі жатыс септігінің *-да (-де, -та, -те)* жалғауын қабылдай отырып, созылықы, шұбалаңқы амал-әрекетті білдіреді. Мысалы: Біз Ташкентте *оқымақтамыз*. Заман жақсы *болмақта* т.б.

А.А.Юлдашев сөз болып отырған тұлғаны түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формаларының қатарында (*-мақта эди*) қарайды. Ол *-мақта* тұлғасы ертеректегі көне жазба мұралар тілінде кездеспегенімен, көне ұйғыр және көне өзбек ескерткіштерінде қолданыла бастағанын айта келе, былай деп жазады: «Отсюда, вероятно, и шло самое интенсивное ее

распространение: так, например, форма на *макта эди* была широко представлена в татарском варианте «тюрки», через традиции которого проникла даже в литературный татарский язык начала XX в., всецело ориентированный на общенародный устный язык» [89, 152]. Татар және басқа бірқатар түркі тілдерінде аталған тұлға әдеби тілдің дамуы барысында өзімен мағыналас *-а эди* тұлғасына ауысқан. Ал *-а эди* формасы қолданылмайтын тілдерде орнығып қалған. Бұл тұлғаның білдіретін негізгі мағынасы – ол арқылы берілген амал-әрекеттің аяқталмағандығы. Өзбек халқымен аралас-құрмалас тұратын қазақтардың тілінде де, негізінен, осы мағынада қолданылады. Көбінесе ешқандай көмекші компонентсіз жіктеліп келіп жұмсалады. Яғни, үш жақта бірдей жекеше, көпше түрде айтыла береді. Мысалы: *оқымақтамын, оқымақтамыз, оқымақтасың* т.б.

А.Н.Кононов *-макта эди* формасын осы шақтағы *макта (-мын)* тұлғасының өткен шаққа ауысқан варианты деп санайды. А.Н.Кононов талқылауындағы аталған тұлғаның осы шақ мәні анық еместігін орынды ескере отырып, А.А.Юлдашев былай дейді: «По его мнению, она означает «длительное действие в настоящем, но не переходящее в постоянное», характеризует «развитие действия по признаку длительности». В действительности же форма настоящего времени на *макта* указывает не на длительность обозначаемого ею действия, а его «процессуальность» [89, 153]. Осы шақ формасының дублеті тәрізді сипатқа ие бұл тұлға аталған тілдерде коммуникативтік акт кезіндегі уақытпен сәйкес келетін амал-әрекетті білдіреді.

Есімше тұлғасының жатыс септігінің жалғауын қабылдап, күрделі тұлға ретінде жұмсалыуына түркі тілдерінен басқа да деректер келтіруге болады. Мәселен, татар тілінің диалектерінде *-галақ* есімшесіне жатыс септігінің жалғауы жалғану арқылы татар әдеби тіліндегі *-ганчы* көсімшесіне немесе *-мас борон* тіркесіне жақын мағынада айтылады екен.

Халық тіліндегі сөз болып отырған тұлға етістік түбіріне тікелей жалғанады: *бармақтамыз, келмекте, айтпақтамыз* т.б. Басқа сөйленістерде мұндай құбылыс байқалмайды. Бұл тұлғаның Өзбекстанда тұратын қазақтар тілінде кездесуін зерттеушілер өзбек тілінің ықпалы деп түсіндіреді, өйткені *-мақта* қосымшасы өзбек тіліндегі актив тұлғалардың бірі [98. 17]. Республикамыздың территориясында тұратын жергілікті халық тілінде кездеспей, тек Өзбекстанда тұратын қазақтар тілінде ұшырауы бұл пікірдің растығын көрсетеді.

Еліміздің басқа өңірлерінде қолданылмай, тек жоғарыда аталған сөйленіске тән ерекшеліктер қатарында қаралып жүрген тілдік құбылыстардың бірі – өзбек тілінде осы шақты білдіруші қалып етістіктерінің (отыр, тұр, жатыр, жүр) жіктелген кезде *отырмын, отырсың* түрінде айтылмай, *отырыппан, отырыпсан* болып айтылуы. Бұл да жергілікті тұрғындар тіліндегі өзбек тілі ықпалымен пайда болған өзгешілік деп есептейміз. Себебі жоғарыда келтірілген мысалдар өзбек тілінде *утирибман, утирибсан* түрінде қолданылады «Хазирги замон узбик тили» атты еңбекте II жақ жалғауы өзбек тілінде *сан* түрінде келетіні, бұл тұлға тарихи шығармаларда *бон//бан* түрінде ұшырайтындығы айтылған [12. 165].

Ғ.Мұсабаев көсемшенің *-ып,-іп* жұрнағының арғы төркіні көне түркі тіліндегі осы *бан (бән), бен, ман(мән), пен* деген формадан қысқартылып жасалған деген жорамал ұсына отырып, көне түркі ескерткіштерінен бірнеше мысалдар келтіреді [99. 127].

Бұл тұлға әзірбайжан әдеби тілінде XIV-XV ғасырларды жиі қолданылып, бертін келе қолданыстан шығып қалған. Себебі аталған тұлға сол кезеңде өмір сүрген әдебиет өкілдерінің шығармаларында көп кездеседі:

Дәрия *гилыбантэээррә*  
Эйләрди *зәһиресин* тэзэччә  
Сәһра *әдибән* она тәвәллә  
Әйләрди мәншәтин тәменна (Физули Ганджауи)

Қазіргі әзірбайжан тілінің кейбір диалектілерінде *бариб* деудің орнына *барибан, кәлиб* деудің орнына *кәлибан* болып қолданылады. Соңғы мысалдарда, *-бан* қосымшасы өткен шақ көсемшенің *-ып,-іп* орнына жұмсалғандығын көреміз. Тіліміздегі *-ып,-іп* көсемше тұлғасы, Ғ.Мұсабаев көрсеткендей, *-бан* қосымшасынан дамыған болса, аталған қосымшаның қазіргі өзбек тіліндегі көсемшенің *-ып, -іп* жұрнағынан кейін жалғануы оның о баста осы тұлғамен төркіндестігімен байланысты болса керек. Ал оның қазақ сөйленістеріндегі қолданысы, бұған дейін айтқанымыздай, өзбек тілінің ықпалымен түсіндіріледі.

Халық тілінде сирек айтылып, қазақ сөйленістеріне кең тарамаған диалектілік құбылыстар қатарында етістіктің *-кір* қосымшалы тұлғасын атауға болады. Диалектологтардың зертеулерінен бұл тұлғаның Көкшетау қазақтарының тілінде етістіктің бұйрық райын жасау үшін қолданылатынын байқаймыз. Мысалы: Кішкене сен сабыр *еткір*, қазір мен жазып берейін [5. 92].

Бұл жұрнақ әдеби тілімізде де бар. Алайда екеуінің мағынасы мен қызметі екі бөлек. Әдеби тілдегі тұлға көбінесе алғыс немесе қарғыс мәнді етістіктер жасауға қатысады. Мысалы: *бар болғыр, жоқ болғыр, көзі ашылғыр, жау шапқыр, садағасы кеткір, т.б.* Мұнда таза бұйрық мән көрінбейді. Сөйленістегі тұлғаның ерекшелігі, бұған дейін айтып кеткеніміздей, етістік түбіріне жалғанып бұйрық райдың екінші жағын жасайды. Әдеби тілдегі тұлға стильдік мақсатта қолданылып, сөйлемде түрлі қызмет атқара береді.

Аталған тұлғаны тіліміздегі түбір мен қосымшаға бөлуге келместей болып кірігіп кеткен *а-қыр, қа-қыр, жаз-ғыр, ыс-қыр, пыс-қыр, түш-кір, тү-кір, ке-кір* деген етістіктер құрамынан көреміз. Бұл қосымшаның ертеде етістік жасаушы аффикс болғанын, әрі оның көнелігін көрсетсе, қазіргі тілімізде *өткір, ұшқыр* тәрізді бірен-саран есім сөз жасауға қатысуы оның өнімсіздігін айқындай түседі.

Сөз болып отырған тұлғаның сөзжасамдық қабілеті сөйленістерде де сақталған. Мысалы: *кәпкір, әтөшкір, әшкір, т.б.*

Біз ерекшелік ретінде танып отырған қосымша әдеби тілдегі тұлғамен төркіні жағынан бір болғанмен де, қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда мағыналық дифференцияға ұшыраған екі бөлек қосымша.

Бір ғана сөйленіс көлемінде айтылып, өзге өңірлерге тармаған ауызекі сөйлеу тілінде сирек қолданылатын осындай тұлғалардың бірі – етістіктің *-ғайлы* тұлғасы. Диалектологиялық зерттеулерге қарағанда Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тіліне тән өзгешелік болып табылады. Әдеби тілдегі етістікке тән *у* жұрнағы мен *керек, тиіс* модаль сөздерінің тіркесіп келіп, предикаттанғанда беретін мағынасы орнына жүреді. Мысалы: Енді картаны *алмағайлы*, әйтпесе ұтыласыңыз [35.77-б.].

Морфологиялық құрамы жағынан бұл қосымша құранды: *ғай + лы* элементтеріне ажырайды. Мұның алғашқысы қазіргі тіліміздегі қалау, тілек мәнді қосымша да, соңғысы түркі тілдерінің тарихында белгілі бірлестік септік қосымшасы болуы ықтимал. Бірақ сөйленістегі тұлға бұл мағыналарды сақтамаған.

Аталған сөйленісте бірен-саран етістік құрамында келіп, өзінше ерекшелік тудыратын тұлғалар қатарында *-ағ, -іг, -ыр, -ір* қосымшаларын атауға болады. *-ағ, -іг* жұрнағы арқылы жергілікті тұрғындар тілінде өздік етіс жасалады: *масығу – мастану, тозығу – тозу, азығу – азу, т.б.* Бұл жұрнақ сөз болып отырған сөйленіске қарақалпақ тілінен ауысқан. Өйткені ол қарақалпақ тілінде жиі қолданылады. Ал *-ыр, -ір* жұрнағы *бықырысу – бықу* тәрізді бірлі жарым етістіктерге ғана қосылып айтылады.

Көптеген зерттеушілер еңбектерінде халық жырларындағы, жыраулар поэзиясындағы кейбір көне тұлғалар жергілікті ерекшелік ретінде қаралып жүр. Атап айтқанда, тұлғалық жағынан басқа лексикалық-грамматикалық құрылымдардан оқшау тұратын, ал функционалды- семантикалық жақтан көмекшілік мәндегі *-мыс//мыш, дұр* сөздері – халық поэзиясынан дәстүрлі қолданыс тапқан тіл элементтері. Бұл тұлғалардың халық поэзиясындағы қолданыс ерекшеліктерін Е.Жұбанов толық ашып көрсетеді [74, 113-123]. Алайда диалектологиялық еңбектерде жергілікті тіл ерекшеліктеріне жатқызылып жүрген тұлғалар болғандықтан, соның себебін түсіндіру мақсатында тоқталып өтпекпіз.

Н.Жүнісов Қарақалпақстан қазақтарының тілінде есімшенің бұрынғы өткен шағы *-мыш, -миш* тұлғасы арқылы жасалатынын және оның ара-тұра кейбір оңтүстік, батыс сөйленістерінде кездесіп қалатынын айтады. Оның кейбір түркі тілдерінде (татар, башқұрт) етістіктің актив қосымшасы болғанымен, қазақ тілінде қолданылуы өте тар екендігін ескертеді [26.65]

Түркі тілдерінің грамматикасын зерттеуге арналған еңбектердің көпшілігінде бұл тұлға перфектілік мәні бар, айғақсыз іс-әрекеттерді білдіретін есімше делінеді [44. 147]

Н.А.Баскаков *-мыш, -миш* тұлғалы есімшені өткен шақтық есімшенің қалдығы, ол қазірде модальдік мағынаны білдіретін *-мыс, -міс* формасына арналған дегенді айтады [6, 428].

Орта ғасыр жазбаларында *-мыш* тұлғасы істің болған – болмағандығына дүдәмалдықты білдіру мәнінде жұмсалған. М.Қашқари бұл туралы былай дейді: «*барды* деген сөздің мағынасы: *барғанын өзім көрдім, барғаны анық* дегені, *-мыш, -миш* қосымшасы да іс-әрекеттің өткен уақытта болғанын білдіреді. Бірақ мұнда сөйлеушінің өзі көрмеген, анық еместік мағына бар, ол

*бармыш – ол барған болу керек, бірақ мен өзім көрген жоқпын»* [50, 63]. Осы мәнде ол халық ауыз әдебиеті үлгілерінде де көп кездеседі. *-мыш* тұлғасы тілдің қай кезеңінде қолданылса да, өткен шақтық мәні мен сол өткен шақта орындалған іс-әрекеттің жүзеге асқан- аспағандығына сенімсіздікпен қарау мәнін жоймаған.

Қазіргі қазақ тілінде көнеден қалған сөз қолданыстарында, мақал-мәтелдер құрамында (*Жазмыштан озмыш жоқ*) кездесіп қалатыны болмаса, әдеби тіл нормасын *-ған* есімшесі ауыстырған да, *-мыш* тұлғасын ығыстырып шығарған.

Көненің ізі ретінде қазақ сөйленістерінде бірлі-жарым ретте сақталып қалған.

Негізінен бұл тұлға қазіргі оғыз тобындағы тілдерге тән қосымша болып табылады, осы топтағы бірқатар түркі тілдерінде (әзірбайжан, түрікмен, т.б.) ең жиі қолданылатын тұлғалардың бірі.

Халық поэзиясындағы етістікке ғана емес, есім сөздерге жалғанып кен қолданылған *дүр* шылауы кейбір қазақ сөйленістерінде сирек те болса айтылады. Бірақ бұл да *-мыш* тұлғасы сияқты қарттар тілінде болмаса, жастар тілінде кездесе бермейтін көне тұлғалардың бірі.

О.Нақысбеков аталған тұлғаның Шу бойы тұрғындары тілінде айтылатынына дәлел ретінде сол өңірден жиналған мынадай мысалдарды ұсынады: Бұл жақсы ат *боладүр*. Анау көрінген біздің *түйедүр*. Ойнақ-бойдақ, *Мәлім дүр* бойдақ жігіт осы тойда-ақ [ 31, 51].

А.Абдувалиев *дүр* шылауының Өзбекстанда тұратын қазақтар тілінде де кездесетіндігін айтады [100,162].

Бұл тұлғаның қазақ тілінде көне замандарда қолданылып, реликт ретінде кейбір ескі үлгілерде сақталып қалғаны зерттеушілер еңбектерінен белгілі. Сондай-ақ, аталған қосымшаның, әсіресе, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, жыраулар поэзиясында жиі кездесуі де осыған дәлел. Мысалы:

Кім *байдүр*, кім *жарлы дүр* тәңірге аян(Айман- Шолпан);

Айтар сөзім *осы дүр* (Бұқар);

Тәуекел ердің *ісі-дүр*, Ерісімен қор болмас (Аралбай);

Рақмет алған *амандүр*, нәлет алған *жамандүр* (мақал);

Нәпсі деген *бәледүр*, жанған отқа *саладүр* (мақал).

*-дүр* қосымшасының шығуы, оның қызметінің бірте-бірте басқа форманттарға ауысуы жайында қызықты пікірлер жоқ емес. Р.Сыздықова «осы күнгі және көне нұсқалардағы *-ды,ты* формантындағы кәмілдікті, дәлдікті білдіретін модальдік сипатын ескере келіп және бұл форманттың көбінесе есімшенің өткен шақ формасымен (барған-ды,болған-ды), *керек, емес* тәрізді модаль сөздермен және кейде есімдермен тіркесіп келетінін ескеріп, мұндағы *-ді*-лердің орнына *-дүр* форманты сұранып тұрғандай»,– деп, *-ды, -ті* тұлғалары осы *-дүр*-ден пайда болды емес пе екен деген жорамал айтады [62, 287]

Ал Е.Жұбанов оның шығу төркінін түркі тілдерінде модальдік мән туғызатын *-дір* аффиксімен байланыстырады [74, 117]

Қазақ сөйленістерінде сирек қолданылғанымен, өзіндік тұлғалық, мағыналық өзгешілік тудыратын формалардың бірі – етістіктің *-тіттә* қосымшалы тұлғасы.

Диалектологиялық еңбектерде көп сөз бола қоймаған бұл тұлға, Б.Жүсіпованың көрсетуі бойынша, Түркістан тұрғындарының тіліне тән [64, 106]. Аталған сөйленісте өткен шақ есімшесінің (*-ған, -ген, -қан, -кен*) жұрнағынан кейін келіп, мағынасы тіліміздегі белгісіздік, болжалдық мәндегі *шығар* модаль сөзімен үйлес келетін қосымша. Мысалы: Көкесіне барса, *барғантіттә*. Айтсам сөзім өтеді деп туысқанына *айтқантіттә*. Бұл сөйлемдердің баяндауыштары әдеби тілде *барған шығар, айтқан шығар* түрінде болар еді.

*-тіттә* қосымшасы сөйленісте әдеби тілдегі есімшенің аталған тұлғасынан соң келіп, болған іс-әрекетті нақтылай түсетін *-да* шылауының орнына да жүреді. Мысалы, әдеби тілде *айтқан да, барған да* түрінде айтылатын етістіктер жергілікті тұрғындар тілінде *айтқантіттә, барғантіттә* болып қолданылады.

Құрамы жағынан бұл қосымша күрделі болып келеді. Ә.Ибатов оны іштей *-ті* және *-ттә* деген бөлшектерге бөліп қарастырады. Оның алғашқы бөлшегі *барған-ды, келген-ді, айтқан-ды* дегендегі *-ді, -ті* тұлғасы да *-ттә* элементі *та, те* шылауының өзгертіліп айтылған түрі. Оның *тіттә* болып *t* арқылы айтылуы *мә, саған* деген екі сөздің орнына *мәссаған* деп, *c* дыбысын екі рет қайталап қолдану арқылы жасалған одағай сөздің жасалу жүйесі сияқты, сондай заңдардың ізімен жасалған. Бұл қосымшаны түгелдей алғанда, қазақ әдеби тілінің айтылу нормасына салсақ, *-ды да, -ді де (діддә)* ұяң түрде дыбысталуы керек еді. Оның *тіттә* болып қатаң дыбысталуы сол шылаулардың бір кездерде *-ты, -та, -ті, -тә* сияқты қатаң түрде айтылғанының көрінісі, сол дағдының сақталып қалған сарқыншақ ізі болу керек деп есептейді [63, 162-163].

Аталған тұлға түркістан сөйленісінде тек жіңішке вариантта ғана кездеседі. Үндестік заңына бағынбайтын диалектілік тұлғалар қатарына жатады, ол жуан түбірге де, жіңішке түбірге де бір ғана *тіттә* вариантында жалғанады.

Тіліміздің өзге сөйленістерінде дәл осы тұлға қайталанбағанымен, оның басқаша дыбысталуы ұшырасып қалады. Мәселен, батыс сөйленістерінде *-ған, -ген* тұлғалы етістікке *да* демеулігінің ұяң варианты жалғанып айтылу орнына оның *t*-дан басталатын қатаң варианты қосылып айтылатын жағдайлары бар, мұнда да екі *t* арқылы айтылады: Барғысы келгесін, *барғантта*. Көріп тұрғасын, шыдай алмай *айқантта*. Әдеби тіл нормасы бойынша бұл сөйлемдердің баяндауыштары *барған да, айтқан да* болар еді. Бұл да *тіттә* қосымшасы сияқты буын талғамайды, яғни үндестік заңына бағынбайды. Бірақ жіңішке вариантта емес, жуан буын болсын, жіңішке буын болсын бір ғана жуан вариантында жалғанады (*айқантта, келгентта*).

Ә.Нұрмағанбетов Шымкент сөйленісінде әдеби тілдегі *болады да, келеді де* орнына *болаттағыны, келеттағыны* түрінде айтылатынын ескертеді [35, 78].

Сөз болып отырған тұлғаға ұқсас форманы А.Байтұрсынов еңбегінен де кездестіреміз. Ғалым қазақ тіліндегі райларды жіктегенде, оның бес түрін атап көрсеткені тіл мамандарына таныс деп ойлаймыз. Соның ішінде көніс райға *көреді та, кетпеймін тағы* деген мысалдар келтіреді [38, 243]. Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, *та шылауы* алдыңғы сыңарларының дауыстыға немесе ұяңға біткеніне қарамай, қатаң түрде жалғанып тұр. Демек сөйленістердегі тұлға тіліміздің дамуы барысында қалыптасқан ішкі заңдылықтардан туған болса керек.

Жоғарыда сөз болған тұлғаның осы соңғы тұлғалармен шығу төркіні бір ме деп ойлаймыз. Бұл жөніндегі Ә. Ибатовтың болжамы көңілге әбден қонады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:**

1. Сөйленістерде сирек қолданылатын етістік тұлғаларын ақандай тұлғалар жатады?
- 2.- *дүр* тұлғасы қай сөйленістерге тән?
3. Н.А.Баскаков *-мыш, -міш* тұлғасы туралы қандай пікір айтты?
- 4.Көркем әдебиеттен аталған тұлғаларға қатысты мысалдар теріп, олардың мағыналарын түсіндіріңіз.

## **§15. Етіс тұлғалары**

Жалпы етіс дегеніміз – қимылдың немесе іс-әрекеттің объектісі мен субъектісі арасындағы қатынасты білдіретін лексика-грамматикалық категория. Тіліміздегі ең күрделі сөз табы етістіктің дербес бір категориясы болып танылатын етістер тұлғалық көрсеткіштері жағынан ғана емес, соған сәйкес мағыналық та, синтаксистік те ерекшеліктері тұрғысынан әр түрлі болып келеді. Түркі тілдеріндегі етіс категориясының бұл ерекшеліктеріне түркологтар түрліше қарап келгені мәлім. Ғалымдар арасында етістердің тек аффикстерін негізге алып, форманттары бір өздік пен ырықсыз етісті шатыстырып немесе оларды бір шеңберде қараушылықта болды. Сондай-ақ, *-с, (-ыс, -іс), -дас (-дес)* тұлғалы етістіктер түгелдей ортақ етіс немесе жіктеліп сараланбай, тұтас алынып ортақ-бірлестік етіс деп қарастырылды. Өзгелік етіс жұрнақтары қосылған түбірлердің о баста салт не сабақты болуына қарамай, түгелдей бір етіс ретінде қаралған жағдайларда болды. Міне, осыдан барып, қазақ тілі грамматикаларында етістер бірде үш түрлі болады деп танылса, бірде төрт немесе бес түрге бөлініп, ал енді бірде олардың санын сегізге жеткізушілер де кездесті. А.Байтұрсынов он түрін атап көрсетеді. Мектеп оқулықтарымен арнаулы курстарды негізінен төрт түрге бөлініп баяндалып келген бұл категория кейбір ғылыми еңбектерде беске бөлініп қарастырылады. Олардың ішінде өзіне тән аффикстермен түрленбейтіні негізгі етіс деп көрсетіледі. Оған етіс аффикстермен әлі тұлғаланбаған негізгі және туынды етістіктертер жатқызылады. Шындығында, негізгі етістің грамматикалық көрсеткіші жоқ. Сондықтан қазіргі қазақ тілінде етістің төрт түрі (өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ) бар дейміз. Олар (өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ) өзіне тән жұрнақтармен түрленетіні белгілі.



Қазақ сөйленістерінде де осы төрт етісті тудыратын жұрнақтардың барлығы дерлік бар. Дегенмен, олардың қолданысында кейбір өзгешеліктер байқалады.

### **Өзгелік етіс жұрнақтарының қолданылуындағы өзгешеліктер.**

Өзгелі етіс іс-қимылдың басқа біреу арқылы орындалатынын білдіреді. Оның грамматикалық көрсеткіштері – *-қыз, -кіз, -ыз, -із, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -т* аффикстері. Көне түркі жазба ескерткіштерінде өзгелік етіске тән жұрнақтар деп *-т, (-ут, -үт, -ыт, -ит), -р(-ур, -үр, -ыр, -ір), -тур(-түр), -дур, (-дир), -гур, (-гүр), -з, -мыз, -кіт, -гір* қосымшалары көрсетілген [83, 302]. XI ғ. М. Қашқари сөздігінде: ол аңар суw *ічурді (ішкізді)*, «Кодекс Куманикусте»: *jetkirdi* (жеткізді). Кейінгі XVI-XVIIғ.ғ. ескерткіштерінде де *-қыз, -кіз* орнына *-gur, -kar, -ур* жалғанады. Бұл мысалдар *-қыз, -кіз* аффиксінің кейін пайда болғанын байқатады. Ә. Нұрмағанбетов А.Казембектің «түркі тілдеріндегі *ирақ, -изақ* немесе *ұзақ, семіз-семірмек* сөздеріндегі соңғы *р* дыбысының *з*-ға айналуын негізге ала отырып, *-қыз, -кіз* жұрнақтарындағы соңғы *з* сол реттермен пайда болған да, оның алдындағы *-қы, -гы* элементтерінің дыбыстық варианттарын тек жағымды дыбысталу үшін пайда болған шығар» деген жорамалын келтіреді де, «егер *з* дыбысы түркі тілдеріне тән ротация құбылысы арқылы пайда болғанын анық деп қарасақ, *-гур, -гур* каузативтік жұрнақтардан *-гуз, -гуз* шүбәсі өте ықтимал», – дейді [85, 67]. диалектологиялық еңбектерде қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде әдеби тіліміздегі өзгелік етістің жоғарыда аталған тұлғаларымен бірге *-қар, -кер, -гар, -гер, -газ, -гез, -қаз, -кез* аффикстерінің жарыса қолданылатыны айтылып жүр [26, 28]. Әдеби тіліміздегі өзгелік етіс жұрнақтарының ішінде кездеспейтін *-қар, -кер, -гар, -гер* тұлғалары қарақалпақ тұрғындары тілінде айтылады екен. Мысалы: Баланы жолдың жиегіне *жатқарып кетіпті*. Сұлтеке, әнеугүнгіні *біткердің бе?* Мына балларды *өткеріп жіберің* т.б. Сөйлемдерден көріп отырғанымыздай, аталған жұрнақтар өзгелік етістің *-қыз, -кіз, -ір* формаларының орнына жұмсалып тұр. Бұл жұрнақтар қазіргі кейбір түркі тілдерінде де, ескі жазу нұсқаларында да бар. Көне түркі тілінде: *өткүру*, ойрат тілінде: *өткүр* (өткіз), *пышқыр* (пішкіз). Н.Жүнісов *-қар, -кер* қосымшасының қарақалпақ әдеби тілінде өзгелік етіс жасаушы форма қатарында жұмсалатынын және оның Қарақалпақстан қазақтарының тілінде ұшырауын осы қарақалпақ тілінің әсерінен болуы мүмкіндігін айтады [26, 66]. Ғалымның бұл пікірімен толық келісеміз, алайда оның «бұл әдеби тілде кездеспейтін жұрнақ» дегеніне мынадай уәж айтқымыз келеді. Бұл қосымша әдеби тіліміздегі өзгелік етіс жұрнақтарының ішінде кездеспегенімен, кейбір есімдерден (*бас+қар, су+гар, ес+кер*) етістік тудырушы жұрнақ ретінде, сондай-ақ, *құтқар, атқар* тәрізді қазіргі тіл тұрғысынан түбір мен қосымшаға айыруға келмейтін, бірақ көне түркі тілінде екі морфемаға ажырауы әбден мүмкін сөздер құрамында сирек те болса кездесіп отырады. Бұлай деуіміздің себебі *-қар, -кер* аффиксі М.Қашқари «Сөздігінде» әлдеқайда жиі ұшырайды екен: *көзгар, құргар, аргүр, тіргүр*, т.б. Туынды түбір етістік жасайтын бұл форма қазақ тілі үшін өнімсіз көне форма болғанымен, қазіргі татар, башқұрт,

қарақалпақ (үткәр, ятқар, житкәр т.б.) тілдерінде өнімді морфема. Олай болса, аталған тұлғаның жергілікті тұрғындар тіліне қарақалпақ тілінен ауысуы әбден мүмкін.

Н.Жүнісов қарақалпақ қазақтарының тіліндегі өзгелік етіс жасайтын тағы бір ерекше жұрнақ ретінде *-тас* қосымшасын атайды. Ол зат есімге қосылып, өзгелік етіс мағынасын жасайды деп, *автоматтастыру (автоматтандыру), электрлестіру (электірлендіру)* деген мысалдар келтіреді [26, 66]. Бұл жерде ғалым пікірімен келісе алмайтын пікірлер бар: біріншіден, жалпы өзгелік етіс аффикстеріне тән қызмет сабақты етістіктер жасау екені белгілі. Ал сөйленістегі аталған тұлға (*автоматтастыру, электірлестіру*) сабақты етістік жасауға қатысып тұрған жоқ, мұндағы сабақты етістік тудырып тұрған қосымша – әдеби тіліміздегі өзгелік етістің *-тыр, -тір* жұрнақтары. Демек мұндағы *-тас, -лес* біздің ойымызша, әдеби тіліміздегі *достас, қоштас* сөздерінің құрамындағы *-тас* жұрнағымен қызметтес, есімнен етістік тудырушы жұрнақ болса керек. Етіс жұрнақтарының да сөз жасаушы қызметін атқаратындығы тіл тарихынан белгілі. Қазіргі тілімізде кейбір өзгелік етіс аффикстері арқылы есім сөздерден қалыптасқан етістіктердің кездесетіндігін (*басқар, ескер т.б.*) жоғарыда айтқанбыз. Бірақ бұлар – сабақты етістіктер.

Екіншіден, берілген сөздерді әдеби вариантымен салыстыра отырып, құрамына қарай талдайық: *автомат+тас+тыр+у, электір+лес+тір+у*. Әдеби тілде: *автомат+тан+дыр+у, электр+лен+дір+у*. Бұл сөздер төрт морфемадан тұрады: бірінші морфема (*автомат, электр*) – түбір есім, екіншісі *-тас(-тан)* немесе *-лес(-лен)* жұрнағы, үшіншісі (*-ттыр, -тір* немесе *-дыр, -дір*) өзгелік етіс жұрнағы, төртінші элемент (*-у*) – кимыл атауы. Бұларда әдеби тілдегіден өзгеше болып, біздің назарымызды аударып отырғаны – екінші элемент, яғни *-тас* пен *-тан*. Көрсетілген мысалдарда бұл екеуі бір функцияны атқарып тұр. *-тас* қосымшасы есімнен етістік жасап тұрса, *-тан* да әдеби тілімізде етістік тудырушы жұрнақтар қатарына жатады. Мысалы: *құлақ+тан, үй+лен, т.б.* Біздің бұл пікірімізбен келіспеушілер де болуы мүмкін, себебі *-тас, -тан* қосымшаларын тарихи тұрғыдан *-та+с, -та+н* деп құрама аффикс ретінде де қарауға болады. Онда *-та* қазіргі азақ тіліндегі етістік тудырушы (*оқ+та, жоқ+та*) жұрнақ, ал, *-н* ырықсыз (өзгелік емес) етіс жұрнағы болар еді. Н.Жүнісовтың бұл форманы етіс жұрнағы қатарында қарауы да содан болса керек. Олай болған күнде де сөйленісте өзгешілік тудырып тұрған етіс тұлғасы *-тас* емес *-с* болар еді, себебі ол әдеби вариантындағы *-н* элементімен сәйкес келеді және өзгелік емес ырықсыз етіс жасайды. Бұл аффикс құрамындағы *-н* қосымшасының етіс жұрнағы болу мүмкіндігіне дауымыз жоқ, алайда ол біз қарастырып отырған жағдайда сөз тудырушы жұрнақ құрамына еніп, бөлшектеуге келмейтін дәрежеде кірігіп кеткен. Себебі, жоғарыдағы *құлақтан, үйлен* тәрізді сөздерді *құлақта-(н), үйле-(н)* деп бөле алмаймыз, өйткені қазіргі қазақ тілінде бұл сөздер дәл осы формада (*құлақта, үйле*) етістік мәнінде ұғынылмайды.

Үшіншіден, осы тұлғаға (*-тас, -лес*) ұқсас өзгелік етіс жұрнағын көне түркі тілі материалдарынан да, көрші түркі тілдерінен де байқай алмадық.

Зерттеушілердің өз дәлелдеуі де жеткіліксіз. Қалай болғанда да бұл тұлғаны өзгелік етіс жұрнағы деу қисынсыз.

Өзгелік етістің тағы бір ерекше тұлғасы Өзбекстанда тұратын қазақтар тілінде кездеседі. О.Нақысбеков қазақ әдеби тіліндегі және басқа сөйленістердегі *-қыз,-кіз,- ғыз,-гіз* сияқты өзгелік етіс формасының орнына Ташкент сөйленісіндегі түрлі фонетикалық өзгеріске ұшыраған *-ғаз,, -ғез, -қаз, -кез* тұлғалары (*тұрғазу-тұрғызу, отқазу//отырғазу –отырғызу, көргезу –көргізу, өткезу –өткізу*) қолданылатындығын сөз етеді [31, 67].

Ю.Абдувалиев бұл тұлғаның өзбек тілінде бар екенін айтады. Жергілікті тұрғындар тілінде ұшырауы өзбек тілінің әсері болса керек. Мысалы, Көктемде егу жұмысын мезгілінен *өткезбестен* бастауға болады. Баласын көрпешеге *отқазып* қойып, барлық тірлігін қылып жүр [100, 17].

Аталған тұлға М.Қашқари «Диуанында» *-ғаз,-ғаз* тәрізденіп, басқа сөз таптарынан туынды түбір етістік жасайтын өзгелік етіс аффиксі ретінде қарастырылады.

Қазақ сөйленістерінде өзгелік етіс жұрнақтарының бірінің орнына екіншісін ауыстырып қолдану ерекшелігі де кездеседі. Мысалы, Түрікменстан қазақтары тілінде өзгелік етістің *-қыз,-кіз* жұрнағы орнына *-ір* аффиксі жалғанып айтылады: Түйеге суды содан кейін тойғанша *ішірген*. Әдеби тілде *ішкізген* болар еді.

Б.Бекетов мұндай ерекшеліктің Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендейтін қазақтар тілінде де ұшырайтынын айтады [36, 174]. Аталған сөйленісте *өткір, ішір* тұлғаларымен қатар, бұл етістіктердің түбірлері *-кер* жұрнағын қабылдап, *өткер, ішкерле* тұлғаларында да жұмсалады. Сөйтіп, *-ір* және *-кер* жұрнақты тұлғалардың жарыса қолданылуы қарақалпақ қазақтар тіліне тән екендігін байқаймыз.

*-ір* жұрнағы арқылы өзгелік етіс жасау түрікмен, әзербайжан, өзбек, қарақалпақ, ноғай тілдерінде де ұшырайды.

Өзгелік етіс тудыратын *-қыз,-кіз* және *-дыр,-дір* жұрнақтарының ауысып қолданылуы ауыз әдебиеті үлгілері мен жыраулар поэзиясында да кездеседі. Мысалы «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырында:

Қоян зиян Биянға *тидіріпті*,  
Көңілін бермей, Қодарды күйдіріпті.  
Аздап қана Қодардың көңілін аулап,  
Шүберектің сыртынан *сүйдіріпті*.

немесе бұған керісінше:

Мен елімде көріп ем  
Не сықынды әр қызды  
Бәрінен де көңілімді  
ЖалғызБаян *қалғызды*, –деген жолдар бар.

Әдеби тіл нормасы бойынша *тигізіпті, сүйгізіпті* және *қалдырды* болуы керек еді.

Е.Жұбанов мұндай қолданыстар бунақ ұйқасына негізделген практикалық қажеттіліктен болған деп есептейді [74, 122].

Жалпы етіс аффикстерінің бірінің үстіне екіншісінің қабатталуы көне тілдерде де, қазіргі тілдерде де ұшырасатын құбылыс.

Өзбекстан қазақтарының тілінде де өзгелік етіс жұрнақтарының бірінің үстіне бірі қабаттаса жалғануы байқалады: Биылдан бастап мұғалімнің айлығы *көбейттірілді*(*өзбекше –купайтирилди*) [82, 163].

Жоғарыда келтірілген мысалдарда туынды етістікке жалғанған өзгелік етіс (-*m*) аффиксінің грамматикалық мәні көмескеленгендіктен, болмаса мағыналық интонация айқын жетпей жатқандықтан, оның мәнін айқындай түсетін екінші аффикс (-*тір*) жалғанып тұр. *Көбейт* пен *көбейттір* бірдей мәнді білдірмейтіні анық. Себебі *көбейт* дегенде, сөйлеуші істі екінші біреуге міндеттейді, ал *көбейттір* болса, істі орындауға тиіс адамның сөйлеушіден аса алшақ екендігі немесе оның үшінші біреуге жүктелетіндігі аңғарылады. *Көбейттір* сөзінде анық өзгелік етіс мәнін беретін тұлға – *-тір*. Алдыңғы *-m* белгілі дәрежеде лексикализацияланған. Аталған сөйленісте өзгелік етіс жұрнақтарының үстіне ырықсыз етістің (-*іл*) жұрнағы жалғанған. Мұндай құбылыс әдеби тілімізге де жат емес. Мысалы: *ағаш отырғызылды, ет бұқтырылды, т.б.*

### **Ырықсыз етіс жұрнақтарының қолданылуындағы өзгешіліктер**

Жоғарыда аталған Өзбекстанда тұратын қазақтар тілінде ырықсыз етіс жұрнақтарының қолданылуында төмендегідей ерекшеліктер байқалады.

Әдеби тілдегі *туу* етістігі әрі салт, әрі сабақты етістік ретінде қолданылып, *-ыл* ырықсыз етіс жұрнағын қажет етпейді. Мысалы: *жеңгем ұл туды*, - дегенде өзінің негізгі лексикалық мәнінде сабақты етістік болып қолданылса, *жолдасым 1972 жылы туған*, – дегенде *туылған* деген ырықсыз етіс мәнін береді. Ал Өзбекстан тұрғындары тілінде салт етістік тудыру үшін ырықсыз етістің *-ыл* жұрнағы шартты түрде талап етіледі. Мысалы: Жаңаға жаппай бұрылып, тұрмыста жаңа *туылып*, т.б.

О.Нақысбеков бұл ерекшелік оңтүстік өңірдің Шымкент, Жамбыл облыстары тұрғындарының тіліне де тән екенін айтады [31, 63]

*Ту* етістігінің осылайша негізгі екі функцияда қалыптасуын тілдегі кездейсоқтық деп қарауға болмайды. Өйткені мұндай жағдайлар тілдің көне тарихында да орын алған. Мәселен, М.Қашқари сөздігінен *Кул тәңрігә танды* (Ітом, 9-б) деген сөйлемді алсақ, мұндағы *тан-ды* етістігі *таб-ын-ды* деген өздік етіс мәнінде қолданылған. Көне түркі жазбаларында мұндай жағдай жиі кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі *түз-у*, өзбек тілінде *туз-ук* болып сын есім, *түз-е*, *түз-ә* түрінде етістік еспті қолданылатын түбірлес сөздер ертеде *түз* деген тұлғада тұрып-ақ етістік сөздер қатарына кірген. Қараңыз: *Ол йәріг түзді* (Штом, 16-б). Мұнда өзгелік етіс аффикстерінсіз-ақ *түзе-м-ті* болып сол мағынадағы етістік есепті қолданылып тұр. Осы тәрізді етіс аффикстерінің бірге қосылып, енді бірде қосылмай да қолданылуа беруі көне дәуірлерде де форманттары жағынан жетілген етіс категориясының функционалды тұрғыда тиянақталмаған кейбір жағдайларының болғандығын дәлелдейді. Қазіргі қазақ сөйленістерінде *ту-ыл-ды* болып, әдеби тілімізде *ту-ды* болып қысқара

қолданылуының осындай тарихи түйіні бар. Сондықтан мұны тілдегі көне тарих куәсі есепті тану қажет.

Жергілікті баспасөз беттерінде де, аталған сөйленістегі тұрғындар тілінде де ырықсыз етіс жұрнақтарының орынсыз қолданылуы байқалады. Мысалы: Онда көрсетпе тақталары *толтырылып тұрылмайды*. Әдеби тіл нормасы бойынша *толтырылып тұрмайды* болар еді.

Сөз болып отырған сөйленістер тобында аз жерді қамтып, осы өңірдің бәрін бірдей қамтымайтын құбылыстардың бірі – әдеби тілімізде және қазақ тілінің басқа сөйленістерінде етіс жұрнағынсыз жұмсалатын етістіктердің ырықсыз етісте қолданылуы. Мысалы: Бұрынғы көне заман *қалынып* жатар. Бетінен қаны *тамылған*, т.б.

С.Омарбеков әдеби тілде ырықсыз етіс пен өздік етіске тән *-н (-ын, -ін)* жұрнағымен айтылмайтын кейбір етістіктер Маңғыстау өңірі тұрғындары тілінде осы жұрнақтарды жалғап, әр түрлі лексикалық-грамматикалық мағыналарда жұмсалатынын байқайды [14, 183].

Мұндай қолданыс жергілікті ақын-жыраулар шығармаларында да кездеседі:

Осылай сөйлеп ұйғарып  
Сізге кеңес беруге...  
Отырған жоқпын *сыйланып*  
Шығып жүре беруге  
Отырмын етіп ибалық (Қашаған)

Бұл жерде *сыйлау* етістігі *-н* жұрнағының жалғануы нәтижесінде өзінің бастапқы тура объектісімен предикаттық қатынасқа түсіп, ырықсыз мәнге ие болған.

### **Өздік етіс жұрнақтарының қолданылуындағы өзгешіліктер.**

Өздік етіс формасы қимылдың субъектісі де, объектісі де біреу екендігін білдіріп, түбір етістіктерге талғап жалғанатыны белгілі. Мысалы: *жуын, сұртін, бірақ бұзын, жүзін, жазын емес*.

Ал бірқатар қазақ сөйленістерінде кейбір етістіктердің өздік етіс жұрнағын қабылдаудағы әдеби тілдегі бұл сияқты талғампаздығы әр уақытта сақтала бермейтіндігі байқалады. Маңғыстау қазақтарының тілінде осы өздік етіс жұрнағының қалыптан тыс, яғни әдеби тілде жалғанбайтын етістіктерге қосылып айтылатын кездері болады: Айтарың болса, *айтынып қал*. Жылқылар *шығынып кетпесін*. *Шығыну* сөзі республикамыздың батыс облыстарының басқа жерлерінде де айтылады. Х.Ерғалиев шығармасында ол төмендегідей өлең жолдарында ұшырайды: Алысқа оқ көжектей *шығынғаны*, Есінде жүгіргені, жығылғаны.

Кейбір зерттеулерде бұл сөз *шығу* мағынасында жұмсалады делінген. Шындығында жергілікті тұрғындар тілінде малға, жан-жануарға қатысты айтылып жай шығып кету емес, *алысқа ұзап кету, безіп кету* мағыналарында қолданылады. Жоғарыда келтірілген мысалдан да дәл осы мағынаны түсінеміз. Мұндағы *-ын* аффиксі өздік *етіс* мағынасы мен қоса, *шық* сөзіне үстеме мағына қосып, мағыналық бояуын күшейтіңкіреп тұр.

Маңғыстау тұрғындары тілінде өздік етістің осы *шық* етістігіне қосылып айтылуы ғана жиі ұшырайды, ал оның басқа етістіктерге қалыптан тыс жалғануы (болыну, қалыну, т.б.) көбінесе жыраулар поэзиясына тән:

Бүгін емес қашаннан  
*Айтынып* жүрмін әр жерде  
Дүние талап құмарлап. (Ақтан)  
Сөйлеген сөзі мақұлды  
Қонақ риза *болынса* (Қашаған)

Өздік етістің тағы бір өзгеше түрі Қарақалпақстан қазақтарының тілінде ұшырайды. Мысалы: *қыстанбау-қысылмау*. Тұлғалық жағынан қазіргі қазақ тіліндегі ырықсыз етіске сәйкес келгенімен, мағыналық жағынан өздік етіс орнына жұмсалып тұр. Жалпы бұл екі етіс тұлғаларының ұқсастығы және олардың бірінің формасында тұрып, екіншісінің мағынасында жұмсала алатындығы қазіргі тіл тұрғысынан да анықталған. Қазіргі өзақ тілінде кейбір етістіктер ырықсыз тұлғалы бола тұра, контекст ыңғайына қарай өздік етіс қызметінде де жұмсала алады. Мысалы, *мен кейін бұрылдым* дегенде *бұрыл* өздік мағынасында қолданылса, *машина кейін бұрылды* дегендегі *бұрылды* ырықсыз етіс мағынасын береді.

Сөйленісте ерекшелік мағынасын туғызып тұрған – бұл қосымшаның формалық жағы. Қазіргі қазақ тілінде өздік етіс жұрнақтарының ішінде *-тан* тұлғасы кездеспейді. Бірақ тіліміздің тарихына тереңірек үңілсек, М.Қашқари «Диуанында» етіс формаларының ішінде *-лан*, *-лән* аффикстілер ерекше орын алғандығын байқаймыз. Аталған сөздікте бұл тұлға өздік етіс мәнінде қолданылған: *азуқланды*, *азугланды* т.б. Мысалдан көріп отырғанымыздай, көне түркі тілінде етіс сөздерге жалғанып, әрі етістік тудырушы, әрі етіс қызметін атқарған. Қазіргі қазақ тілінде де бұл аффикс осы қызметте (*арқалан, күйлен, аяқтан*) жиі ұшырайды.

Тіліміздегі құранды *-лан*, *(-лен, -дан, -ден, -тан, -тен)* жұрнағы арқылы есімдерден жасалған туынды етістіктер өздік етіс мағынасында жұмсала беретіндігі белгілі [71, 285]. Демек, қазіргі қазақ сөйленістерінде өздік етіс мағынасында ұғынылуы да аталған тұлғаның осы белгісіне қарай айтылған болса керек. Ал оның етістіктерге жалғануы жекелеген сөйленістерге тән ерекшелік болып табылады.

### **Ортақ етіс жұрнақтарының қолданылуындағы өзгешеліктер.**

Ескі, жаңа түркі тілдерінің қай-қайсысында да тұлғалық жағынан бірыңғай болып келетіні – ортақ етіс. Ортақ етіс қосымшасы ескі жазбаларда да, қазіргі түркі тілдерінде де бір ғана *-и(-с)* вариантында ұшырасады. *-с* жұрнағы көне ұйғыр тілінде етістіктерден есім сөздер тудырушы және инфинитив тудырушы жұрнақ боып есептеледі: *оқыс-оқы*, *әліс-ал*, *қутулус-қутыл*.

V-VIII ғ.ғ. жазбалары тілінде ортақ етіс қосымшасы істің істелуі бірнеше субъектінің ортақ әрекеті арқылы болғанын, істі істеуге бірнеше субъектінің қатынасқандығын білдіреді: *суңушдіміз (соғыстық)*. М.Қашқари аталған тұлғаның етістік құрамында бірнеше мағынаны білдіретінін айтады. Ол

мағыналардың ішінде қазіргі тіліміздегі сақталған – іс-әрекеттің бірнеше субъектіге ортақтығын білдіру.

Қазақ сөйленістерінде ортақ етістің әдеби тілдегіден өзгеше тұлғасы жоқ. Дегенмен Қарақалпақстанда тұратын қазақтар мен республикамыздың батыс өңірі тұрғындары тілінде әдеби тілде ортақ етіс жұрнақтарын қабылдамайтын етістіктерге *-с(-ыс,-іс)* аффиксінің жалғану құбылысы сирек те болса кездесіп отырады. Мысалы: *ерісу (еру, қиындасу(қиындау), тиіспеу (тимеу) т.б.* Кейде ырықсыз етіс арқылы жасалған туынды етістіктерге де жалғанады: *құтылысу (құтылу).*

Батыс сөйленістерінде *жет* етістігіне ортақ етіс жұрнағы жалғанып, *жетісу* түрінде айтылады да, төмендегідей мағыналарға ие болады. Мысалы: Ауылға әрең *жетістім* (әрең *жеттім*). Көмектеспесеңіз жалғыз өзім *жетіспей* жатырмын(*ұлгермей* жатырмын). *Жетісіп* қапсың (*мәртебең немесе көңілің өсіп қалыпты*). Бұл етістік әдеби тілде де осы тұлғада айтылады. Бірақ тек соңғы мағынада жұмсалады.

А.Тасымов «*-с(-ыс,-іс)* жұрнағы Еділ бойы қазақтарының тілінде ортақ етіс мағынасының үстіне қосымша іс-әрекеттің қатысушылар тарапынан бірнеше рет қайталанып отыратынын білдіреді», –дейді [22,-82]. Мысалы: Үйде қарт жоқ ертең *барысармыз*, бүгін бара алмаймыз. Әдеби тілде *ертең барармыз* болып айтылуға тиіс. Зерттеушілер еңбектеріне қарағанда бұл жұрнақ осы мағынада республикамыздың шығыс аудандары мен Қошағаш қазақтарының тілінде де жиі айтылатындығын көреміз.

Қорыта айтқанда, өзгелік етіс тұлғаларындағы кейбір өзгешіліктер болмаса, негізінен халық тіліндегі етіс түрлері әдеби тілдегі етіс жұрнақтарымен бірдей. Тек олардың қолданылуында аздаған ауытқулар байқалады.

### **Бақылау тапсырмалары мен сұрақтары:**

- 1.Сөйленістерде әдеби тілдегіден тыс етіс түрі бар ма?
2. Өздік етіс жұрнақтарына байланысты қандай өзгешеліктер бар?
3. Өзгелік етіс жұрнақтарына байланысты қандай өзгешеліктер бар?
4. Ырықсыз және ортақ етіс жұрнақтарында қандай өзгешеліктер бер?

## **II ТАРАУ ЕТІСТІКТІҢ КҮРДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРЫ**

### **§16. Бар, жоқ сөздерінің көмекшілігімен келетін тұлғалар**

Диалектологиялық еңбектердегі әзір көп сөз бола қоймаған жергілікті тіл құбылыстарының бірі- *барғым бар, көргім жоқ* түрінде айтылатын *бар, жоқ* сөздерінің көмекшілігімен келетін тұлғалар.

Грамматикалық мағынасы жағынан алғанда, бұл тұлға әдеби тіліміздегі етістіктің қалау райының *барғым келеді, көргім келеді* тәрізді тұлғасына ұқсайды. Өйткені оның халық тілінде атқаратын қызметінің өзі әдеби тілдегі салыстырылып отырған тұлғаға жуық.

Ж.Досқараев бұл өзгешеліктің сирек те болса Шығыс Қазақстанның Күршім, Зайсан,Тарбағатай аудандары тұрғындары тілінде де кездесетіндігін айтады.

Әдеби тілдегі тұлғаға (-қы кел) қарағанда бұл тұлғаның (-қы бар) халық тілінде қолданылуы сирек.

Әдеби тілдегі тұлға, яғни етістіктің қалау райының күрделі түрі түбірге жалғанған -қы, -кі, -ғы, -гі қосымшасынан соң көмекші кел етістігінің тіркесуі арқылы жасалатыны белгілі. Бұл ғылыми әдебиеттерде ерікті қалау рай делініп жүр. Мысалы: *Менің тауға шыққым келеді.*

Бұл тұлғаның әдеби тілдегі шақтық мағынасы көмекші кел етістігінің шақтық формаларды қабылдауы арқылы беріледі. Алайда әр түрлі шақ бойынша түрленгенімен, бүкіл сөйлемге шақ мәнін бермейді, негізгі білдіретін мағынасы –қалау, тілек, ықылас, ниет мәні өзгермейді. Ал ауызекі сөйлеу тіліндегі тұлға нөлдік формадағы бар, жоқ сөздерімен тіркесіп келіп төмендегідей екі түрлі шақтық мағынада айтылады:

а) Іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақытта немесе жақын арада орындалатынын көрсетеді;

ә) Айтушының немесе орындаушының тілегін оның келер шақта істейтінін білдіреді.

Жалпы алғанда, айтушының ойына байланысты істелетін істің айқындығы я айқын еместігі сөйлемнің мазмұнына байланысты анықталады.

Сөз болып отырған тұлғаның жергілікті тұрғындар тіліндегі өткен шақтық формасы әдеби тілдегімен бірдей.

I жақта жекеше қолданылғанда бірінші жақтың етістік тұлғалары секілді істі атқаруға қатысты субъектінің сөйлеушінің өзі екенін танытса, II, III жақта және көпше түрде қолданылғанда істі атқаруға қатысты субъектінің ішіне сөйлеушінің өзінен басқалардың да кіретінін аңғартады.

-қы ( -кі, -ғы, -гі) бар формантының тек қалауы мүмкін жанды субъектіге ғана байланысты қимылды білдіретін етістіктерге тіркесетінін аңғаруға болады. Себебі жансыз заттардың ішкі сезімдерін білдіруі мүмкін емес.

Тәуелдік жалғауының әрқашан болуымен байланысты (төмендегі кестені қараңыз) сөйлемнің субъектісі ілік септікте тұрған есім сөз арқылы білінеді, ондай сөз берілмегенде де, үш жаққа тән тәуелдік жалғауының бірі арқылы жақтық мағынасы белгілі бола алады.

Осы аналитикалық формантпен түрленген сөйлемдерде логикалық субъект бар. Ол, міндетті түрде, үш жақтың бірінде тұрады, бірақ бастауыш болатын атау септігінде емес, ілік септігінде болады.

Халық тіліндегі бар, жоқ сөздері синтаксистік қызмет атқарып, алдыңғы негізгі етістікпен жанасып, жақсыз сөйлемнің баяндауышы болып келеді де, көмекші етістік мағынасында жұмсалады. Мысалы: *Менің мұғалімдікке оқығым бар.* Мұндағы құрылысы жағынан баяндауыш болып отырған тіркес, бір қарағанда, өз алдына сөйлем бола алатын тиянақты тіркес сияқты. Бірақ талдаған кезде олай еместігі айқындалады. Мұны жеке сөйлем ретінде де, күрделі баяндауыш ретінде де бір-бірінен бөлуге келмейді. Себебі оқығым деген сөз дәл осы түрінде жеке қолданылмайды, сондай-ақ жеке сөйлем мүшесі де бола алмайды. Мұндай тәуелдік жалғаулы сөздер жақтық мағынаны ғана



көрсетеді, бірақ өзі баяндауыш құрамында тұрғандықтан, бұл сөз грамматикалық бастауыш бола алмайды. Жақсыз сөйлемнің ең негізгі белгісі де –грамматикалық бастауыштың болмауы.

Сонымен бұл тұлғаларда тәуелдік-меншіктік қатынас пен субъектілік-предикаттық қатынастың ара-жігі қандай? *Менің* мен *оқығым* жеке тұрып байланысқа түспейді, демек мұнда тәуелділік- меншіктілік қатынас жоқ, бірақ грамматикалық мағынасы (жақтық мәні) арқылы екінші сөздегі грамматикалық тұлғамен (тәуелдік жалғауының жаққа түрленуі) байланысады, бұл қалау, тілек мағынасының қай жаққа тән екенін аңғартады. Логикалық бастауыш бар, сондықтан бұл сөйлемде субъективтік- предикативтік қатынас бар.

Күрделі тұлғаның екі компоненті (*-қы бар*) бірігіп, біртұтас тұлға болып есептелгендіктен бірінші компоненттегі тәуелдік жалғауы жақ көрсеткіштері ретінде қабысып, *бар, жоқ* сөздерінің түрленуін қажет етпейді, сондықтан да олар үнемі нөлдік формада жұмсалады.

*Бар, жоқ* сөздерінің жәрдемімен қалау райдың күрделі түрін жасау кейбір түркі тілдерінде де бар. Бұл әсіресе ұйғыр тіліне тән құбылыс болып табылады (кәт-кү-ң йоқ, ейт-ку-си бар). Қазіргі ұйғыр тілінде қалау райдың күрделі түрі -*гу(-гү,-қу,-кү)* аффиксі мен *кәл* немесе *бар, йоқ* сөздерінің көмекшілігімен жасалады. Мысалы: *Менің бүгүн кәткүм бар*[6.217]. Ал татар диалектілерінде осы *бар, жоқ* сөздерінің *-ды* формалы етістікке тіркесуі арқылы қалау, тілек мәнді етістік тұлғалары жасалады екен. Салыстырыңыз: *Мин ул кәдәр еракка бардым юк-* «Менің ол жыраққа барғым жоқ». Осы *-ды/-ді* тұлғаларының монғол тілінде, түркі тілдерінде қалау рай мәнінде жұмсалатынын және оның тіліміздегі *-қы,-ғы* қалау рай тұлғаларымен төркіндестігін түркітанушылар жоққа шығармайды.

Бұл тұлға көркем әдебиетте, кейбір жазушылар шығармаларында да кездеседі: *Өзім де бұл ауылдан кеткім келмейді. Шешемнің де ешқайда барғысы жоқ.* (Қ.Найманбаев «От пен ойын».А.,Жазушы,1989.416-б.). *Сәлкен бірден Қаражанға ашылғысы жоқ.* (К.Оразалин. «Абайдан соң»А.,Жазушы,1989.448-б.). *Сіздің мені түсінгіңіз жоқ.*(Т.Иманбеков «Үш айдың үш күні».А., Жазушы,1972.624-б.). Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Енді осы тұлғаның морфологиялық құрылысы жөнінде айтар болсақ, әдетте күрделі тұлға кемінде екі компоненттен тұратыны белгілі. Олай болса, жоғарыда аталған күрделі форма тұлғалық жағынан *көр+гі+м, оқы+ғы+м, айт+қы+м, кет+кі+м бар* (немесе *жоқ*) деген бөлшектерге бөлінеді. Мұндағы *көр, оқы, айт, кет-* етістік түбірлері, *-ғы, -гі, -қы, -кі-* жұрнақтар, *-м-* бірінші жақ тәуелдік жалғауы, *бар, жоқ* –модаль сөздер. Көріп отырғанымыздай, мұндағы компоненттер әдеби тілге жат емес. Сондықтан аталған тұлғаның этимологиялық жағын онымен салыстырылып отырған әдеби тұлғамен шендестіріп қараған мақұл. Мұнда өзгешелік туғызып тұрған *бар, жоқ* сөздерінің қалыптан тыс тіркесуі.

Осы тұлға құрамындағы *-қы* компонентінің тарихи көне ескерткіштер тілінде өнімді қолданылғанын байқауға болады. М.Томанов «... ежелгі жазбалар тілін зерттеушілер осы тұлғаның (*-гу*) предикативтік қатынаста

жұмсалып, істі істеушіге міндеттілікті, мүмкіндікті білдіру қызметі қазақ тіліндегі *-ғы келеді* тұлғасының қызметімен үндесіп жатқандығын байқайды», – деп жазды. Сондай-ақ, М.Қашқари «Диуанына» талдау жасап, ондағы *-ғу, -лық, уғ-лы* элементтерінен тұратынын, оның құрамындағы *-ғу* (немесе *-қы*) қосымшасы қимыл есімнің көрсеткіші деп түсіндіреді.

Көрнекті түрколог Э.В.Севортян қимылдың қайталануын білдіретін *- қала, -қыла* жұрнақтары *-қа, -қы, -ла* аффикстерінен тұрады деп көрсетсе, Н.З. Гаджиева мен Б.А.Серебренников бұл тұлғаны көне түркі тіліндегі жинақтау мәніне жақындатады.

С.Аманжолов XIV-XV ғ.ғ. шығармасы саналатын Махмуд ибн Алидің «Нехжұль Ферадис» тіліндегі кейбір тұлғаларға тоқтала отырып, «В Нехжұль Ферадисе имеются словосочетания *келгүсі тұрор и болғұсы тұрор ...* Эта форма несколько приближается к формам твердого сочетания глаголов в языке среднеазиатского «Тэфсира» XIV-XV вв. (*нә кім баласы тұрор- что будет*) описанного А.К.Боровковым); форма глагола *келгү, болғү* в Н. Ф. полностью совпадает с аналогичной формой глагола в книге Ибн-Муханны «Китаб Таржиман фарси уа тюрки уа маголи», – дей келе, қазіргі түркі тілінде мұндай етістік тіркестерінің байқалмайтынын, ал қазақ әдеби тіліндегі *-қы(-кі, -ғы, -гі)* етістіктің қалау райының көрсеткіші ретінде *кел* көмекші етістігімен, ал оңтүстік диалектісінде *бар, жоқ* көмекші сөздерімен тіркесетінін айтады.

А.Ибатов та бұл қосымшаның XIV ғ. ескерткіштерінде («Гүлістан бит-түрки», «Мухаббатнаме») жиі ұшырайтынын айта келіп, бір замандарда актив қолданылғанын, «Хұсрау уа Шірін» поэмасында сегіз түрлі (*-ғу, -ғү, -кү, -қы, -ық, -уғ, -ғ, -ға*) вариантта елу сегіз рет кездеседі деп көрсетеді.

*-қы* қосымшасының генезисі туралы мынадай пікірлер айтуға болады: біріншіден, әдеби тілде бұрынғы өткен шақ аналитикалық жолмен жасалғанда бұрынғы өткен шақ көрсеткішінен кейін *жоқ, емес* сөздері тіркесетіні белгілі. Мысалы: *Марат ол жағын әзір болжағысы келген жоқ* немесе *Алматтың сабақтан қалғысы келген жоқ*. Осы сияқты сөйлемдердегі күрделі баяндауыш құрамындағы *келген* көмекші етістігі тілдік үнемдеу нәтижесінде түсіріліп, *болжағысы жоқ, қалғысы жоқ болып айтылуы мүмкін*. Екіншіден, жоғарыда сөз еткеніміздей кейбір түркі тілдері мен оның диалектілерінде қолданылатын ұқсас тұлғалардың ауысуы нәтижесінде қалыптасуы мүмкін.

### **Бақылау тапсырмалары мен сұрақтары:**

1. Бар, жоқ сөздерінің көмегімен келетін күрделі тұлғалар қай сөйленіске тән?
2. Олардың атқаратын қызметі қандай?
3. Бұл күрделі тұлғаның қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңіз.
4. Әдеби тілдегі баламасы қандай?

## **§17. Е етістігі көмекші болып келетін тұлғалар**

Тарихи тілдік деректерден қазіргі қазақ тіліндегі *еді, екен, емес* сөздерінің әу баста *er* түбірінен дамып, *ardi, arken, armaz* тұлғаларында қолданылғаны белгілі. Ең көне ескерткіш Орхон-Енисей жазбаларынан бастап күні бүгінге

дейін қолданыстан шықпай келе жатқан бұл формалар тілдің дамуы барысында түрлі өзгерістерге ұшыраған. Қазіргі түркі тілдерінде етістіктермен де, есім сөздермен де күрделене қолданылып, негізінен сөйлемдегі ойды тиянақтап, шақ, жақ, рай, сондай-ақ модальдік қызмет атқаратын түркі тілдеріндегі ең көне ер түбірінен дамыған тұлғалар үш түрлі вариантта (е-,и-, і-) кездеседі.

Этимологиялық сөздікте бұл түбірлер қайсы түркі тілдеріне тән екендігі ашып көрсетілген. Мысалы, е- қазақ, қырғыз, қара қырғыз, сағай, қойбал (диалект), качин (хакас диалектісі), и-, і- түрікмен, әзірбайжан, татар, башқұрт, тува, лобнор т.б. тілдерде қолданылады.

Ал кейбір туыс тілдерде е етістік түбірі сақталмаған. Мәселен, түрікмен тілінде екен формасынан басқасының барлығы бастапқы түбірсіз айтылады. Сондай-ақ, қарайым тілінде эмяс болымсыздық формасы керек-мяс (керек эмья-с) тіркесінде ғана сақталса, хакас тілінде бұл етістік қызметін түгелдей пол (бол) етістігі атқарады.

Қазақ сөйленістерінде аталмыш көмекші етістік әдеби тілдегі формаларымен қатар сирек те болса *емен* түрінде де кездеседі. Енді осы формалардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

### **Екен көмекшілі тұлға.**

Қазіргі қазақ тілінде *екен* толымсыз көмекші етістігі -ған есімше тұлғасындағы етістікпен тіркескенде кейін білгендік, толық белгісіздік мән үстейді. Мысалы, *Есте жоқ ескі мезгілде моңғолдан бір татар атты халық бөлінген екен* (Абай).

Екен көмекші етістігі сирек те болса *-р, -ар,-ер* есімшеге тіркесіп қолданылады. Бірақ *-р екен* формасында белгісіздік басым. Мысалы, қуырдақтың көкесін түе сойғанда көрерсіңәлі де бұл арадан мыс тауып, сенің қатенді ашқанда не *дер екенсің* (І.Есенберлин).

Тілдік қолданыста *-мақ екен* аналитикалық форманты да қолданылады. Мысалы: Ол оң жақтағы Көкқайнарға *бұрылмақ екен* (М.Әуезов).

*Екен* көмекшісі нақтылы өткен шақ формалы етістікпен тіркескенде, көбіне сұраулы сөйлемдерде қолданылады да, сұрау мағынасын күшейтіп, белгісіздік нышан береді:

*Қаниша гасыр өтті екен, қаниша заман?*

*Қаниша ұрпақ кетті екен, қанишама адам?*

*Қаниша шырша өсті екен, құлады екен?*

*Жетім көлден қараудан шаршамаған* (М.Мақатаев).

Екен көмекшісі қалып етістіктерімен тіркескенде, олар білдіріп тұрған мағынаға кейін білгендік нышан береді. Мысалы, *Қақпаны ашса, екі қара арғымақ шынжырмен байлаулы тұр екен* (И.Байзақов).

Бұл аталған аналитикалық формалардың ауызекі сөйлеу тіліндегі қолданысында да еш айырмашылық жоқ. Қазақ сөйленістерінің барлығында да жоғарыдағы мағыналарда жұмсалады. *Екен* көмекшісінің сөйленістердегі ерекшелігі – *-ады, -еді* формалы етістікпен тіркесінде байқалады.

Қазіргі қазақ тілінде *екен* көмекшісі *-ады, -еді* формалы етістікке тіркесіп, өзі көзі жеткен амал-әрекетті нақтылап сендіреді. Мысалы, Теңіздің тылсым

толқындарында түнгі оттар қалады екен-ақ ақ маржандай шашылып (Ф.Оңғарсынова).

Қазақ сөйленістерінде бұл формант сақталады, мағынасы да әдеби тілдегімен бірдей. Өзгешелік жіктік жалғауын қабылдауында. Әдетте әдеби тіл нормасы бойынша күрделі етістіктің соңғы компоненті грамматикалық түрленуге ұшырайтын болса, сөйленісте бұл тәртіп сақталмайды. *Екен* көмекшілі тұлға I және II жақта айтылғанда жіктік жалғаулары негізгі етістікке жалғанады да, *екен* көмекшісі үнемі нөлдік формада қалады. Бұл тұлғаның үш жаққа түрленіп айтылуын төмендегі кестеден байқаймыз:

#### Жекеше

жақ	Сөйленісте	Әдеби тілде
I	білемін екен, білмеймін екен (білем екен, білмейм екен)	біледі екенмін, білмейді екенмін (біледі екен, білмейді екен)
II	білесің екен, білмейсің екен білесіз екен, білмейсіз екен	біледі екенсі, білмейді екенсің екенсіз, білмейді екенсіз
III	біледі екен, білмейді екен	біледі екен, білмейді екен

#### Көпше

жақ	Сөйленісте.	Әдеби тілде:
I	білеміз екен, білмейміз екен	біледі екенбіз, білмейді екенбіз
II	білісіндер екен, білмейсіндер екен білесіздер екен, білмейсіздер екен	біледі екенсіндер, білмейді екенсіндер біледі екенсіздер, білмейді екенсіздер
III	біледі екен, білмейді екен	біледі екен, білмейді екен

Аталмыш тұлға Ақтөбе облысының кейбір аудандарында айтылады.

Бұл күрделі тұлғаны құрамына қарай талдасақ, ол екі компоненттен тұрады: алғашқысы үш жақтың біріндегі негізгі етістік те соңғысы өткен шақ есімше тұлғалы *e* толымсыз көмекшісі. Екінші компонент түбір күйінде дербес қолданылмайтындықтан, оны түбір мен қосымшаға ажыратпаймыз. Ал бірінші компонент мынадай морфемаларға жіктеледі: *біл (білме) + -e (-й) + -міз(-сің, -ді)*. Көріп отырғанымыздай, оның құрамында әдеби нормадан тыс, бөтен элемент жоқ. Мұндағы *біл (білме)* – етістіктің болымды не болымсыз түбірі, *-e (-й)* – көсемшенің жұрнақтары. *-міз(-сің, -ді)* – жіктік жалғаулары.

Әдеби тілде күрделі тұлғаның құрамы да осындай морфемалардан тұрады. Себебі көсемшеден кейін келген *-ды, -ді* III жақ жіктік жалғауы екені белгілі. Демек әдеби тілдегі күрделі тұлғаның екі компоненті де жіктік жалғауын қабылдап тұр. Бірақ бірінші компонент құрамындағы III жақ көрсеткішінің жақтық мәні көмескіленген, оны екінші компоненттегі жақ көрсеткіші басып тұр. Ал сөйленісте III жақтың көрсеткішін бірінші компонент қана қабылдап, мұндай қайталаудың болмауына, яғни күрделі тұлға құрамының ықшамдалуына себепкер болып тұр. Жалпы мұндай ықшамдаулар ауызекі сөйлеу тіліне тән екенін зерттеу нәтижелері көрсетіп тұр.

Демек, сөз болып отырған күрделі тұлға функционалды- семантикалық жақтан әдеби тілдегі тұлғамен бірдей, ондағы өзгешелік грамматикалық категорияларға түрленуінде ғана байқалады.

### ***Емес көсемшелі тұлға.***

*Емес* толымсыз көмекші етістігі шақ категориясының, әсіресе, есімше арқылы жасалған аналитикалық формасының болымсыздық түрін білдіруде қолданылады. Ол бұрынғы өткен шақтың, болжалды, ауыспалы, мақсатты келер шақ көрсеткіштері арқылы тұлғаланған етістікке тіркесіп, оның болымсыз аналитикалық түрін жасайды.

Қазақ сөйленістеріндегі *емес* сөзінің көмекшелігімен келетін тұлғалар жедел өткен шақ формалы етістікке аталған көмекші етістікпен сұраулық шылаудың тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *кетті емес пе, көрді емес пе*, т.б.

Қазіргі қазақ тілінің нормасы бойынша *емес* толымсыз көмекші етістігі жедел өткен шақ тұлғалы етістікпен тіркеспейді. Өйткені *емес* болымсыздықтың аналитикалық формасының құрамында қолданылады. Синтагмалық валенттілік қағидасына сыймайды. Сол себептен де ол логикалық фраза құрайды. Ал *кетті емес, көрді емес* дегенде логика бұзылады.

Сөйленісте де дәл осы тұлғада емес, жоғарыда айтқанымыздай, нақтылы өткен шақтық етістік қосымшасына *емес* сөзі тіркескенде өзінен соң *пе* сұраулық шылауын талап етеді: Зайсаннан кеше *келдім емес пе*. Өткен жолы бұл туралы *айттым емес пе*.

Көркем әдебиетте де мұндай тіркестер бар: Ұмытпасам ол кісі сентябрь тумай жолаушылап *кетті емес пе?* (І. Есенберлин). Бірақ мұнда *емес* көмекші етістігі болымсыздықты емес, сұрау мағынасын күшейту үшін және оқиғаның ақиқаттығына баяндап отырған сөйлеушінің сенімсіздігі байқалады да сол күмән-күдікті тыңдаушы тарапынан сөйлету мақсатында одан жауап күтеді, растауын қалап тұрады. Яғни, мұнда белгілі бір дәрежеде жауап талап етіліп тұр, сұрау мәні басым.

Сөйленісте бұдан басқа да бірнеше мағыналық реңкке ие болады. Сыртқы тұлғасы жағынан сұраулы сөйлемге ұқсас келетін бұл тіркес көп жағдайда сұрау мәнін білдіре бермейді. Мысалы, Мен оған кеше *жолықтым емес пе* (*жолықтым зой*) дегенде, сөйлеуші іс-әрекеттің жүзеге асқандығына, болғандығына сенімді көрінеді, ой тиянақты. Немесе, енді жақындай бергенде пойыз *жүріп кетті емес пе* (*кетті*), содан ал кеп жүгірейін...қиын шаршадым. Мұнда да ешқандай сұрау мән жоқ, баяндау ғана бар. Көрсетілген мысалдағы алғашқы баяндауышты *жүріп кетті* деп аяқтаса да, сөйлемнің мағынасы мүлде өзгеріп кетпейді. Алайда сөйленісте *емес пе* тұлғасы тіркесіп, тұтас бір ойды білдіріп тұр және *жүріп кетті* дегенге қарағанда, *жүріп кетті емес пе* дегенде сөйлеуші өзі баяндап отырған оқиғаға тыңдаушының қызығушылығын ояту мақсатын көздейді, оны айтқан кезде ерекше эмоцияға беріліп, сол оқиғаны басынан және бір кешкендей әсерде баяндайды. Мұнда іс-әрекеттің, оқиғаның әлі аяқталмағандығы, жалғасы барлығы аңғарылады.

Аталған тұлға, сондай-ақ, өткен шақтағы амал-әрекеттің жүзеге асқандығын сұрау, анықтау мақсатында да жұмсалады. Мұндай жағдайда *емес не* тіркесі жедел өткен шақ формалы етістік пен сұраулық шылаудың (*кетті ме*), сонымен бірге есімше формалы етістік пен *жоқ* сөзіне сұраулық шылаудың (*кеткен жоқ па*) тіркесі арқылы жасалатын сұраулы сөйлем баяндауышының қызметін атқарады. Мысалы: Айтып кетті *емес не* (Айтып кетті *ме* немесе Айтып кеткен *жоқ па*).

Жоғарыда келтірілген сөйлемдердің баяндауыштары (сөйленістердегі) бір ғана формада тұр, яғни тұлғалық жағынан (*-ті емес не*) айырмашылығы жоқ, олардың түрлі мағыналық реңктерін қалай ажыратамыз? Сөз болып отырған ерекшелік ауызекі сөйлеу тіліне тән болғандықтан да, сөз жоқ олардың мағыналық айырмашылықтары сөйлеу кезінде айтушының сөйлемді қандай интонация, қандай екпінмен айтуына, сөйлеген кездегі эмоциясына, көңіл күйіне байланысты айтылады.

Сонымен, бұл қолданыстың сөйленісте білдіретін мағынасы төмендегідей: біріншіден, әдеби тілдегі жедел өткен шақ формалы етістікпен *ғой* демеулігі тіркесіп келіп білдіретін модальдік мән (көрді *ғой*); екіншіден, көсемше тұлғалы негізгі етістік пен *еді* көмекші етістігіне *ғой* демеулігі тіркесуі арқылы берілетін сенімділік, айғақтылық мән (*көріп еді ғой*); Үшіншіден, *-ған,-ген,-қан,-кен* есімше формалы етістікпен болымсыздық мәндегі *жоқ* сөзіне *па* сұраулық шылау тіркесуі арқылы берілетін сұрау мәні (*көрген жоқ па*); төртіншіден, жедел өткен шақ тұлғалы етістік пен сұраулық шылау арқылы берілетін жай сұрау (*көрді ме*) мәні; бесіншіден, жедел өткен шақ формалы етістік білдіретін өткен оқиғаны жеткізу, баяндау мәні. Бұл айтылғандарды кесте арқылы былай көрсетуге болады:

→көрді *ғой* (1)

→көріп *еді ғой* (2)

*Көрді емес не*→көрген *жоқ па* (3)

→көрді *ме* (4)

→көрді (5)

Қазақ сөйленістеріндегі сөз болып отырған тұлға үш жақта бірдей жекеше, көпше түрде жұмаса береді:

Жекеше		көпше
I ж. <i>айттым</i>		<i>айттық</i>
II ж. <i>айттың</i>	> <i>емес не</i>	<i>айттыңдар</i>
<i>айттыңыз</i>		<i>айттыңыздар</i>
III ж. <i>айтты</i>		<i>айтты</i>

Диалектологиялық материалдардан мұндай сөйлем түрлері Шығыс Қазақстан аудандарынан басқа Жетісу өңірінде де қолданылатынын байқаймыз[26, 46].

Сонымен, бұл күрделі баяндауыш құрамындағы компонентердің барлығы да әдеби тілге жат емес. Мұнда ерекшелік тудырып тұрған жағдайлар мынау: біріншіден, емес болымсыз көмекші етістігінің жедел өткен шақ формалы етістікке тіркесуі; екіншіден, жіктік жалғауының көмекші етістікке емес, негізгі етістікке жалғануы.

Күрделі тұлғаның компоненттері (-ді емес не) бірігіп , біртұтас тұлға болып есептеледі, сондықтан бірінші компоненттегі жіктік жалғауы жақ көрсеткіштері ретінде қабысып, *емес* сөзінің түрленуін қажет етпейді де, үнемі нөлдік формада тұрады.

### **Емен көмекшілі тұлға.**

*Емен* көмекші етістігімен келетін тұлға Шығыс Қазақстанның Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарында, Қазақстанның кейбір Солтүстік аудандарында кейде бірінші жақ тұлғалы жоқ, *емес* сөздерінің орнына жұмсалады. Мысалы: *барған жоқпын, барған емесін* деудің орнына аталған сөйленістерде *барған емен* тәрізді тіркес қолданылады. Ж.Досқараев мұны жоғарыда аталған аудандарда жиі кездесетін күрделі тұлғалар қатарына жатқызады.

*Емен* көмекшісі негізінен өткен шақ (- *ған*, - *ген*) есімшеге тіркесіп айтылады. Мысалы: Ешқашан жалған *айтқан емен*. Оны бұрын *көрген емен*. Бұл кітапты *оқыған емен*. Сондықтан да оның шақтық мағынасы сөйлеп тұрған уақыттан бұрынғы өткен шақ болады. Бұл көмекші болымсыз формада тұрғандықтан, үнемі жүзеге аспаған, болмаған амал-әрекетті білдіреді. Сондай-ақ, сөйлеушінің баяндап тұрған іс-әрекеттің орындалмағандығына сенімділігі байқалады. Өйткені қимылдың субъектісі – сөйлеушінің өзі, яғни ол өзі басынан кешірген оқиғаны баяндайды.

*Емен* көмекшісі тек есімше формалы етістіктерге ғана емес, кейде есім сөздерге де тіркесіп айтылады:

Қомытсынған *жан емен*,

Қолы қысқа қоңсы деп... ( Ғ. Орманов).

*Ман*, *мен* формалары болымсыздық мағынасында әдеби тілде де жұмсалады. Үндестік заңына бағына түбірдің жуан, жіңішкелігіне қарай бірде жіңішке, бірде жуан болып жалғанады. Әдеби тілде ол -*ман*, - *мен*, -*бан*, - *бен* фонетикалық варианттарында кездеседі. *Емен* сөзінің этимологиясы осы ( *e+ мен*) *ман*, *мен*, *ма*, *ме* формаларымен байланысты болса керек. Аталған тұлға көбіне поэзия жанрына тән. Мысалы:

... Дәулеті Тұрғанбайдың қайта қонса,  
Түркістан, айналайын, күдер үзбен...  
...Аттанған жаудан *қайта алман*,  
Бұл көрген жаудан қорғанып,  
Алғанымның қойнында  
Күлкі болып *жата алман*...  
...Намысты өзім өлмей *бере қалман*  
Орыстың мылтығына өле қалман  
Табаным Сыр Қуаңнан көтерілді,  
Қара ойды енді барып *көре қалман* [105,44-45].

Әсіресе, айтыс өлеңдерінде көп кездеседі. Халқымыздың ертеден келе жатқан суырып салма ақындығын, ал айтыс жанрының ауыз әдебиеті үлгілеріне жататындығын ескерсек, бұл тұлғаның жалпы халықтық тіліміздің бір тармағы диалектілерде сақталып қалуын заңды құбылыс ретінде тануымыз керек.

Енді *емен* көмекшісінің морфологиялық құрамын анықтар болсақ, *е* – етістіктің түбірі, *-ме* – болымсыздықтың көрсеткіші, ал *-н* – бірінші жақ жіктің жалғауының қысқарған түрі. Олай дейтін себебіміз, біріншіден, сөйленістердегі бұл көмекші бірінші жақта әдеби тілдегі *емесін* көмекшісімен қызметтес, мәндес болып келеді, яғни көбінесе бірінші жақта айтылады. Екіншіден, осы екі тұлғаны салыстырып қарасақ, екеуінде де алғашқы екі элементтің бірдей екендігін, олардың сыртқы формасында да, ішкі мазмұнында да айырмашылық жоқтығын көреміз. Мұндағы ерекшелік үшінші элементте (сөйленісте *-н*, әдеби тілде *-нін*), онда да тек формасында ғана. Сөйленістегі *-н* элементі әдеби тілдегі 1-жақ жіктік жалғауының құрамында бар. Жалпы жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен дамығандығын зерттеушілер жоққа шығармайды. Ол жөнінде бұған дейін айтқан болатынбыз. Демек, оны осы тіліміздегі жіктік көрсеткішінің қысқарған түрі деп есептеуге толық негіз бар.

**Бақылау тапсырмалары мен сұрақтары:**

1. Қазақ сөйленістерінде кездесетін етістіктің күрделі тұлғаларына қандай тұлғалар жатады?
2. *Е* көмекші етістігінің қолданылуында қандай өзгешеліктер бар?
3. *Емен* көмекшісімен келетін тұлға қай сөйленіске тән?
4. *Екен* көмекшісіне байланысты байланысты қандай ерекшеліктер бар?
5. *Емес* көмекшісімен келетін ерекшелік қай сөйленістерге тән?

**§ 18. -п қосымшалы көмекші етістікпен келген тұлғаның осы шақ мағынасында жұмсалуды**

Әдетте, етістіктің нақ осы шақ деп аталатын күрделі түрі көсемшенің өткен шақ (*-ып, -іп, -п*) және осы шақ (*-а, -е, -й*) түріндегі етістік формасына отыр, тұр, жатыр, жүр деген жай – күй етістіктерінің біреуі тіркесуі арқылы жасалатыны белгілі. Мысалы: *жазып отырмын, көріп тұрмыз, келе жатыр, қарап жүр т.б.*

Қазақ сөйленістерінде осы күрделі етістіктер құрамындағы көсемше формалы бірінші компонент сол күйі сақталып, екінші компоненті де өткен шақ көсемшені (*-ып, -іп, -п*) қабылдап барып ерекшелік тудыратын жағдайлары бар. Мысалы: Өзбекстан мен Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде *оқып тұрыптын, көріп тұрыптын* сияқты күрделі етістіктер өткен шаққа емес, осы шақта айтылады.

Ю. Абдувалиев аталған ерекшеліктің Өзбекстанда тұратын қазақтардың барлығының тіліне ортақ құбылыс екенін айта келіп, оны өзбек тілінің ықпалы деп есептейді. Себебі етістіктің бұл тұлғасы- қазіргі өзбек тілінде кем қолданылатын формалардың бірі. Мысалы: *утербман, утирибсан, утирибды.*

Ғ. Мұсабаев көсемшенің *-ып, -іп, -п* жұрнағының арғы тәркіні көне түркі тіліндегі осы *бан (бән), бен, ман (мән), пен* деген формадан қысқартылып жасалған деген жорамал ұсына отырып, көне түркі ескерткіштерінен бірнеше мысалдар келтіреді.



Бұл тұлға әзірбайжан әдеби тілінде 14, 15 ғасырлады жиі қолданылып, бертін келе қолданыстан шығып қалған. Себебі аталған тұлға сол кезеңде өмір сүрген әдебиет өкілдерінің шығармаларында көп кездеседі:

Дәрия *гилыбан* тәзәррә

Эйләрди зәхиресин тәзәчча

Сәхра *әдибән* она тәвәллә

Эйләрди мәншәтин тәменна (Физули Ганджауи)

Қазіргі әзірбайжан тілінің кейбір диалектілерінде *бариб* деудің орнына *барибан*, *кәлиб* деудің орнына *кәлибан* болып қолданылады. Соңғы мысалдарды – *бан* қосымшасы өткен шақ көсемшенің ( *-ын, -ін*) орнына жұмсалғандығын көреміз. Тіліміздегі *-ын, -ін* жұрнағынан кейін жалғануы оның о баста осы тұлғамен төркіндестігімен байланысты болса керек. Ал оның қазақ сөйленістеріндегі қолданысы, бұған дейін айтқанымыздай, өзбек тілінің ықпалымен түсіндіріледі.

Б.Бекетов Оңтүстік Қарақалпақстанның қазақ сөйленісінде *-н* формалы көсемше мен *тұрып* көмекші етістігінің тіркесу арқылы берілетін күрделі етістіктің осы шақ мәнінде жұмсалуды қарақалпақ тілінің тікелей әсері деп көрсетеді. Оны аталған тұлғаның қазіргі қарақалпақ тілінде актив формалардың қатарында болуымен түсіндіріледі. Мысалы: *күтіп тұрыптын, күтіп тұрыпсың*.

Тілімізде қалып етістіктері тек нақ осы шақ мәнін ғана білдіріп ғана қоймайды. Олар есімше, көсемше, рай, шақ формаларында созылық аамал-әрекетті шұбалаңқы процестерді білдіре отырып, сөйлемнің өзге де мүшелерінің қызметін атқара береді. Мысалы: *Мен келіп тұрмын. Сен қарап отырсың. Сіз көріп жүрсіз*. Ал сөз болып отырған сөйленістерде бұл етістіктер көсемше формасын қабылдап барып жіктеледі де нақ осы шақ мәнін білдіреді: *Не істерімді білмей отырыптын*.

Мұндай қолданыс әдеби тілге де жат емес. Мысалы: *Қанша уақыт өткенін білмеймін, ұзақ қарап отырыптын. Ұзақ уақыт көз алмай қарап тұрыптын*.

Жоғарыдағы мысалдарды салыстыратын болсақ, олардың тұлғалық жағынан айырмашылығының жоқтығын көреміз. Бұл сөйлемдердің қайсысының да баяндауыштары – көсемше тұлғалы күрделі етістіктер. Сонда олардың арасындағы өзгешелік неде? Бірінші айырмашылық, бұл тұлғалар арқылы берілетін қимыл-әрекеттің қай шақта орындалуына байланысты. Сөйленістегі күрделі етістікте тек нақ осы шақтың мағынасы ғана бар, ол контекст арқылы ғана ажыратылады. Ал әдеби тілдегі өткен шақты көсемшемен шатастырып алуы әбден мүмкін.

Екіншіден, әдеби тілдегі тұлға түрлі стильді қызметте қолданылып, бірнеше мағыналық реңкке ие бола алады.

Бұл күрделі етістік арқылы берілетін амал-әрекеттің субъектісі үш жақтың бірі болады. Ол сөйлем баяндауышының қай жақ көрсеткішін қабылдауымен анықталады.

Сонымен, бұл өзгешелік Өзбекстан мен Қарақалпақстан қазақтарының тіліне тән құбылыс. Қазақ тілінің басқа сөйленістерінде кездеспейді. Аталған сөйленістерде ұшырауы жергілікті халықтың өзбек, қарақалпақ халқымен қоян-қолтық араласуы нәтижесінде пайда болған.

### **Бақылау тапсырмалары мен сұрақтары:**

1. *-ып* қосымшалы тұлға сөйленістерде қандай грамматикалық қызмет атқарады?
2. *-ып* қосымшалы тұлға қай сөйленістерге тән?
3. Аталған тұлғаның этимологиясы туралы Ғ.Мұсабаевтың пікірі?
4. *-ып* қосымшалы тұлға туралы Ю.Абдувалиев қандай пікір айтты?

### **§ 19. Шығар шылауы көмекші болып келетін тұлғалар.**

Әдетте, түркі тілдері соның ішінде қазақ тілі, агглютинативті (жалғамалы) тілдерге жататындықтан, бұл тілдерде көбіне екі компоненттен тұратын күрделі тұлғалар түрі грамматикалық категорияларға түрленген кезде соңғысы өзгеріске ұшырайтыны белгілі, яғни бірінші компонент алғашқы формасын сақтайды да, соңғы компонент түрленеді. Алайда, ауызекі сөйлеу тілінде мұндай жүйе сақтала бермейді. Әсіресе, мұндай құбылыс күрделі етістіктердің жіктелуінен байқалады. Мәселен, әдеби тілде ауыспалы (-атын, -етін) есімшеге *шығар* модаль сөзі тіркесіп келіп, сөйлеп тұрған уақыттан кейін жүзеге асуы мүмкін әрекетті білдіретін белгілі. Мысалы: *баратын шығар, айтатын шығар* т.б. Бұл тіркестер үш жақта жекеше, көпше түрде жіктелетіні анық. Әдеби тіл нормасы бойынша жіктік жалғауларын екінші *шығар* сыңары өзгеріссіз қалады. Мәселен, *баратын шығармын* деудің орнына *барам шығар* түрінде жиі айтылып, үш жақта да жұмсалады.

Диалектологиялық материалдарға қарағанда, мұндай құбылыс батыс сөйленістер тобына тән. Мысалы: Сұраса, *айтам шығар*, білмеймін. Атам ертең *келет шығар*. *Шығар* сөзінің көмекшілігімен келген тұлға арқылы айтылатын сөйлемдегі ой күмәнді болып келеді. Сөйлеушінің баяндап тұрған амал-әрекеті орындалатын әрекет пе, орындалмайтын әрекет пе ол жағы анық емес. Мұндай мағыналық реңкті сөйленісте де, әдеби тілде де *шығар* шылауы үстейді. Бұл жағынан әдеби тілдегі тұлғамен мағыналас. Сөз болып отырған күрделі тұлға құрамындағы ерекшелік, жоғарыда айтқанымыздай, жіктік жалғауына байланысты.

Негізі (болымды, болымсыз) және көмекші етістіктердің немесе модаль сөздердің тіркесуінен болған күрделі етістіктер үш жақта жіктелгенде, жіктік жалғаудары көмекші етістік емес, негізгі етістікке жалғанып, көмекші сөз нөлдік формада тұрады. 3-жақта жіктік жалғауының соңғы *ы* дыбысы түсіп қалады. Төмендегі жіктелу үлгісіне назар аударыңыз.

Сөйленісте:

- 1-жақ. *барам шығар, барам екен (ғой)*
- 2-жақ. *барасың шығар, барасың екен (ғой)*  
*барасыз шығар, барасыз екен (ғой)*
- 3-жақ. *барад шығар, барад екен (ғой)*

Әдеби тілде:

- 1-жақ. *баратын шығармын, барады екем (ғой)*
  - 2-жақ. *баратын шығарсың, барады екенсің (ғой)*  
*Баратын шығарсыз, барады екенсіз (ғой)*
  - 3-жақ. *баратын шығар, барады екен (ғой)*
- Болымсыз етістікке жалғануы.

Сөйленісте:

1. *бармайм шығар, бармай екен (ғой)*
2. *бармайсың шығар, бармайсың екен (ғой)*
3. *бармайсыз шығар, бармайсыз екен (ғой)*
4. *бармайд шығар, бармайд екен (ғой)*

Әдеби тілде:

1. *бармайтын шығармын, бармайды екенмін (ғой)*
2. *бармайтын шығарсың, бармайды екенсің (ғой)*
3. *бармайтын шығарсыз, бармайды екенсіз (ғой)*
4. *бармайтын шығар, бармайды екен (ғой)*

Үш жақта бірдей жіктік жалғауын қабылдап, түрленетіндіктен, қимыл иесі жақ көрсеткішіне байланысты сөйлеуші де, тыңдаушы да, тіпті үшінші жақтағы тұлға да болуы мүмкін. Көбіне 1-жақта жиі қолданылады. Бұл күрделі етістік құрамындағы негізгі етістік, мысалдардан байқағанымыздай, үнемі 1-жақ жіктік жалғауының қысқарған түрін қабылдайды: Ертең сабаққа барғанда *көрем шығар*. Мама жіберсе, *барам шығар*. т.б.

Шығар сөзінің көмекшілігімен келетін етістік, негізінен келер шақты білдіреді. Өйткені ол -а, -е, -й көсемшелі етістікпен тіркесіп айтылады. Ал тіліміздегі бұл тұлға контекстегі қызметіне қарай сөйлеп отырған кездегі амал-әрекетті де (күн қызып келеді), үнемі істелетін кәсіби әрекетті де (сонда агроном болып істейді), сондай-ақ бұрын болмаған амалды да, келешекте болатын әрекетті де білдіре беретіні аян. Яғни етістіктің ауыспалы шағын жасайды.

Дегенмен, аталған сөйленістерде өткен шақта да айтылып қалатын кездері болады. Мысалы, әдеби тілдегі өткен шақ есімшеден кейін келіп, *айтқан шығармын, көрген шығармын* түрінде қолданылатын күрделі тұлға халық тілінде кейде *айтқам шығар, көргем шығар* болып жұмсалады. Бірақ, оның батыс сөйленістерінде өткен шақтан гөрі келер шақта айтылуы басым. Жалпы зерттеу нәтижесінде етістіктің күрделі тұлғаларына қатысты осындай негізгі төрт түрлі ерекшелік анықталды.

Т.Айдаров бұдан басқа Өзбекстанда тұратын қазақтар тілінде әдеби тілде кездеспейтін мына секілді сұраулы сөйлем түрлерін көрсетеді: Мұндай жағдайда үлкен кісіде *шыдам болады ма? Отар суға бармайды ма?* Мұндай сөйлемдердің баяндауышы әдеби тілде бола ма, бармай ма түрінде айтылып, етістіктің соңындағы -ды жіктік қосымшасы ма сұраулық демеулігі қосылғанда түсіп қалатыны белгілі. Мұндай грамматикалық форманың болымсыздық түрі

ма демеулігі тікелей етістік түбірге жалғанатын болғандықтан, үнемі көсемшенің *-й, -п* жұрнақтарымен ғана айтылады.

Егер сөйлемнің бастауышы тәуелденіп келсе, сөз болып отырған сұраулы сөйлемнің үш жақта да әрдайым үшінші жақ тұлғасында қолданылады. Мысалы:

*Менің шыдамым болады ма?*

*Сенің шыдамың болады ма?*

*Оның шыдамы болады ма?*

Өзбекстан қазақтарының тіліндегі бұл форма өзбек тілінде нақ жоғарыдағыдай көріністе айтылады: *келадими, келипдими* т.б. Сұраулы сөйлем жасаушы бұл күрделі тұлғаны қазақ сөйленістеріне өзбек тілінің тигізіп отырған әсері ретінде танымыз, себебі оның қазақ әдеби тілі мен өзге сөйленістерде кездеспеуі осыны дәлелдейді.

Сонымен, қазақ сөйленістеріндегі күрделі етістіктерге байланысты өзгешеліктер жіктік категориясына түрленуі кезінде байқалады. Күрделі компонент құрамындағы соңғы элемент өзгеріссіз қалып, жіктік жалғауларын негізгі элементтің қабылдауы ауызекі сөйлеу тіліне тән басты ерекшеліктердің бірі болып саналады. Олар әдеби тілдегі тұлғалармен қатар жарыса қолданылады.

Қорыта келе, қазақ сөйленістеріндегі етістіктің күрделі тұлғалары жалаң тұлғаларға қарағанда, кең таралмағандығын, сандық арақатынасы жағынан алып қарағанда, олардан әлдеқайда аз екендігін айтуға болады. Ол өзгешеліктердің сөйленістердегі қалыптасу тарихы да терең емес, көбіне көрші түркі тілдерінің ықпалымен пайда болған құбылыстар болып есептеледі.

### ***Бақылау тапсырмалары мен сұрақтары:***

1. *Шығар* сөзінің көмекшілігімен келетін тұлға қай сөйленістерге тән?
2. Көркем әдебиеттен аталған күрделі тұлғаға байланысты мысалдар теріңіз.
3. *Шығар* сөзімен келетін ерекшеліктерге мысал келтіріңіз?
4. Сіз тұратын аймақта осы күрделі тұлғалардың қайсысы қолданылады?

## Тест сұрақтары

**1. “Біздің жаққа келулі бәрің қашып, үш тағаннан қалың құм төрін асып”** деген сөйлемдегі ерекшелік туғызып тұрған тұлға

- A) келулі;
- B) қашып;
- C) асып;
- D) қалың;
- E) бәрің.

**2. Диалектілік -сыңыз,-сіңіз тұлғасы әдеби тілдегі қай тұлғамен сәйкес?**

- A) жіктік жалғаудың II жақ сыпайы түрі;
- B) көптік жалғауының II жағы;
- C) бұйрық райдың жұрнағы;
- D) тәуелдіктің II жағы;
- E) шартты райдан кейін келген ж.ж.II жағы.

**3. Маңғыстау сөйленісіне тән грамматикалық тұлғаны анықтаңыз**

- A) -сай,-сей;
- B) -тұғын,-түкін;
- C) -қын,-гін,-ғын,-кін;
- D) -қайы,-гейі,-ғайы,-кейі;
- E) -сыңыз,-сіңіз.

**4. Әдеби норманы анықтаңыз**

- A) барам шығар;
- B) барамын шығар;
- C) баратын шығармын;
- D) барам шығарым;
- E) барамын шығармын.

**5. Батыс сөйленістеріндегі -лы,-лі,(-алы,-елі) жұрнағы қандай мағынада жұмсалады?**

- A) қалау-тілек мағыналы етістіктің I ж. көпше түрін жасау үшін;
- B) мақсат есімше жұрнағы орнына;
- C) келер шақ есімше орнына;
- D) қалау-тілек мағыналы етістіктің IIIж. үшін;
- E) қалау райдың II ж. жасау үшін.

**6. -малы,-мелі,-палы,-пелі жұрнағы қай сөйленіске тән?**

- A) оңтүстік;
- B) солтүстік;
- C) Орынбор қазақтарының тілінде;
- D) Түрікменстан қазақтарының тілінде;
- E) Моңғолия қазақтарының тілінде.

**7. Қазақ сөйленістеріндегі бұйрық рай тұлғасын көрсетіңіз**

- A) -ың, -ің, -ң;
- B) -жақ, -шақ, -шек;
- C) -улы, -улі;
- D) -малы, -мелі, -палы, -пелі;
- E) -қайы, -гейі.

**8. Батыс сөйленістеріндегі қазіргі актив қолданыстағы тұлғны көрсетіңіз**

- A) -жақ;
- B) -улы, -улі;
- C) -ың, -ің, -ң;
- D) -малы, -мелі;
- E) -лы, -лі.

**9. Жұмсалы мақсатына қарай кейде заттық мағынаға ие болатын жұрнақ.**

- A) -сай, -сей;
- B) -ғын, -гін;
- C) - тұғын;
- D) -жақ;
- E) -улы, -улі.

**10. “Биыл осы айға қар жауып қалуы мүмкін” деген сөйлемде грамматикалық ерекшелік тудырып тұрған сөз**

- A) биыл;
- B) мүмкін;
- C) айға;
- D) осы;
- E) қалуы.

**11. Етістіктің -ғын, -гін, -қын, -кін тұлғасы қай сөйленіске тән?**

- A) орталық;
- B) батыс;
- C) шығыс;
- D) солтүстік;
- E) оңтүстік.

**12. -қы, -кі, -ғы, -гі жұрнағы арқылы жасалып тұрған диалектілік сөз**

- A) үзеңгі;
- B) тепкі;
- C) шапқы;
- D) шеккі;
- E) сүзгі.

**13. Сөйленістерде септік жалғауларының алмасып қолданылуы ерекшеліктің қай түріне жатады?**

- A) лексикалық;

- В) фонетикалық;
- С) морфологиялық;
- Д) синтаксистік;
- Е) сөзжасамдық.

**14. Изоглосса дегеніміз не?**

- А) лингвистикалық карта;
- В) лингвистикалық картада диалектілердің таралу шегін көрсететін сызық.
- С) тіл ерекшеліктерінің жиынтығы;
- Д) фонетикалық ерекшеліктердің таралу шегін көрсететін сызық;
- Е) лексикалық ерекшеліктердің шегін көрсететін сызық.

**15. Қазақ диалектологиясының дамуы қай жылдардан басталады?**

- А) 1930 ж. аяқ шенінен;
- В) 1950 ж. бас кезінен;
- С) 1970 жылдардан;
- Д) 1945 жылдан;
- Е) 1920 ж. аяқ шенінен.

**16. Қазақ тілінде диалектілік ерекшелік жоқ деп есептеген зерттеушілер**

- А) П.М. Мелиоранский, Н.Ильминский;
- В) М.Терентьев, Н.И. Ильминский;
- С) А. Старчевский;
- Д) В.В. Катаринский, Н.Ф. Катанов;
- Е) В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, А.М. Позднеев.

**17. Ең алғашқы диалектологиялық экспедиция қай жылы шығарылды?**

- А) 1937 ж;
- В) 1939 ж;
- С) 1940 ж;
- Д) 1943 ж;
- Е) 1956 ж.

**18. Алғашқы диалектологиялық экспедициялар қай аудандарға шығарылды?**

- А) Мақтаарал, Маңғыстау, Торғай;
- В) Кеген, Нарынқол, Мақтаарал, Нұра;
- С) Сарысу, Орда, Арал;
- Д) Түлкібас, Жуалы, Талдықорған;
- Е) Солтүстік Қазақстан.

**19. Қазақ диалектологиясы бойынша алғашқы кандидаттық диссертация қорғаған кім?**

- А) 1940 ж. Ж.Досқараев;
- В) 1948 ж. С.Аманжолов;

- C) 1956 ж. Н.Сауранбаев;
- D) 1959 ж. Ғ.Мұсабаев;
- E) 1976 ж. І.Кеңесбаев.

**20. 1948ж.С.Аманжолов қандай тақырыпта докторлық диссертация қорғады?**

- A) “Оңтүстік диалектісінің кейбір мәселелері” ;
- B) “Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері”;
- C) “Қазақ диалектологиясының негізгі проблемалары”;
- D) “Вопросы диалектологии и истории казахского языка”;
- E) “Диалекты в современном казахском языке”

**21. ССРО ҒА Тіл және әдебиет институтында қаз.тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттейтін бөлім қай жылы құрылды?**

- A) 1941 ж;
- B) 1942 ж;
- C) 1943 ж;
- D) 1944 ж;
- E) 1945 ж.

**22. “Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау бойынша сұраулық” қашан шықты?**

- A) 1956 ж;
- B) 1959 ж;
- C) 1955 ж;
- D) 1953 ж;
- E) 1952 ж.

**23. Алғашында қазақ тілі диалектісіз деп,бірақ кейін бар екенін мойындаған зерттеуші**

- A) П.М. Мелиоранский;
- B) Н.И. Ильминский;
- C) В.В. Катаринский;
- D) Н.Ф. Катанов;
- E) В.В. Радлов;

**24. Ең алғашқы диалектологиялық сөздік қай жылы, қандай атпен жарық көрді?**

- A) 2000 ж.”Қазақ диалектологиялық сөздігі”;
- B) 1969 ж.”Қазақ диалектологиялық сөздігі”;
- C) 1959 ж.”Вопросы диалектологии и истории казахского языка”;
- D) 1955 ж.”Қазақ тілінің жергілікті ерекшелігі”;
- E) 1996 ж.”Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі.”



**25. Қазақ тілінде 3 диалект (оңт.-батыс және солт.-шығ.)бар деп есептеген ғалым.**

- A) Н.Сауранбаев;
- B) Ғ.Мұсабаев;
- C) С.Аманжолов;
- D) Ж.Досқараев;
- E) І.Кеңесбаев.

**26. Н.Сауранбаев пен Ж.Досқараев қазақ сөйленістерін нешеге бөлді?**

- A) 3.
- B) 2.
- C) 4.
- D) 5.
- E) 6.

**27. Ғ.Мұсабаев қазақ сөйленістерін қалай жіктеді?**

- A) оңтүстік,батыс және солтүстік-шығыс;
- B) оңтүстік-шығыс, солтүстік-батыс;
- C) ауыспалы және жергілікті;
- D) оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс;
- E) оңтүстік-шығыс, солтүстік-батыс,орталық.

**28. Соңғы жарық көрген диалектологиялық сөздік неше томдық?**

- A) I.
- B) II
- C) III
- D) IV
- E) V

**29. Түрікменстан қазақтарының тілін зерттеген диалектолог**

- A) Ә.Нұрмағанбетов;
- B) О.Нақысбеков;
- C) С.Омарбеков;
- D) Ш.Сарыбаев;
- E) Н.Жүнісов.

**30. Маңғыстау сөйленісін зерттеген диалектолог**

- A) Ғ.Қалиев;
- B) Ғ.Мұсабаев;
- C) Ж.Болатов;
- D) Ш.Сарыбаев;
- E) С.Омарбеков.

**31. Оңтүстік сөйленісін зерттеушілер**

- A) Ә.Нұрмағанбетов, Н.Жүнісов;
- B) Ж.Болатов, Б. Бекетов;
- C) С.Омарбеков, Н.Жүнісов;
- D) О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев;
- E) Ш.Бектұров, Т. Айдаров.

**32. Тума элементтер дегеніміз не?**

- A) сөйленістердегі көне тайпа тілінің қалдығы;
- B) басқа тілдерден енген сөздер;
- C) тілдің дамуы барысында кейін пайда болған сөздер;
- D) сөйленістердегі қолданыстан шығып қалған сөздер;
- E) сөйленістердегі жаңа сөздер

**33. Кірме элементтер дегеніміз не?**

- A) сөйлемдегі көне тайпа тілінің қалдығы;
- B) басқа тілдерден енген сөздер;
- C) тілдің дамуы барысында кейін пайда болған сөздер;
- D) сөйленістердегі қолданыстан шығып қалған сөздер;
- E) сөйлемдегі жаңа сөздер

**34. Қызылорда говорын зерттеген диалектолог**

- A) Ә.Нұрмағанбетов;
- B) А.Тасымов;
- C) Ж.Болатов;
- D) Б.Бекетов, Н.Жүнісов;
- E) Ш.Бектұров.

**35. Монғолияда тұратын қазақтар тілін зерттеген ғалым**

- A) Ә.Нұрмағанбетов;
- B) Б.Базылхан;
- C) Ж.Болатов;
- D) Б.Өтебеков;
- E) Ш.Бектұров.

**36. Диалектілік күрделі форманы көрсетіңіз**

- A) Мен сені кеше көрдім емес пе?
- B) Ол «Абай жолын» мектепте жүргенде-ақ оқығандығын.
- C) Тезірек кірсей.
- D) Сен қаладан кеше келген екенсің ғой.
- E) Ұйқысы қатты, тұратын емес.

**37. Бұрынғы өткен шақ мағынасында жұмсалатын жұрнақ.**

- A) -жақ, -шақ;
- B) -улы, -улі;

- C) -сыңыз, -сіңіз;
- D) -ғын, -гін;
- E) -ың, -ің.

**38. Қалау-тілек мағыналы етістіктің I ж. көпше түрін жасау үшін жұмсалатын диалектілік жұрнақ**

- A) -лы, -лі (-алы, -елі);
- B) -ғын, -гін;
- C) -ың, -ің;
- D) -сай, -сей;
- E) -тұғын, -түкін.

**39. Берілген мысалдардан грамматикалық ерекшелікті көрсетіңіз**

- A) Ет пысты ғой.
- B) Ол өлеңді қиын соғады.
- C) Құдағай, шайлаңыз.
- D) Өзім балық аулағайы «Жаңа тұрмыс» колхозында тұрамын.
- E) Анадар үйге кіріп кетті ме?

**40. Қимыл-әрекетті білдіріп тұрған сөздер.**

- A) ища, апалас-топалас;
- B) сандалау, ымбалау;
- C) абың-гүбің, ақи-тақи;
- D) жарын, шанда;
- E) сиықты, әмбі.

**41. -сай,-сей жұрнағы қандай грамматикалық мағына береді?**

- A) бұйрық райдың 2-жағы;
- B) жіктік жалғауының 1-жағы
- C) тәуелдік жалғаудың 2-жақ сыпайы түрі;
- D) көптік жалғауы, септік жалғауы;
- E) септік жалғауы.

**42. –ғын,-гін, -қын, -кін қандай грамматикалық мағынаны білдіреді?**

- A) қалау райдың II ж.;
- B) бұйрық райдың IIж.;
- C) жіктік жалғауының IIж.;
- D) тәуелдік жалғауының IIж.;
- E) септік жалғауы.

**43. Көмектес септіктің жалғауы**

- A) -қайы, -кейі, -ғайы, -гейі;
- B) –мынан, –бынан, –пынан, -ман, -бан, -пан;
- C) -сыңыз, -сіңіз;
- D) -ың, -ің, -ң;
- E) -сай, сей.

**44. Жіктік жалғауының 2-жақ сыпайы түрі**

- A) -қайы, -кейі, -ғайы, -гейі;
- B) -мынан, -бынан, -пынан, -ман, -бан, -пан;
- C) -сыңыз, -сіңіз;
- D) -ың, -ің, -ң;
- E) -сай, сей.

**45. Әдеби норманы анықтаңыз**

- A) барғым бар;
- B) барғым келеді;
- C) барғым келем;
- D) барғым жоқ;
- E) бармағым жоқ

**ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ**

Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауабы	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауабы	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауабы
1	A	16	D	31	D
2	A	17	A	32	A
3	E	18	B	33	B
4	E	19	D	34	D
5	A	20	B	35	B
6	D	21	A	36	A
7	A	22	B	37	B
8	C	23	A	38	A
9	D	24	D	39	D
10	D	25	B	40	B
11	E	26	A	41	A
12	D	27	B	42	B
13	D	28	B	43	B
14	B	29	D	44	D
15	A	30	B	45	B

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Шапиро А. Б. Очерки по синтаксису русского народного говора. -Москва, 1953.
- 2 Борибаев А. Языковые особенности урдинских казахов. Автореферат дисс.канд. фил.наук. 10.02.06. -Алма-Ата: Институт языкознания, институт литературы и искусства имени М. О.Ауэзова, 1966.-24 с
- 3 Рустамов Р. А. Глагол в диалектах и говорах азербайджанского языка. Автореферат дисс.доктора фил.наук. -Баку: Азгоуниверситет им. С.М.Кирова, 1964.-91 с.
- 4 Қарашева Н. «Айқап» журналының тіл ерекшеліктері жайында // ҚазССРҒА Хабаршысы, 1959,№10.
- 5 Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. - Алматы, 1951.
- 6 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. II, ч. I. -Москва, 1952.-544 с.
- 7 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. -М.-Л., 1956.-216 с.
- 8 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. -Алматы, 2004. -360 б.
- 9 Дмитриев Н. К. Грамматика кумыкского языка. -М.-Л., 1940.
- 10 Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. -М.-Л., 1940.-272 с.
- 11 Гурбанов А.А., Күрраев Н. Түркмен грамматикасы. I Бөлім.-Ашгабат, 1956.
- 12 Хозирги замон узбек тили. -Тошкент, 1957.
- 13 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.-Алматы: Қазақ университеті, 1992.-192 б.
- 14 Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. - Алматы: Ғылым, 1965.-155 б.
- 15 Юсупов Ф.Ю. Изучение татарского глагола. Казань, 1986.-287 с.
- 16 Курышжанов А. «ал-Каванин...» как один из источников исторической диалектологии казахского языка. VIII регион. конф. по диалектологии тюркских языков. Маловские чтения. -Алма-Ата, 1973.
- 17 Кононов Н.А. Тюркские этимологии. Уч. Зап. ЛГУ. №179. Серия востоковедческих наук, 1954, вып.4. История филологии стран востока.
- 18 Мусабаев Г.Г. Историческая диалектология казахского языка // VIII регион. Конф. По диалектологии тюркских языков. -Алма-Ата, 1973.
- 19 Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия.- Казань, 1861.
- 20 Denu J. Grammaire de la langue turque ( dialecte osmani ). -Paris, 1921.
- 21 Севортян Э. В. Категория сказуемости // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. II. Морфология. -Москва, 1956.
- 22 Тасымов А. Туған тілдің бір бұтағы. -Алматы, 1995.-104 б.
- 23 Махмуд Қошғарий. Девану луғотин турк. Уч томлик. III том. -Тошкент, 1963
- 24 Юсупов. Ф. Ю. Неличные формы глагола в диалектах татарского языка. -Казань. 1985.-320 с.
- 25 Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. -Казан, 1953.

- 26 Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері (Қарақалпақстандағы қазақ говоры материалдары негізінде). -Алматы, 1981. -136 б.
- 27 Сауранбаев Н. Т. Қазақ тілінің проблемалары. -Алматы, 1982. -266 б.
- 28 Дүйсембекова Л. С. Функционально-семантический аспект повелительно-наклонение в казахском языке. Автореферат дисс...канд. фил.наук. -Алматы, 1993. -21 с.
- 29 Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. - Алматы, 1993. -21 б.
- 30 Аманжолов С, Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алматы: Санат, 1997. -608 б.
- 31 Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. -Алматы, 1982. - 168 б.
- 32 Ахметов М.А. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников. Саратов, 1978. -131 с.
- 33 Әбілхасымов Б. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. - Алматы, 2001. -246 б.
- 34 Насилов В. М. Грамматика уйгурского языка. -Москва, 1940.
- 35 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының грамматикасы. -Алматы, 1986.
- 36 Бекетов Б. ҚарАССР-ның оңтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тіліндегі етістікке байланысты ерекшеліктер // Қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктері. –Алматы, 1990. -173-179 б.
- 37 Ширалиев М. Ш. Диалектологический атлас азербайджанского языка // Вопросы диалектологии тюркских языков. –Казань, 1960.
- 38 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. -448 б.
- 39 Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. -М.-Л., 1948.
- 40 Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. -Алматы, 1975.
- 41 Доскараев Ж. Кратки очерк о южном диалекте казахского языка // Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1946, вып.4(29).-С.58-59
- 42 Омарбеков С. Етістіктің кейбір грамматикалық формалары жөнінде // ҚР ҒА Хабарлары, 1959, №7 (172).
- 43 Өтебеков Б. Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Фил.ғыл.канд.дисс...афторефераты. -Алматы, 1998. -31 б.
- 44 Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. -М.-Л. Изд. АН СССР, 1962. -197 с.
- 45 Кононов А. Н. Родословная туркмен // Сочинение Абу-л-гази хана хивинского. –М.-Л., 1958.
- 46 Щербак А.М. Грамматический очерк тюркских текстов X-XIII в.в. из Восточного туркестана. –М.-Л., 1981. -123 с.
- 47 Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VIII-IX вв. –Л., 1980.
- 48 Сманова Б. Л. XII-XIV ғ.ғ. әдеби жазба ескерткіштеріндегі рай категориясы. Фил. Ғыл. Канд. Дисс... қолжазбасы. -Алматы, 2002.-121 б.
- 49 Щербак А.М. Огуз-наме; Мухаббат-наме. -Москва, 1959
- 50 Махмуд Кошғарий. Девону луғотит турк. Уч томлик. II том. -Тошкент, 1961

- 51 Құдасов С.Ж. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. -Алматы, 1990. -3-16 б.
- 52 Котвич В. Исследование по алтайским языком . -Москва, 1962
- 53 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. -Алматы, 1988. -264 б.
- 54 Батманов И. А. Грамматика киргизского языка. -Фрунзе, 1940
- 55 Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском яшыке. -Москва: Наука, 1996. -438 б.
- 56 Оразов М. Сөз теориясы. Ташкент,1985
- 57 Дыйканов К. Д. Құдайбергенов С. Кыргыз тилинин морфологиясы. - Фрунше, 1957.
- 58 Кайдаров А. Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. - Алма-Ата, 1969
- 59 Тумашева Д.Г. Восточный диалект татарского языка и его отношение к татарскому литературному языку и другим его диалектом // Вопросы диалектологии тюркских языков .-Казан, 1960,-С.45-52
- 60 Ходжаев Т. Повелительное наклонение в современном узбекском языке. Автореферат дисс...канд. фил.наук. - Самарканд, 1963
- 61 Вопросы диалектологии тюркских языков. Казан. 19607-С.174-177.
- 62 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. -Алматы. 1968.-332 б.
- 63 Ибатов Ә. Оңтүстік қазақтарының тіліндегі бір-екі ерекшелік Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. -Алматы, 1973. -161-163 б.
- 64 Жүсіпов Б. Түркістан тұрғындарының тілінің ерекшеліктері. Канд. дис. қолжазбасы. -Алматы, 2004. -146 б.
- 65 Қалиев Ғ. Қазақ диалектологиясының мәселелрі. -Алматы, 1983
- 66 Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. -Алматы, 1983
- 67 Бектұров Ш. Қазақ тілінің Қызылорда говоры. фил. ғыл. канд. дисс.. қолжазбасы. Алматы,1968,226б.
- 68 Калиев Г. Некоторые особенности аральского говора казахского языка.Автореферат дисс.. канд.фил.наук. -Алма-Ата,1954. -17с.
- 69 Базылхан Б. Монғолия қазақтарының тілі.-Уланбатыр-Өлгий, 1991. -206 б.
- 70 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -Алматы, 1991. -386 б.
- 71 Маманов И.Е. Қазақ тілі. -Алматы,1966. -152 б.
- 72 Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. Алматы, 2002. -303 б.
- 73 Нұрмағанбетов Ә. Түрікменстан қазақтарының тілі. -Алматы,1974. -166 б.
- 74 Жұбанов Е. Кейбір грамматикалық тұлғалардың халық поэзиясындағы қолданыс ерекшеліктері. Қазақ тілі бойынша грамматикалық зерттеулер. - Алматы.1975. -133-123 б.
- 75 Серебренников Б. А. О. Происхождении некоторых аффиксов в тюркских языках Советская тюркология. 1982. №4
- 76 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі . -Алматы, 1993. -191 б.
- 77 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. -Алматы, 1978. - 216 Б.
- 78 Сауранбаев Н. Диалекты в современном казахском языке //Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері. -Алматы, 2000. -400 б.

- 79 Сарыбаев Ш. Ш. Состояние изучение казахских говоров // Развитие казахского советского языкознания. - Алматы, 1980. - С.108-121.
- 80 Наджип Э. Н. Современный уйгурский язык. - Москва, 1960
- 81 Бакинова Г. Кыргыз тилинин ош говору. - Фрунзе, 1960.
- 82 Гуломов Х. Узбек тилинин Жиззах шеvasи Узбек диалектоогоиясидан материалдар. - Тошкент, 1957.
- 83 Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. - Алматы: Санат, 2002. - 616 б.
- 84 Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка, ч I. СПб., 1894.
- 85 Нұрмағамбетов Ә. Түрікменстан қазақтары тіліндегі етістік тұлғаларына байланысты кейбір ерекшеліктер. ҚР ҒА Хабарламалары. 1964, 4-шығуы.
- 86 Гаджиева Н. З. Основные пути историческое развитие синтаксической структуры тюркских языков. - Москва, 1973.
- 87 Тенишев Э. Р. Указатель грамматических форм к «Дивану тюркских языков» // Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері. - Алма-Ата, 1963.
- 88 Болатов Ж. Қытайдан келген қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. - Алматы, 1990. - 38-51б.
- 89 Юлдашев А. А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. - Москва, 1965. - 275.
- 90 Досқараев Ж. Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарындағы қазақтардың тіл ерекшеліктері // Досқараев Ж. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. 1-бөлім. - Алматы, 1951. - 28-82 б.б.
- 91 Михайлов М. С. О. Форме на -(y) ası в турецком языке Вопросы языка и литературы стран Востока. - Москва, 1958. - С.141-154.
- 92 Ашмарин Н. И. Общий обзор народных тюркских говоров гор. Нухи. - Баку, 1926.
- 93 Дәмирчизадә Ә. М. «Китаби-Дәдә Горгуд» дастанларының дили. - Баку, 1959.
- 94 Боржаков А. Имя действия на -асы, -еси в туркменском языке. Известие АН Туркменской ССР. Серия общественных наук. - Ашхабад, 1970. №1. - С.7-17.
- 95 Андрев И. А. Причастие в чувашском языке. - Чебоксары: Чуваш, 1961.
- 96 Грамматика современного башкирского литературного языке. - Москва: Наука, 1981.
- 97 Ибатов А. Құдайберген Жұбанов және тарихи морфология мәселелері Қазақ тілі бойынша грамматикалық зерттеулер. А: 1975. 87-96-б.
- 98 Хожиев А. Узбек тилида етмоқ, турмоқ, юрмоқ, утирмоқ фьллари Сб. Научных трудов САГУ, IY. - Ташкент, 1958.
- 99 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. - Алматы: Мектеп, 1988. - 136 б.
- 100 Абдувалиев Ю. Фонетико-морфологические особенности ташкентского говора казахского языка. Автореферат дисс... канд. фил. Наук. - Алма-Ата, 1967. - 18 б.
- 101 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. - Алматы, 2000. - 624 б.
- 102 Гаджиева Н. З. Сербренников Б. А. Происхождение аффиксов с модальным значением в тюркских языках // Советская тюркология. 1974, №1. - С.3-12.



- 103 Ибатов А. Етістік түбірлі туынды сөздер жасайтын *-қы, -ғы, -кі, -гі* аффиксінің тарихи қалыптасу іздері // Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. -Алматы, 1975. -106-112 б.
- 104 Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. -Алматы, 1975. -176 б.
- 105 Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. -Алматы, 1996.
- 106 Бекетов Б. Казахский говор Южной Каркалпакии. Автореферат дисс... канд. фил. наук. -Алма-Ата, 1969. -30 с.
- 107 Айдаров Т. Лингвистикалық география. Өзбекстан қазақ говорларының лексикасы. -Алматы, 1977. -144 б.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
<b>I ТАРАУ. ЕТІСТІКТІҢ ЖАЛАҢ ТҰЛҒАЛАРЫ</b>	
§ 1.Етістіктің -жақ қосымшалы тұлғасы.....	5
§ 2. Етістіктің -улы(-улі) қосымшалы тұлғасы.....	11
§ 3.Етістіктің -ың,(-ің) қосымшалы тұлғасы.....	17
§ 4.Етістіктің -сыңыз, -сіңіз қосымшалы тұлғасы.....	23
§ 5.Етістіктің -ғын (-гін,-қын,-кін) қосымшалы тұлғасы.....	27
§ 6.Етістіктің -сай,-сей (-шайшы,-шейшы,-сайшы,-сейші) қосымшалы тұлғасы.....	33
§ 7.Етістіктің -тым (-тім, -тық, -тік) қосымшалы тұлғасы.....	40
§ 8.Етістіктің -ық қосымшалы тұлғасы.....	43
§ 9.Етістіктің -лы, -лі(-алы, -елі, -лық, -лік) қосымшалы тұлғасы.....	46
§ 10.Етістіктің -малы, -мелі қосымшалы тұлғасы.....	52
§ 11.Етістіктің -тұғын қосымшалы тұлғасы.....	55
§ 12.Етістіктің -сы, -сі (-асы, -есі) қосымшалы тұлғасы.....	60
§ 13.Етістіктің -қайы, -кейі қосымшалы тұлғасы.....	64
§ 14.Етістіктің сирек қолданылатын тұлғалары.....	66
§ 15.Етіс тұлғалары.....	72
<b>II ТАРАУ. ЕТІСТІКТІҢ КҮРДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРЫ</b>	
§ 16.Бар, жоқ сөздерінің көмекшілігімен келетін тұлғалар.....	79
§ 17.Е етістігі көмекші болып келетін тұлғалар.....	82
§ 18. -п қосымшалы көмекші етістікпен келген тұлғаның осы шақ мағынасында жұмсалуды.....	88
§ 19.Шығар шылауы көмекші болып келетін тұлғалар.....	90
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	93
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	101

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 107 бет 8,9 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а